Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Ақбаева Шолпан Әбілғазықызы**
**Сүлеев Ұлықбек Мырзабекұлы**
**Хабамбаев Азамат Ерғалиұлы**

# Бейнелеу өнері

## Әдістемелік нұсқау

**Бастауыш білім беру деңгейінің 2-сынып мұғалімдеріне арналған**

**АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ**

**2023**



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**QR кодты қолдану бойынша нұсқаулық**

**Құрметті ұстаз!**

«Бейнелеу өнері» пәнінің мазмұнында қолданылатын бейнелі-анимациялық түсіндірме оқу материалдарын QR код арқылы компьютеріңізге жүктеп алуыңызға болады.

Ол үшін:

1. Смартфон немесе планшет камерасын QR кодқа бағыттаңыз.
2. Сілтеме пайда болғанша күтіңіз.
3. Көрнекі ресурсқа өту үшін «ОК»-ді басыңыз.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

# Кіріспе

Әдістемелік нұсқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген және 2-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» пәні бойынша сабақ беретін мұғалімдерге арналған.

Оқушылардың эстетикалық дүниетанымы мен сезімдік әлемін дамытуда, құбылыстарды көркем бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, бейнелеу дағдыларын меңгертуде бейнелеу өнерінің маңызы зор. Айналадағы әлемнің барлық байлығы мен алуантүрлілігін байқататын көркем бейнелерді (көріністерді, бейнелерді) көрнекі түрде көрсетуге, оларға шындықты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бейнелеу әрекеті оқушылардың интеллектуалдық және эстетикалық дамуына ықпал етеді, заттардың табиғаты мен пішінін, түсі мен материалын, табиғаттың біртұтастығы мен сұлулығын сезінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар осы сезімдерді бейнелер арқылы көрсетуге мүмкіндік береді.

Бейнелеу өнері сабақтары есте сақтауды, қоршаған орта мен кеңістікті сезінуді, сонымен қатар оқушылардың елестете алу қабілетін дамытады. Бұл сабақтар оқушыларды кеңістікті, пішін мен өлшемді сенсорлық қабылдауға, бейнелі және логикалық ойлауға, осы ойларды көрнекі бейнелерде бейнелеуге ынталандырады. «Бейнелеу өнері» пәні оқушыларды қазақстандық және әлемдік классикалық өнердің өкілдерімен таныстырады, қоршаған орта туралы ой-өрісін кеңейтеді, рухани дүниесін байытады.

Пәннің мақсаты – эстетикалық көзқарасы, рухани дүниесі, көркемдік талғамы мен шығармашылық қиялы бай, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, өнер туындыларын түсініп, бағалай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

2-сыныптағы оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды. Ұсынылған әдістемелік нұсқау мұғалімге жеке, жұптық, топтық жұмысты ұйымдастыруға барынша әдістемелік қолдау көрсетеді, шығармашылық идеяны көрсету мүмкіндігін есепке ала отырып құрастырылды.

Әдістемелік нұсқауда қарастырылған оқыту әдістері процесті тиімді ұйымдастырудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Көрсетілген дағдыларды дамытудың ең шынайы жолы – интерактивті оқыту әдістерін ұйымдастыру, интерактивті оқытуға негізделген оқушылардың психикалық әрекеті және олардың басқа қатысушылармен өзара әрекеттесуін қамтитын оқу процесі. Әдістемелік нұсқау мазмұны оқушылардың логикалық, сыни, шығармашылық қабілеттерін дамытады, іскерлік ортаға жағдай жасайды және ынтымақтастық үшін оқытудың интерактивті әдістерін қолдануға ықпал етеді.

Әдістемелік нұсқау сабақтарды жоспарлау және өткізу бойынша ұсыныстарды қамтиды, онда әр сабақтың мақсаты мен міндеттері тұжырымдалады, жұмыс әдістері мен күтілетін нәтижелер сипатталады, қажетті қосымша материалдар тізімі берілген.

Бұл әдістемелік нұсқау жалпы білім беретін оқу орындарының үлгілік оқу бағдарламалары бойынша оқыту үдерісінде ұлттық мәдени, өнер дәстүрлерін тасымалдаушы ретінде толерантты тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуде «Бейнелеу өнері» пәнінің мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында әзірленген болатын.

«Бейнелеу өнері» пәні көбінесе өскелең ұрпақты оқыту және тәрбиелеу үдерісінде ерекше пән болып табылады. Дегенмен бұл пәннің оқушыларды тәрбиелеудегі мүмкіндіктері тұрақты түрде кеңейіп келеді.

Бейнелеу өнері визуалды қабылдануымен байланысты жазықтықта немесе кеңістікте орындалады. Жалпы білім беретін мектептердің дамуының қазіргі кезеңінде оқушыларға көркемдік тәрбие мен эстетикалық тәрбие беру ісін айтарлықтай жетілдіру маңызды бағыт болып табылады. Өнер туындыларын, тарих және сәулет ескерткіштерін, туған табиғаттың әсемдігі мен байлығын түсініп, бағалай білуге, туған өлкенің мәдени құндылығын



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

қастерлей білуге тәрбиелеу қажет. Бұл мақсаттарға әрбір пәннің, әсіресе танымдық, тәрбиелік күші зор әдебиет, музыка, бейнелеу өнерінің мүмкіндіктерін пайдаланған абзал.

Бейнелеу өнері сабақтарының балалардың психикалық дамуы үшін маңызы зор. Оқушының психикалық дамуы бейнелеу әрекетінде өзінің тәжірибелерін, сезімдерін, затпен әрекеттесуден алған әсерлерін жеткізуімен анықталады. Балаларда белгілі бір қаһарман бейнесін жасау барысында бұрын алған білімдері нақтыланып, бекітіледі. Жұмыс үшін олар қиялды, есте сақтауды, ойлауды, тәжірибені байланыстырады.

Мектеп оқушыларына көркемдік және эстетикалық тәрбие беру ісінде бейнелеу өнеріндегі ең қарапайым дағдыларды меңгерту көзделеді. Шығармаларды өз бетінше құрастыру, өткен және қазіргі атақты суретшілердің шығармашылық мұраларымен таныстыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және қалыптастыру міндеттері қойылады. Бұл үшін көркемдік-эстетикалық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер мен сыныптар да бар.

Кіші жастағы оқушыларға арналған сабақтарды тақырыптық бағытты ескере отырып, тақырып бойынша жоспарлау жаңа түсінікке және пәндік байланысқа ықпал етеді. Оның мәні бейнелеу өнеріндегі оқу-тәрбие процесінің мақсаттары мен міндеттерінің бірлігін көре білуінде жатыр.

Негізгі оқу және тәрбиелік міндеттер: оқушыларға идеялық-саяси, адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбие беруді жүзеге асыру; оқушыларды шынайы сурет салудың қарапайым негіздері туралы біліммен қаруландыру; олардың сурет салу дағдыларын, есте сақтауын, елестете алу дағдыларын дамыту, халықтық және сәндік-қолданбалы өнер саласындағы туындылардың ерекшеліктерімен таныстыру; балалардың қабілетін, көркемдік талғамын, шығармашылық қиялын, эстетикалық сезімін және сұлулықты түсінуін дамыту; өнерге деген қызығушылықтары мен сүйіспеншіліктерін арттыру;
әртүрлі дәуірлер мен халықтардың бейнелеу өнері мен сәулет өнерінің көрнекті туындыларымен таныстыру.

Әдістемелік нұсқау Қазақстан Республикасының жалпы білім беру тұжырымдамасы негізінде дайындалып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған. Мазмұны қарапайымнан күрделіге өту принципі бойынша құрылған, білім деңгейіне сәйкес келетін тақырыптарға негізделген оқушылардың ғажайып және қызықты өнер әлемін қабылдауы жан-жақты қамтылған. Оқушылар пән мұғалімдерінің көмегімен белгілі сатыларға көтеріле отырып, бейнелеу өнерінің рөлін, оның бейнелеу іс-әрекеттерін, көркемдік образдық шешімдердің шынайы көрінісін түсіне бастайды. Бастауыш сыныптарда «Бейнелеу өнері» пәнінің мәні баланың жалпы көркем шығармашылық ойлауын дамыту болып табылады.

Мұғалімге арналған нұсқаулық «Бейнелеу өнері» сабағын жүргізуге арналған қөмекші құрал болып табылады. Нұсқаулық еңбек жолын жаңа бастаған жас маманға да, тәжірибелі ұстазға да аталған пәнді жүргізуге әдістемелік тұрғыдан жан-жақты көмек көрсете алатынымен ерекшеленеді. Нұсқаулықтың тағы да бір ерекшелігі – мұғалімге белігілі бір сабаққа немесе нақты бір жағдайларға байланысты қандай да бір технологияларды, әдіс-тәсілдерді, материалдарды таңдауға мүмкіндік береді. Нұсқаулықтағы сабақтар пәндік, метапәндік байланыстарды етене ұстанып, кіріктірілген білім беру бағдарламасына негізделіп, нақты сабаққа бейімделген оқу мақсатынан басталады. Ал сабақ мақсатында оқушылар сабақ барысында білуге, түсінуге және орындай білуге тиісті мақсаттар сипатталады.

Бұл әдістемелік нұсқаулық бастауыш мектептегі «Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу бағдарламасының негізінде әзірленген. Бастауыш мектепте оқытылатын пәндер арасында «Бейнелеу өнері» пәнінің орны ерекше. Өйткені ол жеке адамның ойы мен сезімін білдіретін, шығармашылық қабілетін дамытатын, көркемдік талғамы мен дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыратын негізгі құрал болып табылады. Аталған пән сондай-ақ адамның табиғатпен қарым-қатынасын білдіріп, қоршаған ортаны әртүрлі көзқарас тұрғысынан қабылдауға үйретеді. Жеке тұлғаның танымдық, шығармашылық және тәжірибелік дағдыларын дамытады. Аталған пән оқушыларға бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларын ажыратуға, тануға, талдауға және зерттеуге дағдыландырады. Көркемдік-шығармашылық іс-әрекет және өнер туындыларын көрнекі қабылдау, қоршаған әлемді эстетикалық тұрғыдан бақылау ретінде қарастырылады.

Оқушылардың шығармашылық жұмысы оқушылардың бейнелік-кеңістіктік ойлауын эмоционалды-құндылық, дүниені эстетикалық тану түрі, мәдениеттің көркемдік-адамгершілік кеңістігінде өзін-өзі көрсету және бағдарлау формасы ретінде дамытады.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

«Бейнелеу өнері» пәнінің оқу бағдарламасына сай оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуге қабілетті, ынталы, қызығушылығы жоғары, өздеріне сенімді, жауапкершілігі мол және жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз ету қағидаттары басшылыққа алынған. Пән мұғалімдеріне әртүрлі стратегияларды қолдана отырып, оқушылардың бойында төмендегідей қасиеттерді қалыптастыру міндеті жүктелген:

- мұқият таңдалып алынған тапсырмалар мен іс-әрекеттер арқылы ынталандыра және дамыта оқыту;
- оқушыларға түсінікті материалдар негізінде мәселелерді шешу стартегиясын жүзеге асыру;
- объективті бағалау арқылы оқушылардың білім алуын ынталандыру;
- оқытудың зерттеу әдісіне негізделген белсенді түрін жандандыру;
- оқушылардың сыни тұрғыда ойлау дағдысын дамыту;
- оқушылардың пікіріне құлақ аса білу және олардың дамуы үшін бұрынғы білетіндерін пайдалана білудің маңыздылығын түсіндіру.

Әдістемелік нұсқаулық сабақтың барлық кезеңін есепке ала отырып, қамтамасыз етеді және төмендегі критерийлерді қамтиды:

✓ Өткізілетін сабақтың мақсаттарын талқылау үшін немесе мәселені жою және алдын ала талқылау үшін тапсырмалар мен сұрақтар;
✓ Оқушылар жеке, жұптық, топтық тәжірибе жүргізу жұмыстарын орындау ұсыныстары бойынша;
✓ Нақты бекітілген тақырыптар бойынша тапсырмалар;
✓ Алған білімдерін талдау мақсатына арналған тапсырмалар;
✓ Өзін-өзі тексеруге немесе өзара тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

Әдістемелік нұсқау мазмұны оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп, материалдар ұсынылды, эстетикалық және көркемдік білім беру дәйекті және жүйелі түрде білімді ұсыну мен көркемдік іс-әрекет дағдыларын үйретуге негізделген.

«Бейнелеу өнері» пәнінің нысаны ол көркемдік білім беру аумағындағы білім алушы және мектеп болып табылады. Білім алушыларды Қазақстан мен бүкіл әлемнің рухани және материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде бейнелеу өнері әлеміне тарту, олардың тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың тиімді құралы болып табылады.

«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың *міндеттері:*

- практикалық тәжірибені байыту, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан халқының мәдениеті мен басқа елдердің мәдениетін құрметтеу;
- бейнелеу өнеріне деген қызығушылық пен әсемдік сезімін тәрбиелеу;
- шығармашылық жұмыстарда қоршаған әлемге өзінің көзқарасын білдіру, қабілетін дамыту;
- сурет, кескіндеме, композиция, мүсін арқылы бейнелеу сауаты негіздерімен танысу.

Оқушыларды жастайынан классикалық бейнелеуге баулу мұғалімдер мен ата-аналар үшін өте маңызды қадам деп санауға болады. Өйткені бұл – оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудың маңызды факторларының бірі. Өнердің классикалық бейнелері дүниетанымның тұтастығын қамтамасыз етеді. Оқушылардың бұл суреттерді ұмытпауын қамтамасыз ету өте маңызды. Олар қазақ халқының ұлттық өнеріне деген терең мақтаныш сезімімен балалар үшін қайта ашылуы керек. Мұғалім бұл тамаша суреттердің балалардың жадында жоғалып кетпей, өз заманының адамдары үшін болғандай жаңалық ретінде тәжірибеден өтуіне және балаға олардың мақтанышпен айтылған сөздері ретінде түсініп, туған мәдениетінің сұлулығын сезінуіне тырысуы керек.

Бұл сезімдер оқушы бойында табиғи түрде бірте-бірте қалыптасады. Бірақ бірден көптеген жұмысты қарастыру ұсынылмайды. Ең бастысы, балаларды олардағы көңіл күйді сезінуге үйрету. Суретті қарастырған кезде автордың аты-жөнін, шығарманың атауын қайталаған жөн. Егер мұражайлар мен көрмелерде оқушылар жай ғана бақылаушы болса, сыныпта олар суретшілердің шығармашылығы жөнінде жан-жақты білім алады. Сабақ басталар алдында немесе соңында сыныпта оқушылар жұмыстарының көрмесін ұйымдастырған жөн. Балалар өз жұмыстарынан рухани ләззат алады, ата-



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

аналарымен, сыныптастарымен қуаныштарын және жетістіктерін бөліседі. Мұғалімнің жасаған ортасы оқушылардың өздерін нағыз суретші ретінде сезінуге әрі рухани азық пен шексіз ләззат алуға мүмкіндік береді.

Қысқамерзімді жоспарлауда топтардың жұмысын бағалау үшін әртүрлі формалар ұсынылған:

- Мұғалімнің әр топты бағалауы;
- Мұғалімнің кейбір оқушылардың іс-әрекетін бағалауы;
- Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау.

Қысқамерзімді жоспарлауда ұсынылған тақырыптар тек бейнелеу дағдыларын дамыту ғана емес, сонымен қатар құрастыру, модельдеу, материалдардың қасиеттерін зерттеу, ақпарат көздерімен жұмыс істеу, ойлау, қол еңбегін дамыту мақсатына бағытталған. Ұсынылған тапсырмалар ұлттық өнеріміз бен шетелдік өнер туындылары бойынша нақты өмірмен байланысты. Басқа сабақтармен байланысы сабақ тақырыбын толық ашуға көмектеседі.

Бағалау жүйесі – оқу процесінің маңызды кезеңдерінің бірі. Ол әр пән бойынша оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінде жүзеге асырылады және оқушыларда психологиялық жағымсыз эмоциялар тудырмауы қажет. Сонымен қатар бейнелеу өнері сабағынан алған білімдері мен дағдыларын бағалау кезінде шығармашылыққа, жоғары эстетикалық талғамға, үздіксіз өсуге ұмтылуға, жалпы адамзаттық, рухани құндылықтарға ынталандыратын жағымды эмоциялар ғана туындауы керек. Бұл үдерісте пән мұғалімі оқушының қателігіне емес, оның жетістіктеріне, сапалық көрсеткіштеріне, жеке құзыреттілігіне және құндылықтарына баса назар аударуы керек. Мұғалім оларды оқу үдерісіндегі кез келген мәселені шешудің оңтайлы жолын табуға ынталандыруы керек. Әдістемелік нұсқау бастауыш мектептің 2-сынып бойынша пән мұғалімдеріне, қосымша көркем білім беру сатысының мұғалімдеріне және сабақтан тыс жұмыстарды жоспарлап, ұйымдастыру үшін жасақталған.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Бейнелеу өнері. 2-сынып. Ұзақмерзімді жоспар**

**Апталық жүктеме 1 сағат, жылдық жүктеме 36 сағат**

| **Блоктар** | **Бөлімдер** | **Тақырыптар/мазмұны** | **Оқу мақсаттары**<br><br>**Білім алушы:** | **Сағат саны** | **Мерзімі** | **Ескерту** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1-тоқсан (8 сағат)** | | | | |
| 1. Бейнелеу сауаттылығы негіздері | Өнер туындыларын қабылдау (1 сағат) | **«Экскурсиялық сабақ»** – Қазақстандық және әлемдік суретшілердің өнер туындыларымен танысу. | 2.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің түрлі өнер туындыларымен танысу | 1 | | |
| | Графика (1 сағат) | **«Күзгі бұтақ»** – фломастермен сурет салу. Суретті орындауда сызық, штрих, экспрессивті бейнелеу құралдарын қолдану. | 2.1.2.1 әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану<br><br>2.1.2.2 Шығармашылық жұмыста графиканың әртүрлі тәсілдері мен техникаларын қолдану | 1 | | |
| | Кескіндеме<br><br>(2 сағат) | **«Алтын күз»** – сулы бояумен (акварельмен) сурет салу.<br><br>«Түстану» ұғымымен танысу. Негізгі түстер. Қосымша түстер. Композициялық ортада түстерді қолдану. | 2.1.3.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану | 1 | | |
| | | **«Алма»** – гуашьпен сурет салу.<br><br>Түстік шеңбермен танысу. Негізгі және қосымша түстердің жіктелуі. Түстерді қарапайым натюрмортта қолдану. | 2.1.3.2 кескіндеменің әртүрлі тәсілдері мен техникасын шығармашылық жұмыста қолдану | 1 | | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мүсін (1 сағат) | **«Тиін»** – ермексаз немесе сазбалшық қолдану арқылы мүсіндерді сомдау.<br><br>Дөңгелек мүсін. Ұсақ иілме мүсін тұжырымдамасымен танысу. Жануарларды мүсіндеу. Құрастыру және жағу әдістерін қолдану. | 2.1.4.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану | 1 | | |
| | Сәндік-қолданбалы өнер<br><br>(1 сағат) | **«Сиқырлы кілем»** – фетр материалынан жасалған аппликация.<br><br>Ұлттық кілем жасау өнерімен танысу. Тіктөртбұрыш ішінде ою-өрнекті орналастыру әдістерін зерттеу. Ою-өрнек шаблондарын қолдану. | 2.1.5.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолдану | 1 | | |
| | Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу)<br><br>(2 сағат) | **«Кітап бетбелгісі»**<br><br>«Қағаз пластикасы» ұғымымен танысу. Қағазбен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін үйрену. Жұмыста иілу және бүктеу техникасын қолдану. | 2.1.6.1 Әртүрлі құрылымдық техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану | 1 | | |
| | | **«Менің мектебім»**<br><br>Қатырғықағаздан модельдеудің әртүрлі әдістерін үйренуді жазықтықта қолдану. | 2.1.6.2 Модельдеудің әртүрлі техникалары мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану | 1 | | |
| | | 2-тоқсан **(8 сағат)** | | | | |
| 2. Бейнелеу өнер әлемі | Өнер туындыла-рын қабылдау.<br><br>(1 сағат) | **«Өнер түрлерін, олардың сипаттамаларын зерттеу»** – Қазақстан және әлемдік бейнелеу өнерімен танысу | 2.2.1.1 Өнер туындыларының тақырыптарын және осы жұмыстарды орындау материалдарын талқылау. | 1 | | |
| | Графика (1 сағат) | **«Күзгі көгөністер»** – пастель материалымен сурет салу.<br><br>«Графика» ұғымымен және оның көркем мәнерлерімен танысуды жалғастыру. Бейнелеудегі дақтар, штрихтау, нүктелеп жазу | 2.2.2.1 Графика түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу. | 1 | | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сияқты мәнерлеп орындау әдістерімен және құралдарымен танысу, оны қолдану. | | | | |
| | Кескіндеме<br><br>(1 сағат) | **«Саябақ»** – гуашь материалымен сурет салу.<br><br>«Кескіндеме» ұғымымен және оның көркем мәнерлерімен танысуды жалғастыру. Пастозды кескіндеме техникасымен танысу және жұмыста қолдану. Суретте перспективалық әдістерді қолдану. | 2.2.3.1 Кескіндеме түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу. | 1 | | |
| | Мүсін (1 сағат) | **«Балық»** – ермексаздан жасалған рельеф.<br><br>«Мүсін» ұғымымен . және оның көркем мәнерлерімен танысуды жалғастыру. Жұмыста түрлі түсті рельефпен танысу және оның техникасын қолдану. | 2.2.4.2 Мүсін түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу. | 1 | | |
| | Сәндік-қолданба-лы өнер (2 сағат) | **«Біз тағамды безендіреміз»** – аппликация.<br><br>«Сәндік-қолданбалы өнер» ұғымымен және оның көркем мәнерлерімен танысуды жалғастыру. Ұлттық ыдыс-аяқтардың түрлерімен танысу. Ыдыс-аяқтарды ою-өрнекпен безендіру әдістерін қолдану. | 2.2.5.1 Сәндік-қолданбалы өнердің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдары мен жұмысты орындау техникасын білу. | 1 | | |
| | | **«Шеңбердегі ою-өрнек»** – гуашьпен көркем бояу.<br><br>Табиғи пішіндерді ою-өрнекке айналдыру тәсілін меңгеруді жалғастыру. Қылқаламмен жұмыс істеу әдістерін қолдану. | 2.2.5.2 «Сәндік-қолданбалы өнердегі «Табиғи пішіндер» ұғымын және жұмысты орындаудың кейбір әдістерін білу | 1 | | |
| | Дизайн және сәулет *(көркем құрастыру және модельдеу)*<br><br>(2 сағат) | **«Көлемді қар түйіршіктері»** – қағазбен жұмыс.<br><br>«Дизайн» ұғымымен және оның көркем мәнерлерімен танысуды жалғастыру. Қағаздан көлемді пішін құрастыру техникасымен танысу. Күрделі пішінді жасау үшін бүктеу және қию әдістерін қолдану. | 2.2.6.1 Құрылымдау мен модельдеуде негізгі дизайн түрлері мен техникасын білу. | 1 | | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Ертегі үйі»** – қолда бар материалдардан жасалған модель.<br><br>«Сәулет» ұғымымен және оның көркем мәнерлерімен танысуды жалғастыру. Модельдеу және безендіру әдістерімен танысу. Модель жасау үшін қолда бар материалдарды қолдану | 2.2.6.2 құрылымдау мен модельдеуде қарапайым сәулет формалары мен техникасын білу | 1 | | |
| **3-тоқсан (10 сағат)** | | | | | | |
| 3. Бізді қоршаған әлем | Графика (2 сағат) | **«Адам фигурасы»** – қарапайым қарындашпен сурет салу.<br><br>Бақылау арқылы сурет салу әдістерін зерттеу. Эскиздерді орындау әдістерімен танысу. | 2.3.2.1Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (сызық, пішін, фактура және т. б.) білдіру | 1 | | |
| | | **«Спорттық жарыстар»** – түрлі түсті қарындаштармен сурет салу.<br><br>«Сюжеттік сурет» ұғымымен танысу. Композициядағы динамиканың берілуімен танысу. Есте сақтау бойынша сурет салу әдістерін үйрену. | 2.3.2.2 «Бақылау арқылы сурет салу» және «Есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын білу және талдау, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (сызық, пішін, фактура және т. б.) білдіру | 1 | | |
| | Кескіндеме<br><br>(3 сағат) | **«Қар жауып тұр»** – гуашь бояуымен сурет салу.<br><br>«Колорит» ұғымын зерттеу. Жұмыста түсті «көңіл күйді» бейнелеумен танысу және қолдану. «Бояуды шашырату» әдісімен танысу, үйрену. | 2.3.3.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (түс, дақ, фактура және т. б.) білдіру | 1 | | |
| | | **«Мереке»** – аралас техникада сурет салу. Сюжеттік сурет.<br><br>Жұмыста акварель, фломастерді қолдана отырып, аралас техникамен танысу. Бақылау, есте сақтау арқылы сурет салу әдістерін қолдану. | 2.3.3.2 «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын білу және кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (түс, дақ, текстура және т. б.) білдіру. | 2 | | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мүсін (1 сағат) | **«Биші қыз»** – қарапайым каркастағы мүсін.<br><br>Адам фигурасын мүсіндеуді зерттеу. Бақылау бойынша модельдеу әдістерін қолдану. Қарапайым каркасты қолдану. | 2.3.4.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін түсіну, мүсіндеу құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (көлемі, пішіні, фактура және т. б.) білдіру | 1 | | |
| | Сәндік-қолданба-лы өнер<br><br>(2 сағат) | **«Зергерлік бұйымдар»** – коллаж.<br><br>Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен танысу. Зергерлік бұйымдардың пішінінің ерекшеліктерін зерттеу. Жұмыста коллаж техникасын қолдану. | 2.3.5.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 1 | | |
| | | **«Үшбұрыштағы ою-өрнек»** – сурет.<br><br>«Жалпылау» ұғымымен және оның көркем мәнерлерімен танысуды жалғастыру. Үшбұрыштағы ою-өрнектің құрамын зерттеу. | 2.3.5.2 «Жалпылау» ұғымын және оны бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы білдіру мүмкіндігін білу | 1 | | |
| | Дизайн және сәулет *(көркем құрастыру және модельдеу)*<br><br>(2 сағат) | **«Киригами ашықхаты».**<br><br>Шағын формаларда жобалау әдістерін зерттеу. Пішіннің өзгеруін зерттеу. | 2.3.6.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және сипаттау, дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 1 | | |
| | | **«Экоүй» –** сурет жоба.<br><br>Табиғи формаларды зерттеу. Экологиялық таза тұрғын үй жобасын құру үшін қоршаған ортаның ерекшеліктерін білу, оны сипаттау, таныс бейнелер мен пішіндерді сәулет құралдары арқылы көрсету. | 2.3.6.2 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және сипаттау, сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. | 1 | | |
| 4-тоқсан **(10 сағат)** | | | | | | |
| 4. Шығармашы-лық | Графика (2 сағат) | **«Мысық»** – түрлі түсті қарындаштармен сурет салу.<br><br>Жануарларды салу кезінде бақылау тәжірибесін қолдану. Таныс графикалық техниканы шығармашылықпен қолдану. Фактураны беру | 2.4.2.1 Графикалық тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 1 | | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | үшін штрихтың әртүрлі түрлерін қолдану. | | | | |
| | | **«Менің сыныптасым»** – қарындашпен сурет салу.<br><br>Портрет ұғымымен және оны орындау әдістерін қолданып салуды жалғастыру. Адам бетінің пропорцияларын зерттеу. Жұмыста эмоционалды көңіл күй қалыптастыру үшін графикалық әдістерді шығармашылықпен қолдану. | 2.4.2.2 Графикалық жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерін білу | 1 | | |
| | Кескіндеме<br><br>(2 сағат) | **«Таудағы таңның атуы»** – акварельмен сурет салу.<br><br>«Контраст» ұғымымен танысу. «Контражур» ұғымымен танысу. Практикалық жұмысты орындауда сулы кескіндеменің таныс тәсілдерін қолдану. | 2.4.3.1 Кескіндемелік тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 1 | | |
| | | **«Гүлденген алмаағаш»** – гуашь бояуымен сурет салу.<br><br>Стандартты емес сурет салу әдістерін қолдану, басып шығару. | 2.4.3.2 Кескіндемелік жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерін білу | 1 | | |
| | Мүсін (2 сағат) | **«Үкі»** – ермексаз немесе сазбалшық қолдану арқылы сәндік мүсін орындау.<br><br>Сәндік мүсін жасау техникасын меңгеру. Модельдеу әдістерін шығармашылықта қолдану. Сәндік мүсіндегі сәндеу техникасын зерттеу. | 2.4.4.1 Мүсіндік тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 2 | | |
| | Сәндік-қолданба-лы өнер (2 сағат) | **«Сәндік панно»** – түрлі түсті фетр матадан бұйым жасау техникасын меңгеру.<br><br>Ұлттық ою-өрнек пен декор элементтерін зерттеу. Шығармашылық жұмыста таныс сәндік әдістерді қолдану. | 2.4.5.1 Сәндік-қолданбалы өнер тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 2 | | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Дизайн және сәулет *(көркем құрастыру және модельдеу)*<br><br>(2 сағат) | **«Қарындаш салатын стақан»** – дайын берілген пішінді өзгерту.<br><br>Берілген құрылымдық пішінді түрлендіруді қолдану. Трансформациядағы вариация әдістерін зерттеу. Құрастыру техникасын шығармашылықта қолдану. | 2.4.6.1 Дизайн идеяларын шығармашылықпен ұсыну, идеялар мен сезімдерді құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникасы арқылы негізді түрде білдіру | 1 | | |
| | | **«Болашақ қала»** – макет орындау.<br><br>«Макет» ұғымымен танысу және орындау әдістерін меңгеруді жалғастыру. Макет бойынша ұжымдық жұмыста дизайн және безендіру әдістерін шығармашылықпен қолдану. | 2.4.6.2 Сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, сезімдерін білдіріп бейнелеу | 1 | | |

**Қысқамерзімді жоспар. №1 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Өнер туындыларын қабылдау |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Экскурсиялық сабақ |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің түрлі өнер туындыларымен танысу |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Қазақстандық және әлемдік суретшілердің өнер туындыларымен танысу. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>7 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Гүлмен тілек» әдісі** арқылы оқушыларға бір-біріне жақсы тілек айтқызу арқылы жағымды ахуал қалыптастыру.<br>– Биылғы жылы біз «Бейнелеу өнері» деп аталатын оқу пәнімен танысуды ары қарай жалғастырамыз. Бейнелеу өнері сабағында сендер түрлі пішіндер мен сызықтар, бояулар әлеміне саяхатқа шығасыңдар. Сурет салу, құрастыру, аппликация және табиғи, жасанды заттардан көптеген бұйым жасай алу дағдыларыңды дамытасыңдар. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Бір-біріне жақсы тілектер айтады. | **Дескрипторлар:**<br>- Оқушылар | Интербелсенді тақта. Презентация. Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>15 минут | Биылғы оқу жылының сәтті өтуіне арнап, бір-бірлеріңе жақсы тілек айтыңдар.<br>**(ҰЖ) Талқылайық!**<br>– Қалай ойлайсыңдар, бейнелеу өнері дегеніміз не? Есімізге түсірейік.<br>– Бейнелеу өнері дегеніміз – айналамыздағы өмір көріністерін жазықтықта әрі кеңістікте бейнелеу арқылы суреттейтін өнер түрі.<br>– Бейнелеу өнері түрлерін естеріңе түсіріңдер (кескіндеме, графика, мүсін, сәулет өнері, сәндік-қолданбалы өнер және дизайн).<br>– Осы өнер түрлерін өз көздеріңмен өнер музейінен көре аласыңдар. Бүгінгі сабақта өнер музейіне саяхатқа шығамыз. Музей туралы 1-сыныпта алған білімдеріңді толықтырасыңдар. 1-сыныпта сендер суретшілермен, олардың шығармаларының атауымен танысқан болсаңдар, 2-сыныпта білімдеріңді ары қарай толықтырасыңдар. Енді суретшілердің шығармасындағы ерекшелікті байқауға тырысасыңдар. Өзіңнің ол суретті қалай қабылдағаныңды, алған әсеріңді айтасың. Музей қызметкерлерінің әңгімесін тыңдайсыңдар.<br>– Музейде болғандарың бар ма?<br>Музей – ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Музейдің түрлері: тарихи музей, көркемөнер музейі, техникалық музей, мемориалдық музейлер. Бүгін біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейіне виртуалды саяхат жасаймыз.<br>Бейнеролик көрсету. https://www.youtube.com/watch?v=wienjjhp7ic | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br><br>Тақтада ілінген бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтарды көрсетіп, жұмыс істеу тәсілдерімен таныстырады.<br><br>Оқушылар орындарынан тұрып, барлығы бірге жаттығу жасайды | сұраққа жауап бере алады.<br>- Өз ойларын дұрыс жеткізе біледі.<br>- Музейлердің атын біледі.<br>- Құрал-жабдықтарды біледі.<br>- Қолданылатын бояу түрлерін айта алады, біледі.<br><br>Сұраққа жауап береді. | <br>https://www.youtube.com/watch?v=wienjjhp7ic |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>15 минут | **(ЖЖ) Ширату тапсырмасы. «Көршіңе әңгімелеп бер»** әдісі. Бұл әдіс оқушылардың өз ойларын дауыстап айтып беруі үшін қолданылады. Оқушыларға бейнеролик бойынша сұрақтар қойылады, оқушылар өз ойларын көршілерімен бөліседі.<br>- Қазақтың дәстүрлі мәдениеті залында қандай заттармен таныс болдың?<br>- Қазақ халқының ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдары туралы не білдің?<br>- Этнография залынан не көрдің? Киіз үй неден тұрады?<br>- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне арналған залдан нені көрдің? Мемлекеттік рәміздер туралы не білдің?<br><br>**Сергіту сәті ретінде** және бүгінгі сабақпен байланыстыра отырып, **(Ұ,Т) «Бір айналым» әдісі** бойынша қайталау. Балаларға бір-біріне музейлердің атауларын атауға және есте сақтауға мүмкіндік беру. Шеңберге тұрғызу.<br><br>Ойын ережесімен таныстыру:<br>• шеңберге тұр;<br>• көршіңді мұқият тыңда;<br>• есте сақта;<br>• қайтала, қателескен досыңды түзет.<br><br>Қорыта айтқанда, музей – бұрынғы мен қазіргі мәдениетті сақтап, насихаттайтын киелі орын. «Өткеніңді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың» дегендей, музей | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br><br>Оқушылар музейден алған әсерлерімен бөліседі.<br><br>Оқушылар орындарынан тұрып, барлығы бірге жаттығу жасайды.<br> | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Оқушылар | Бейнеролик https://www.youtube.com/watch?v =wienjjhp7ic<br><br>Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар<br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы.<br>Рефлексия.<br>8 минут | өткен мен болашақты жалғастырушы түйін болып табылады. «Ашық микрофон» әдісімен сабақты қорытындылау.<br>**Кері байланыс.** «Ашық микрофон» әдісімен сабақты қорытындылау.<br>- Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>- Сабақта не ұнады?<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br> | сұраққа жауап бере алады.<br>- Өз ойларын дұрыс жеткізе біледі.<br>- Музейлердің атауын біледі. |  |

**Қысқамерзімді жоспар. №2 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Графика |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | «Күзгі бұтақ» – фломастермен сурет салу. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.1.2.2 шығармашылық жұмыста графиканың әртүрлі тәсілдері мен техникаларын қолдану |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Сурет орындауда сызық, штрих экспрессивті бейнелеу құралдарын қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br>Қызығушы-лықты ояту.<br>7 минут<br> | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) Психологиялық ахуал:**<br>Күлімдесін Күн де,<br>Күлімдейік біз де.<br>Алақанды ашайық,<br>Күздің күнін салайық!<br>Таза ауаны жұтайық,<br>Жүрекке жылу сыйлап,<br>Күзгі пейзаж салайық!<br><br>**(ЖЖ) Түрткі сұрақтар қою.**<br>Өткенді еске түсіру. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады.<br><br><br><br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Сұрақтарға жауап береді. Оқушылар бейнелеу өнерінің түрлерін | <br><br>Ауызша бағалау<br>Тамаша!<br><br><br><br><br><br>«Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды. | Интербелсенді тақта.<br>Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жаңа сабаққа кіріспе<br><br>10 минут | - Бейнелеу өнерінің қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Графика дегеніміз не?<br>- Сызық пен штрихтың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Графикалық материалдарға не жатады?<br>(Кескіндеме, графика, мүсін, сәндік қолөнер, сәулет, дизайн)<br>**(ҰЖ) Талқылайық!**<br>Графика – бейнелеу өнерінің түрі. Жақсы суретші болу үшін табиғатты мұқият бақылап, оны бейнелей білу керек. Бұл жерде сендерге сызық, штрих және түс көмекке келеді. Сызықтың сенімді көмекшісі – **штрих.** Штрих дегеніміз – қысқа сызықтар. Ол да сызық тәріздес әртүрлі болады. Шығармалар тек бояулармен ғана орындалмайды. Олар қарындаш, тушь, фломастер, пастель, түрлі түсті қарындаштар, балауыз борлар және басқа да графика құралдарымен бейнеленуі мүмкін. Егер шығармадағы басты әсерлегіш құрал сызық, штрих, дақ болып келсе, онда бұл – графика. Графикадағы басты әсерлегіштер – сызық және штрих. Штрих – көп, біртектес сызықтардың жиынтығы. Штрих түзу, доғал, көлбеу т.с.с. болуы мүмкін. Суретшілер штрих пен сызықтар арқылы түстерді шебер пайдалана отырып, табиғатты бейнелегенді жақсы көреді. Әртүрлі сызық, штрихтармен жапырақтарды, шөптер мен ағаштарды суреттеуге болады.<br>Штрих – график-суретшінің қолындағы ең басты құрал. Фломастермен жұмыс істеудің көптеген тәсілі бар. Соның бірі – бояуды штрихтау. Оның алуан түрі болады. Суретшілер бояуды штрихтай отырып, толқын, шөп, ақша бұлттарды, табиғатты шебер бейнелейді. | атайды.<br><br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Тақтада ілінген бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтармен, жұмыс істеу тәсілдерімен танысады. | <br>Сұраққа жауап береді. | <br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br>https://qrmedia.kz/xzqNN | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойкозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>- Сызық туралы не білесің? Есіңе түсір.<br>- Сызықтың қандай түрлері бар?<br>**«Білгенге маржан».** Сызықпен сурет салу – өнердің ең көне түрлерінің бірі. Оның шығу тарихын тас дәуіріндегі жартастардағы суреттерден көруге болады.<br>Тамғалытас – ашық аспан астындағы тасқа салынған өнер туындысы. Ежелгі адамдар мен жануарлардың бейнесін көргенде, сен олармен тілдескендей боласың.<br>Qrmedia.kz/9KxUk<br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс.** Графика **–** қара және ақ түстерден тұратын өнер түрі. Кейде түрлі түсті фломастердің көмегімен де сурет салуға болады. Ол үшін біз ең алдымен сызықтың түрлеріне жүгінеміз. Сызықтың сенімді көмекшісі – штрих. Штрих дегеніміз – қысқа сызықтар. Ол да сызық тәрізді әртүрлі болады.<br>Сызық түрлеріне (түзу, қисық, ирек, сынық сызықтар) мұқият назар аудар (тақтада). Әр сызықты белгілі бір бейнені салғанда қолдануға болады. Мысалы, түзу сызықтарды ағашты, жолды т.б. бейнелегенде қолдануға болады. Ирек сызықтарды толқын т.б. бейнелегенде қолданамыз. Қисық сызықтармен шөптерді, ағаш бұтақтарын т.б. бейнелейміз. Сынық сыныктар қысқа сызықтарды бояуға қажет болады.<br>Бүгін **«Күзгі бұтақ»** тақырыбында сурет салып, баққа саяхат жасаймыз. Табиғатты мұқият зерттеп, серуендеуге шығамыз. Күз – жылдың тамаша мезгілі. Айнала қандай әдемі! Алтын түс секілді. Айналамызда сан алуан түстер кездеседі. Олар сенің көңіл күйіңе өз әсерін тигізеді. Біз күзгі бақтағы ағаш бұтағының суретін орындаймыз.<br>Слайдқа назар аудар. Мұнда кезеңдермен көрсетілген күзгі бұтақтың суретіне мұқият қара. Түрлі түсті фломастермен боялған суретті көресің.<br>Сурет салу дәптерін көлденеңінен дайындап қой.<br>Жай қарындашты алып, суреттің композициясын ойластыр.<br>Жай қарындашпен ағаш бұтағының суреттерін сал.<br>Ағаш жапырағын біртіндеп салып шық.<br>Ағаш жапырағын жасыл, қызғылт сары, сары, қызыл түстермен доғал, қиғаш сызықтармен, тік штрих сызықтарымен жүргізіп боя.<br>Бұтақты қоңыр түспен бояп, суреті аяқта.<br>Оқушылар графикалық материалдарды қолдана отырып, кезеңдермен көрсетілген күзгі бұтақтың суретін орындайды. Мұғалім әр оқушыға жекелей көмек көрсетіп, бағыт-бағдар береді.<br>**Сергіту сәті ретінде** және бүгінгі сабақпен байланыстыра отырып, **(МК, Ұ)** өлең жолдарын мұғалімнің жетекшілігімен қайталату, сергіту жаттығуын жасату.<br>Жолдарына үңіліп,<br>Екі бақа жүгіріп,<br>Секіреді, бақ-бақ,<br>Ағаштарды аттап.<br>Олар ерте тұрады, | **(Ө)** Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Графика құралдарымен, штрих, сызық түрлерімен танысады. Тапсырманы орындайды.<br>Қол жаттығуларының қажеттілігін ұғына отырып жасайды.<br><br>Тақтада көрсетілген үлгіге қарап, кезеңдермен көрсетілген табиғаттың суретін салады.<br><br>Сурет дәптерін көлденең дайындап қояды.<br>Сурет дәптерін көлденеңінен қой.<br>Жай қарындашты ал.<br>Суреттің композициясын ойластырады.<br>Жай қарындашпен ағаш бұтағының суретін салады.<br>Біртіндеп жапырақтарын салып шығады.<br>Ағаш жапырағын жасыл, қызғылт сары, сары, қызыл түстермен доғал, қиғаш, тік штрих сызықтар жүргізіп, бояйды.<br>Бұтақты қоңыр түспен бояп, суретті аяқтайды.<br>Осымен бүгінгі **«Күзгі бұтақ»** тақырыбындағы графикалық жұмысымыз дайын.<br><br>Оқушылар орындарынан тұрып, барлығы бірге жаттығу жасайды. | **Бағалау критерийі:**<br>Тақырыпқа байланысты берілген сызық элементтерін талапқа сай орындайды.<br>**Дескрипторлар:**<br>- Сызық түрлері мен элементтерін атайды.<br>- Сызық түрлерімен суреттерді дұрыс орындайды. | Презентация. Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдық-тар, жай қарындаш, өшіргіш, фломастер.<br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br>Сабақтың соңы.<br>Рефлексия.<br>8 минут | Беті-қолын жуады,<br>Оңға-солға шайқалып,<br>Бақылдайды ән салып.<br>Судан шіркей табады,<br>Өсіп үлкен болады.<br>Бақ-бақ, нақ-нақ,<br>Біздер айттық тақпақ.<br>Оқушылардан бүгінгі сабақта нені үйренгендерін сұрау.<br>**«Бір ауыз сөз» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>- Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>- Сабақта не ұнады?<br>- Графика дегеніміз не?<br>- Штрихтың қандай түрлері бар?<br>- Күзгі бұтақтың суретін салу сендерге ұнады ма?<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>Оқушыларға арналған тапсырма. | <br>**Жеке жұмыс:** Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. «*Бір ауыз» сөздеріне* сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады: *ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын т.б.*<br><br>Оқушылар көрме ұйымдастырады. | **Дескрипторлар:**<br>- Оқушылар сұраққа жауап бере алады.<br>- Өз ойларын дұрыс жеткізе біледі.<br>- Штрих түрлерін біледі.<br><br>Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну. |  |
| | | | | |

**Қысқамерзімді жоспар. №3 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Кескіндеме |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | «Алтын күз» – сулы бояумен (акварельмен) сурет салу. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.1.3.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану |
| Сабақтың мақсаты: | *<u>Барлық оқушы үшін:</u>*<br>«Түстану» ұғымымен танысу. Негізгі және қосымша түстердің жіктелуі. Қосымша түстер. Композициялық ортада түстерді қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту<br>7 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Гүлмен тілек» әдісі** арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. | Сәлемдеседі. Тыңдайды. Оқушылар бір-біріне жақсы тілек айтады. | Оқушылардың бояған суреттерін таныстыру кезінде ауызша мадақтау. «Жарайсың!», «Дұрыс айтасың!», «Керемет сурет!», «Өте ұқыпты боялған!», «Сенің қолыңнан бәрі келеді!» сияқты тіркестерді пайдалану. | Сурет дәптері, қылқалам, су құятын ыдыс, қарындаш, өшіргіш, ұштағыш т.б. құралдар, бейнематериал |
| Жаңа сабаққа кіріспе<br><br>10 минут<br> | **(ҰЖ) Талқылайық!** Әр заттың түсі белгілі бір себептерге байланысты өзгеріп тұрады.<br>- Ол қандай себептер болуы мүмкін?<br>- Қыста қандай түстер жиі қолданылады?<br>- Көктемде қандай түстер жиі қолданылады?<br>- Жазда қандай түстер жиі қолданылады?<br>- Күзде қандай түстер жиі қолданылады?<br>Түс табиғаттың әсем әрі көрікті көрінуіне себеп болады. Өзара сәйкес келетін түстер түс үйлесімі немесе түс гаммасы деп аталады. Реңктер де бояу түстер секілді жылы және суық болып бөлінеді. Егер кез келген суретте сары түске жақын түстер басым болса, олар жылы реңктер болады. Ал көк түске жақын түстер басым болса, онда ол реңктер суыққа жатады. Реңк – бұл бір түстің түрленуі. Жаңа реңкті түс шығару үшін бір түске басқа түсті қосу керек. Сонда екі түстен үшінші түсті алуға болатынын білесің. Қосымша түстер: қызғылт, сары, жасыл және күлгін.<br>**Сергіту сәті.** Түстер туралы бейнематериал әуеніне қимыл-қозғалыс жаттығуын жасауды ұсыну. | Оқушылар өз таңдауын түсіндіреді. Оқушылар өз нұсқаларын айтады. Ауа райына, жыл мезгілдеріне өзгеретін түстерді айтады.<br><br>Оқушылар жылы және суық түстер тақырыбы бойынша білімдерін еске түсіреді.<br><br>Оқушылар орындарынан тұрып, барлығы бірге жаттығу жасайды. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Слайдта жазылған сұрақтар тізбесі.<br>Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Қол шапалақ»** әдісі арқылы бағалайды.<br><br> |
| Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу.<br>3 минут | Күз мезгілі қандай тамаша! Айнала әртүрлі түстерге боялады.<br>- Айналаңа қарашы, нені байқап жүрсің?<br>- Қандай түстер басым болып тұр?<br>- Күзгі ауа райына назар аудар. Қандай табиғат құбылыстарын байқадың?<br>- Күз туралы қандай тақпақтар мен өлеңдер білесің? | Оқушылар мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді.<br><br>Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады. Тақпақ, өлеңдерін айтады. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br> |  |
| Жеке орындау<br><br>15 минут | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс.** Бейнематериалға назар аудар. Оқушылар «Алтын күз» тақырыбында сурет салады. Өзің тұратын жерге немесе табиғатқа қара, назар аудар. Табиғатты зерттеп, қай түсың бейнелейтініңді таңдап ал. Оның композициясы туралы ойлан. Қағаз парағының өлшемі мен пішімін таңдап ал. Бұл суретті акварель бояуымен орындайтын болғандықтан, жұмыстың түс үйлесімін алдын ала ойлан. Суретшілер сурет салғанда ең алдымен көптеген түске мән береді. Түстер мен реңктердің | Шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Оқушылар суретте күн мен түннің бейнеленгенін, жылы және суық түстер қолданылғанын анықтайды, акварельмен салады. | **Дескрипторлар:**<br>- Берілген тапсырмаларды дұрыс орындайды.<br>- Табиғатты мұқият зерттей біледі.<br>- Суретті ұқыпты орындай алады.<br>- Түстік реңктерді дұрыс үйлестіре біледі.<br>- Акварельмен бояуды біледі.<br>- Сұрақтарға жауап бере алады.<br>- Қауіпсіздік ережесін сақтайды. | Сурет дәптері, қылқалам, су құятын ыдыс, қарындаш, өшіргіш, ұштағыш т.б. құралдар |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| https://qrmedia kz/<br>2j1rm | бір-біріне үйлесуі өте маңызды.<br>**Бейнематериалға назар аудар.**<br>Қағазды тігінен орналастыр. Қара қарындашпен табиғатты сызып, екі ағаштың суретін сал. Алдымен артқы пландағы аспанды боя. Артқы пландағы ағаштардың суретін боя.<br>Жерді сары, жасыл, қызғылт сары түстерді араластырып, сулы етіп бояп ал. Кепкен суретке екі ағаштың суретін сал.<br>Ағашты бояп, жапырақтарын сары, қызғылт сары, жасыл түсті сулы бояуларды қолданып боя, кепкенін күт.<br>Мұғалімнің нұсқауы бойынша тапсырманы орындап көр. Оқушылар акварель бояуын қолдана отырып, алтын күздің көрінісін орындайды. Мұғалім әр оқушыға жекелей көмек көрсетіп, бағыт-бағдар береді.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік ережесі:**<br>- Мұғалімнің тапсырмасын мұқият тыңдап, тек мұғалімнің рұқсатынан кейін ғана жұмысқа кіріс.<br>- Жұмыс орныңды дайындап ал.<br>- Жұмыс барысында қылқаламды және акварель бояуын ұқыпты пайдалан.<br>- Бояуды аузыңа, көзіңе жақындатпа.<br>- Жұмыс аяқталғаннан соң, қылқалам мен ыдысыңды жуып, тазалап, орнына салып қой. | Қағазды тігінен орналастырады.<br>Қара қарындашпен екі ағаштың суретін салады.<br>Алдымен артқы планды, яғни аспанды бояйды.<br>Арқы пландағы ағаштардың суретін бояйды.<br>Жерді сары, жасыл, қызғылт сары түстерді араластырып, сулы етіп бояп алады.<br>Кепкен суретке екі ағаштың суретін салады.<br>Ағашты бояп жапырақтарын сары, қызғылт сары, жасыл түстерді қолданып бояйды, кепкенін күтеді.<br>Оқушылар акварель бояуын қолдана отырып, алтын күздің суретін салып, суретті аяқтайды. | | Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Жеке жұмыс.<br>3 минут | **Көрме ұйымдастыру.**<br>Оқушыларға салған суреттерін көрме тақтасына ілуді ұсыну. | Оқушылар салған суреттерін көрмеге ұсынады. | **Дескриптор:**<br>- Тақтадағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Аяқтаған жұмыстарын көрмеге ұсынады.<br>- Бірін-бірі бағалайды. | |
| Сабақтың соңы.<br>Рефлексия.<br>7 минут | **Кері байланыс.** Оқушыларға сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | «Алтын күз» тақырыбында акварельмен салған суреттерін көрме тақтасына іледі.<br>Жұлдызшаларын көрмедегі суреттерге жапсырады. | Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Қысқамерзімді жоспар. №4 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Кескіндеме |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | «Алма» – гуашьпен сурет салу. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.1.3.2 кескіндеменің әртүрлі тәсілдері мен техникасын шығармашылық жұмыста қолдану |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Түстік шеңбермен танысу. Қосымша түстер. Қосымша түстерді қарапайым сурет салғанда қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br>Қызығушы-лықты ояту.<br>7 минут<br><br>**Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) Психологиялық ахуал қалыптастыру.** «Ғажайып жылулық шынжыры» – жылулық шеңбері. Балалар бір-біріне жымиып күлу арқылы бір-біріне ізгі тілектерін айтады. Жұмыс ережесімен келісу.<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз!<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>**(ЖЖ) Түрткі сұрақтар қою.**<br>- Бейнелеу өнерінің қандай түрлерін білесің?<br>- Кескіндеме дегеніміз не?<br>- Спектрдің жеті түсін ата.<br>- Саған қандай түс ұнайды? Неге?<br>- Негізгі түстерді ата.<br>**(ҰЖ) Талқылайық!** Суретшілер табиғатты мұқият бақылап отырып, оны бейнелейді. Шығармалар тек бояулармен ғана орындалмайды. Олар қарындаш, гуашь, тушь, қаламұш және басқа да құралдармен бейнеленуі мүмкін. Егер шығармадағы басты әсерлегіш құрал түс болып келсе, онда бұл *кескіндеме* өнері болады. Кескіндеме құралдарына қарапайым қарындаш, акварель, гуашь, қара гельді қалам, түрлі түсті қарындаштар, пастельдер, балауыз қарындаштар, маркер жатады. Кескіндемедегі басты әсерлегіштер – түстер мен дақ.<br>- Саған қандай түс ұнайды? Неге?<br>- Негізгі түстерді ата.<br>Оқушылар қоршаған ортадан өздеріне таныс түстерді атайды. Осылайша түстер шеңберіндегі түстердің бәрін атап шығады. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар бір-біріне ізгі тілектерін білдіреді.<br><br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Сұрақтарға жауап береді. Оқушылар бейнелеу өнерінің түрлерін атайды.<br><br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушылар қоршаған ортадан өздеріне таныс түстерді атайды<br>Тақтада ілінген бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтармен, жұмыс істеу тәсілдерімен танысады. | Ауызша бағалау<br>Тамаша!<br><br>«Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Түс түрлері мен элементтерін атайды.<br>- Түс түрлерін ретімен айта алады.<br>- Негізгі түстерді атай алады. | Интербелсенді тақта.<br>Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар, гуашь, бейнематериал<br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br>https://qrmedia.kz/qUiDm | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>- Негізгі түстерді ата.<br>- Саған қандай түс ұнайды? Неге?<br>- Шеңбердегі түстерді атаңдар.<br>- Олар қандай ретпен орналасқан?<br>**«Білгенге маржан».** Алманың көптеген түрі кездеседі, соның бірі – елімізде өсетін баршаға танымал апорт алмасы. Алманың бұл сорты 1865 жылдан бері бұрынғы Верный қаласы болған Алматыда өсірілген. Алманың бұл сорты Сиверс алмасымен будандастыру арқылы алынды. Апорт – алманың ірі әрі құнды түрі. Салқындау, бірақ ұзақ емес қысы бар, жылы немесе ыстық болатын оңтүстіктің орта белдеуінде Солтүстік Кавказ, Іле Алатауы жерлерінде кең тараған. Апорттың қабығы тығыз, сары немесе жасыл сары қызыл қоңыр мөрімен болады. Нәзік дәмімен ерекшеленеді. Апорт алмасы кеш пісетін жеміс түріне жатады. Қыркүйек айында ғана пісіп, жетіледі. Ең танымал апорт бақтары Алматы маңында орналасқан Бесқайнар ауылдық аймағында бар. КСРО кезінде Алматы қаласының рәмізіне де айналған.<br>**(МК) «Суретпен жұмыс»** айдарында интерактивті тақтада сурет беріледі. Оқушылар аяқталмаған суретті жалғастырады.<br><br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс.** Гуашь – суда еритін коймалжың бояу түрі. Қылқалам – кескіндемеші-суретшінің қолындағы ең басты құрал. Қылқаламмен жұмыс істеудің көптеген тәсілі бар. Соның бірі – бояуды баса жағу. Оның алуан түрі болады. Суретшілер бояуды баса жаға отырып, алманың суретін шебер бейнелейді. Бүгінгі сабақта сан алуан алманың түрлерімен танысып, оны зерттейтін боламыз.<br>Сурет салмас бұрын алманың пішіні қандай болатынын айт. Сен алманы қандай түске бояғың келеді? Ойлан. Алманың таяқшасы мен жапырағын салып көр. Барлық шешім дайын болғанда көрсетілген үлгі бойынша алманың суретін салуды баста.<br>Слайд арқылы кезеңдермен орындалған, гуашьпен салынған алманың бірнеше суретін көрсетеді. Оқушылар гуашь материалдарын қолдана отырып, кезеңдермен көрсетілген суретті орындайды.<br>Сурет салу дәптерін көлденеңінен қойып, дайындап ал.<br>Жай қарындашты алып, суреттің композициясын ойластыр.<br>Қарындашпен алманың суретін шеңбер тәріздес етіп сал.<br>Дайын болған суреттің композициясының дұрыстығын тексер.<br>Гуашь бояуының жеті түсін дайындап, алдымен алманың сары, қызыл түсінен бастап қызғылт сары, сары, жасыл, ашық көк, суық көк және күлгін түстермен бояп, кебуін күт. | **(Ө)** Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушылар бізді қоршаған орта түрлі түсті, әрбір заттың өзіне тән түсі бар деген қорытынды шығарады.<br><br>Тақтада көрсетілген үлгіге қарап, кезеңдермен көрсетілген табиғаттың суретін салады.<br><br>Сурет салу дәптерін көлденеңінен қойып, дайындап алады.<br>Жай қарындашты алып, суреттің композициясын ойластырады.<br>Қарындашпен алманың суретін шеңбер тәріздес етіп салады.<br>Дайын болған суреттің композициясының дұрыстығын тексереді.<br>Гуашь бояуының жеті түсін дайындап, алдымен алманың сары, қызыл түсінен бастап қызғылт сары, сары, жасыл, ашық | **Критерий:**<br>Тақырыпқа байланысты берілген сызық элементтерін талапқа сай орындайды.<br>**Дескрипторлар:**<br>- Түс түрлері мен элементтерін атайды.<br>- Түс түрлерін ретімен айта алады.<br><br>**ҚБ:**<br>Би қимылдарын айнытпай қайталап, белсене жасаған балалар жұлдызшалармен марапатталады. | Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар, жай қарындаш, өшіргіш, гуашь<br><br><br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br>Сабақтың соңы.<br>Рефлексия.<br>8 минут | Алманың жерге түскен көлеңкесін көк, қоңыр, күлгін, қызыл, қара түспен бояп кептір.<br>Артқы және жердегі фонды көк, күлгін түстермен бояп, жұмысты аяқта.<br>Мұғалім әр оқушыға жекелей көмек көрсетіп, бағыт-бағдар береді.<br><br>Сергіту сәтін бүгінгі сабақпен байланыстыра отырып ұйымдастыру.<br>**(МК) Сергіту сәті:** Алма туралы көңілді ән ырғағына қосылып, мұғаліммен бірге айтады.<br>Алма кетті домалап,<br>Көше бойын жағалап.<br>Кім алманы табады.<br>Сол сабақта «бес» алады.<br>Оқушылардан бүгінгі сабақта не үйренгендерін сұрау.<br>**«Бір ауыз сөз» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, ойын тыңдайды.<br>- Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>- Сабақта өзіңе не ұнады?<br>- Шеңбердегі түстерді ата.<br>- Саған қандай түс ұнайды? Неге?<br>- Негізгі түстерді білесің бе?<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>Оқушыларға арналған тапсырма.<br><br> | көк, суық көк және күлгін түстермен бояп, кебуін күтеді.<br>Алманың жерге түскен көлеңкесін көк, қоңыр, күлгін, қызыл, қара түспен бояйды. Кептіруге қояды.<br>Артқы және жердегі фонды көк, күлгін түстермен бояп, жұмысты аяқтайды.<br>**(Ұ) Сергіту сәті**: Алма туралы көңілді ән ырғағына қосыла отырып, би қимылдарын қайталайды.<br><br>**Жеке жұмыс:** Оқушылар сабақ туралы өз ойларын *бір ауыз сөзбен* түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады: *ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын т.б.*<br>**Оқушылар көрме ұйымдастырады.** | **Дескрипторлар:**<br>- Оқушылар сұраққа жауап бере алады.<br>- Өз ойларын дұрыс жеткізе біледі.<br>- Түс шеңберіндегі түрлерді біледі.<br>Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруын ұсыну. |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Қысқамерзімді жоспар. №5 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Мүсін |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **«Тиін»** – ермексаз немесе сазбалшық қолдану арқылы мүсін сомдау.<br>Дөңгелек мүсін. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.1.4.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Ұсақ иілме мүсін тұжырымдамасымен танысу. Жануарларды мүсіндеу. Құрастыру және жағу әдістерін қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>7 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>Жеміс-жидекпен танысып,<br>Мүсінін бірге жасайық. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді:<br>Мүсін дегеніміз не?<br>Мүсін қандай заттардан жасалады?<br>Мүсіннің ерекшелігі неде?<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау.<br> | Интербелсенді тақта.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: ермексаз<br> |
| Жаңа сабаққа кіріспе<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br>Мүсін – бейнелеу өнерінің ерекше түрі. «Мүсін» атауы латынның «қашау» деген сөзінен шыққан. «Мүсінші» деп, қарапайым сазбалшықтан бастап мәрмәр тасқа дейін меңгерген, әртүрлі мүсіндерді сазбалшықтан илеп, ағаштан шауып, тастан қашап жасайтын адамды айтамыз. Мүсіннің барлық жағынан көруге болатын түрін *жұмыр мүсін* деп атаймыз. Жазықтық бетінен жартылай шығыңқы түрін *бедерлі мүсін* деп атаймыз.<br>Біздің айналамызда әртүрлі заттар бар. Олардың пішіндері сан алуан. Пішін – заттың сыртқы көрінісі, сипаты. Ол | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br><br>Тиінді пішіні және көлемі бойынша орналастырады. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде | Слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жазық немесе көлемді болуы мүмкін. Біздің айналамызда әртүрлі заттар бар. | | саралаудың «*Диалог және қолдау көрсету*» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>3 минут | **(ЖЖ)** Ермексаз – әртүрлі пішіндегі заттарды мүсіндеуге болатын жұмсақ материал. Ермексаз кескіш – ермексазбен жұмыс істеуге арналған пластиктен немесе ағаштан жасалған құрал.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орнынды таза ұста.<br>- Ермексаз бен құралдарды аузыңа салма.<br>- Тек арнайы тақтайшада ғана жұмыс істе.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүртіп, жылы сумен сабындап жуу керек. | Оқушылар мұқият тыңдап, сұрақтары болса қояды.<br><br>Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды. | <br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Жеке орындау<br><br>15 минут<br><br>https://qrmedia.kz/jzECF | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс.**<br>– Бейнематериалға назар аудар. Енді ермексазбен жұмыс істеуге көшейік. Ол үшін материалдарды дайындап алып, тиіннің мүсінін жасап үйренейік. Бейнематериалға мұқият назар аудар. Көрсетілген үлгі бойынша мұғалімнің нұсқаулығымен тапсырманы орында. Ең алдымен ермексазды илеп, жұмыр етіп аламыз, сонан кейін созу, ширату, жұмырлау, біріктіру техникаларын қолдану арқылы тиіннің дене мүшелерінің пішінін жасаймыз.<br>Алдымен тиіннің денесін қызғылт сары түспен дөңгелектеп, кішкене созып, пішінін дайындап ал.<br>Басының пішінін дайындап ал.<br>Екі құлағын дайындап жапсыр.<br>Екі көзін ақ түспен дөңгелектеп жапсыр, қара түспен көздің қарашығын дайындап жапсыр.<br>Екі қолы мен екі аяғының пішінін дайындап оң және сол жағына жапсыр.<br>Құйрығының пішінін дайындап, ұшын кішкене бүктеп, мүсінде. Дайын болған құйрықты өз орнына жапсыр.<br>Алдына ақ түсті ермексазбен жалпақтап дайындап алдына жапсыр.<br>Екі қолына қара немесе қоңыр түспен жаңғақ дайындап екі қолына ұстат.<br>Мұғалім әр оқушыға жекелей көмек көрсетіп, бағыт-бағдар береді. | Тақтада көрсетілген тапсырмаларды орындайды.<br>Ермексазбен жұмыс істейды. Үлгіге қарай отырып, тиіннің мүсінін жасайды.<br>Алдымен тиіннің денесін қызғылт сары түспен дөңгелектеп, кішкене созып, пішінін дайындап алады.<br>Басының пішінін дайындайды.<br>Екі құлағын дайындап жапсырады.<br>Екі көзін ақ түспен дөңгелектеп жапсырып, қара түспен көздің қарашығын жасайды.<br>Екі қолы мен екі аяғының пішінін дайындап, оң және сол жағына жапсырады.<br>Құйрығының пішінін дайындап, ұшын кішкене бүктейді. Дайын болған тиіннің құйрығын өз орнына жапсырады.<br>Төсіне ақ түсті ермексазды жалпақтап алып, жапсырады.<br>Қоңыр түсті ермексаз бөлігінен жаңғақ дайындап, екі қолына ұстатып, мүсінді аяқтайды. | **Дескрипторлар:**<br>- Тапсырмаларды дұрыс орындайды.<br>- Пішінін дұрыс жасайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі.<br><br>Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Менің жұлдызым»** әдісі арқылы бағалайды. | Ермексаз, ермексаз құралдары.<br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жеке жұмыс<br>3 минут | Көрме ұйымдастыру. Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынуы. | Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | **Дескрипторы:**<br>- Тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Пішінін дұрыс жасайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>7 минут | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушылар алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.** | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br><br>Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | Мұғалім оқушыларды **«жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды: *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе және оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*<br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |   |
| | | | | |

**Қысқамерзімді жоспар. №6 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Сәндік-қолданбалы өнер |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **«Сиқырлы кілем»** – фетр материалынан жасалған аппликация. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.1.5.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолдану |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушы үшін:***<br>Ұлттық кілем жасау өнерімен танысу. Тіктөртбұрышта ою-өрнекті орналастыру әдістерін зерттеу. Ою-өрнек шаблондарын қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>Сәндік қолөнермен танысып,<br>Бұйымды бірге жасайық. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді:<br>Сәндік-қолданбалы өнер дегеніміз не?<br>Сәндік-қолданбалы өнерге қандай бұйымдар жатады?<br>Сәндік-қолданбалы өнерге қандай материалдарды қолдануға болады?<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Құрал-жабдықтар: фетр мата, желім, қайшы |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(Ұ) Талқылайық!**<br>Ұлттық кілем жасау өнерімен танысу. Ата-бабаларымыз көшпелі өмір салтын ұстанса да, өздерінің алтын шаңырағын таза, ұқыпты, сәнді етіп ұстаған. Кілемді жерге жайсаң – төсеніш, қабырғаға ілсең – сән. Ол – қазақ халқының көне заманнан бері келе жатқан дәстүрлі үй мүлкінің ішіндегі көріктісі. Құнды бұйым – кілем өндіру үрдісі екі түрлі әдіспен жүзеге асырылады. Біріншісі – қолмен кілем тоқу, екіншісі – машинамен кілем тоқу. Қолмен кілем тоқу ағаштан жасалынған тоқыма станоктарында атқарылады. Қолмен тоқылған кілемдер өте берік болып, кейде жүз жылдан астам уақыт бойы пайдаланылады. Кілемнің бірнеше түрі бар.<br>*Түкті кілем.* Бірнеше қабаттан тұрады, оның негізгі арқауы – жекелеген жіптер және бір-біріне тығыз орналасқан түйіндер. Жіптердің ұшы біркелкі қырқылады да, ол қалың түк құрап, әлгі түйіндерді көрсетпей жауып тұрады.<br>*Тықыр кілем.* Ол – бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылатын бұйымдар.<br>*Аралас кілем.* Оның түгі қырқылмайды, кейде шеберлер түгінің жартысын қырқып, аралас кілем етіп шығарады.<br>*Тері кестелі өрнек кілем.* Ол – тоқыма емес, яғни түгі тігілмелі, шыбықшалы, желімді кілем, тұскиіз, ою-өрнек салынған тері кестелі өрме кілем. | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Ою-өрнек түрлерімен танысады, неге ұқсайтынын айтады.<br><br><br>  | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескриптор:**<br>- Берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Ырғақ және симметрия туралы біледі.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі.<br>- Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады.<br>- Кілем түрлерін біледі.<br>- Ою түрлерін біледі. | Интербелсенді тақта, кілем суреттері, ою-өрнек түрлері<br>Қазақтың ұлттық кілемдері (freepapers.ru)<br><br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br>https://qrmedia.kz/WkYNk<br>Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу. 20 минут | **Сергіту сәті:** «Мен қазақпын» әні.<br><br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс**. Бейнематериалға назар аудар. А4 өлшемдегі жасыл, сары түсті фетр матаны дайындап қой.<br>Алдымен жасыл түсті фетр матаны дайындап ал.<br>Сары түсті алып, екіге бүкте. Бүктелген матаның жартысына қарындашпен өрнек сал.<br>Сызықтың бойымен қиып ал.<br>Дайын болған өрнекті жасыл түсті фетр матаның үстіне желімдеп жапсыр.<br>Бұрыштарын қошқармүйіз өрнегімен безендір.<br>Композициясына назар аудар.<br><br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орнынды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Мата қиындыларын шашпа.<br>- Қайшымен жұмыс істегенде абай бол.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт. | Сергіту сәтін жасайды.<br><br>Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады.<br>Алдымен жасыл түсті фетр матаны дайындап алады.<br>Сары түсті алып, екіге бүктеп, бүктелген матаның жартысына қарындашпен өрнек салады.<br>Сызық бойымен қиып алады.<br>Дайын болған өрнекті жасыл түсті фетр матаның үстіне желімдеп жапсырады.<br>Бұрыштарын қошқармүйіз өрнегімен безендіреді. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Ырғақ және симметрия туралы біледі.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі.<br>- Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады.<br>- Қайшымен жұмыс жасауды біледі.<br>- Ою түрлерін біледі.<br>- Желімен жұмыс жасай алады. | <br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Жеке жұмыс 5 минут | **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. | Оқушылар өздері жасаған кілем түрлерін көрмеге ұсынады. | **Дескрипторы:**<br>- Берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Ырғақ және симметрия туралы біледі.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. | |
| Сабақтың соңы. Ой толғаныс. Рефлексия. 5 минут | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.** | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br><br>Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*<br><br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |  |
| | | | | |

**Қысқамерзімді жоспар. №7 сабаққа арналған ұсыныстар**



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | |
|---|---|
| Блок: | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Дизайн және сәулет |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **«Кітап бетбелгісі» –** түрлі түсті қағазбен орындау. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.1.6.1 Әртүрлі құрылымдық техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>«Қағаз пластикасы» ұғымымен танысу. Қағазбен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін үйрену. Жұмыста ию және бүктеу, қаттау, орау техникасын қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br>Қызығушылықты ояту<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды.<br>Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>Дизайнмен танысып,<br>Бұйымды бірге жасайық. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді:<br>Дизайн өнері дегеніміз не?<br>Дизайн өнеріне қандай бұйымдар жатады?<br>Дизайн өнерінің түрлерін білесің бе?<br>Қағаз пластикасы дегеніміз не?<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, сызғыш. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br><br>«Дизайн» сөзінің мағынасын түсіндіру. Өнердің көптеген түрі бар. Соның бірі – дизайн өнері. Өнердің ішінде дизайнның орны ерекше. Бұл өнер жас әрі өте жылдам дамып келе жатқан өнер болып табылады. «Дизайн» сөзі ағылшын тілінен аударғанда *сызба, сурет, жоба* дегенді білдіреді. «Дизайнер» деген сөз итальянның *disegro* деген сөзінен шыққан, қайта өркендеу дәуірінде сурет пен идеяны, жоба жұмыстарын солай атаған. Дизайн, қарапайым тілмен айтқанда, бір затты әшекейлеу, әдемілеу, безендіру деген мағына береді.<br><br>**Білгенге маржан.**<br><br>Жалпы қағазды кітап шығаруға қолданумен қатар ұлы суретшілер оны сурет салуға пайдаланады. Кейін келе суретші-конструкторлар, дизайншылар түрлі қағаздан әдемі заттар мен бұйымдар жасауды ойлап тапты. Жапон елінде қағаз пластикасы пайда болды, ол «оригам» деп аталады.<br><br>Қағаз пластикасымен жұмыс істеу үшін ең алдымен қағазды дұрыс бүктеу, қаттау және ию тәсілдерін меңгеру керек. Жұмыс істеуге өте қолайлы болып келетін түрлі түсті қағаздарды пайдаланған жөн.<br>Қағаздан әртүрлі бұйымдар жасауды сендер 1-сыныптан бастап үйреніп келесіңдер. Қағаздан жеке-дара қарапайым заттарды жасап үйрендіңдер. Енді солардың күрделі түрлеріне көшеміз. Қағазды бүктеу, орау, июдің бірнеше қайталанып келетін түрлерін көреміз. Жұмыс істеу кезінде өте ұқыпты, мұқият болмасаңдар, шатасып қалуларың мүмкін. Сондықтан әрдайым бүктейтін орындар мен қағаз орамдарды белгілеп отырған дұрыс. Қағаздан жасалатын бұйымның көлемдік жағына байланысты қағаз ішке қарай немесе кері бүктелуі мүмкін. Ал кейде қағаз орамы бірнеше рет қайталанып келуі де ықтимал. Сондықтан бүктеу тәсілдерінен шатаспау үшін, оны қарындашпен үзік сызықтар арқылы белгілеген дұрыс. | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Дизайн өнері туралы ақпарат алады, түрлерімен танысады.<br>Қағаз пластикасы ұғымымен танысады. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді.<br>Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторы:**<br>- Берілген ақпаратты түсінеді.<br>- Дизайн ұғымын біледі.<br>- Дизайн түстерін дұрыс айта алады.<br>- Қағаз пластикасы техникасымен бүктей алады. | Интербелсенді тақта. Презентация. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br>https://qrmedia kz/rfVoq | **Сергіту сәті:** Мен қазақпын.<br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>Жұмысқа қойылатын талаптар:<br>1. Жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін естен шығармау.<br>2. Технологиялық нұсқау көмегімен жұмысты орындау.<br>Жұмысты бастамас бұрын қажетті құралдарды дайындап аламыз. Интербелсенді тақтаға қарап, жұмыстың жасалу жолын түсіну үшін бейненұсқаны көріп алуымыз қажет. Мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тапсырманы орындап шығамыз.<br>Алдын ала дайындалған сызба – нобай бойынша жұмысты дайындап аламыз.<br>Қағазды бүктеу арқылы, яғни оригами техникасы бойынша кітап бетбелгісін құрастырамыз.<br><br>1. Түрлі түсті қағаздарды шаршы пішінінде қиып ал.<br>2. Қағазды диагональ бойымен бүкте.<br>3. Үшбұрышты қағаздың төбесіне қарай екі бүйір қабырғаларын бүкте. Содан кейін бүктелген бөлігін қағазды қайта кері бүкте.<br>4. Бүктелген буынның арасын ашып, суреттегідей қалыпқа келтір.<br>5. Қағаздың кішкентай ұшын ішке қайырып, қайта бүктеу керек.<br>6. Бүктелген бөліктерді желімдеп, біріктір.<br><br>Дайын болған бетбелгіні кітабыңның арасына салып көр<br>2. Адасқан құралдар.<br>Қалам ----------- біріктіреді<br>Қайшы -------------- өшіреді<br>Өшіргіш ------------ өлшейді<br>Желім --------------- жазады<br>Сызғыш --------------- қияды<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде орында.<br>- Қайшыны дұрыс қолдану қажет.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт. | Сергіту сәтін жасайды.<br><br>Оқушылар бейнебаянды көріп, тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырады. Тапсырманы аяқтайды.<br><br>Алдын ала дайындалған сызба нобай бойынша жұмысты дайындап алады.<br>Қағазды бүктеу арқылы, яғни оригами техникасы бойынша кітап бетбелгісін құрастырамыз.<br><br>1. Түрлі түсті қағаздарды шаршы пішінінде қиып ал.<br>2. Қағазды диагональ бойымен бүктейді.<br>3. Үшбұрышты қағаздың төбесіне қарай екі бүйір қабырғаларын бүкте. Содан кейін бүктелген бөлігін қағазды қайта кері бүктейді.<br>4. Бүктелген буынның арасын ашып, суреттегідей қалыпқа келтіреді.<br>5. Қағаздың кішкентай ұшын ішке қайырып, қайта бүктеу керек.<br>6. Бүктелген бөліктерді желімдеп, біріктіреді.<br><br>Дайын болған бетбелгіні кітабыңның арасына салып көр | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br> | QR код<br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | **«Бес саусақ» тәсілі.**<br>Бас бармақ – басты мәселе.<br>*Бүгін сабақта сөз болған ең құнды мәселе не?*<br>Балаң үйрек – бірлесу. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым* | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Мен сыныпта қалай жұмыс істедім?*<br>*Кімге көмек бердім?*<br>*Кімді риза қылдым?*<br>Ортан терек – ойлау.<br>*Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*<br>Шылдыр шүмек –шынайылық.<br>*Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*<br>Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы.<br>*Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?* | | *бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*<br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. | |

**Қысқамерзімді жоспар. №8 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **«Менің мектебім»**<br>Қатырғықағаздан модельдеудің әртүрлі әдістерін үйрену. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.1.6.2 Модельдеудің әртүрлі техникалары мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану |
| Сабақтың мақсаты: | <u>*Барлық оқушы үшін:*</u><br>«Сәулет»ұғымымен танысу. Қатырғықағаздан модельдеудің әртүрлі әдістерін үйрену. Жазықтық модельдеу әдістерін қолдану. |
| Құндылықтарға баулу: | Өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ)** «Достық шеңбері» – жылулық шеңбері. Оқушылар шеңберге жиналады. Мұғалім ортаға орындық қойып, кез келген балаға отыруды ұсынады. «Күлгін көзілдірікті» киіп (күн сәулесін қорғайтын әйнегі күлгін түсті көзілдірік жарайды), сол арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін көруге болатынын айтады. Оқушылар отырған баланың жақсы қасиеттерін айтады. Оқушылар қалаулары бойынша көзілдірікті кезекпен киіп, ортадағы баланы мадақтайды.<br><br>**Жұмыс ережесімен келісу.**<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар шеңберге жиналады. Көзілдірікті киіп, ортадағы оқушының жақсы қасиеттерін айтады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Дизайн өнері дегеніміз не?<br>Дизайн өнеріне қандай бұйымдар жатады?<br>Дизайн өнерінің түрлерін белесің бе? | Әр оқушы жауабынан кейін қол шапалақтап, қошемет жасайды.<br> | Интербелсенді тақта.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: сурет дәптері, түрлі түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, сызғыш, шырын ыдысы. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Уақытты үнемдейміз!<br>Нақты, дәл жауап береміз!<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br>«Сәулет» ұғымымен танысу.<br>Бейнелеу өнерінің бірі – сәулет өнері. Сәулет – құрылыс өнері, жобалау және құрылыс салу өнері. Архитектура латынша *architectura,* ал грекше *architekton,* яғни «құрылысшы» деген мағынаны білдіреді. Олар: әртүрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер.<br>Қазақстан сәулет өнерінің көпғасырлық тарихы бар. Еліміздің сәулет өнері орта ғасырлардан қазіргі кезеңге дейін дамып келеді. Қазақ даласында мекен еткен халықтар киіз үй жағдайында өмір сүріп келгені де бізге тарихтан белгілі. Киіз үй – әлемдегі өте ертеден бері пайда болған үйлердің бірі. Киіз үйдің ішкі кеңістігі кең әрі дөңгелек болады. Тұрғындардың талғамына сай безендіріліп, жайлы ірі дала тіршілігіне ыңғайлы болып келеді.<br>*«Модельдеу» ұғымымен танысу.*<br>Модель – кез келген нысанның қарапайым кейпі. Нақты обьектіні, процесті немесе құбылысты ықшам әрі шағын түрде бейнелеп көрсету. Модель сәулет өнерінде материалдық немесе ақпараттық түрде жүзеге асырылады. Бір нысанда бірнеше модель болуы мүмкін. Мысалы, ғимаратта бірнеше бөлшектердің моделі әртүрлі болып келеді. Терезе, есік, шатыр, сыртқы ұсақ бөлшектердің модельдері әртүрлі материалдардан жасауы мүмкін. | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Сәулет өнері туралы ақпарат алады, түрлерімен танысады.<br><br>Сәулет өнері дегеніміз не?<br>Сәулет стильдерінің түрлерін білесің бе?<br>Модель дегеніміз не?<br>Модельдің қандай түрлері бар?<br>Қандай мысалдар келтіруге болады? | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді.<br>Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескриптор:**<br>- Сәулет ұғымын біледі.<br>- Сәулет стильдерін есінде сақтайды.<br>- Модель ұғымын біледі, түрлерін дұрыс айта алады. | Интербелсенді тақта. Презентация.<br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br><br>https://qrmedia kz/ ozByz | **Сергіту сәті: «Тиынды тап»** ойыны. Оқушылар шеңбер болып тұрады, алақандарын жауып тиынды салады, сосын тиынды бір-бірінің алақанына салып тұрады, бір оқушы ортаға шығып, тиын кімнің қолында екенін табу қажет.<br>**(ЖЖ)** Оқушыларға геометриялық пішінді және ерекше салынған суретті ғимараттардың суретін ұсыну.<br>Оқушыларға осы ғимараттардың геометриялық пішіндерін анықтау бойынша тапсырма беру. Оқушылар ғимараттардың пішінін талдап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.<br>**Практикалық жұмыс.** «Ертегі қамалы» тақырыбында сәулетті ғимаратты құрастыру. Алдын ала дайындап алып келген материалдарды, мысалы, түрлі заттардан босаған қорап, қағаз, қол сүртетін сүлгіден босаған қатырғықағаздан өз қиялындағы ғимараттарды құрастыру. Шығармашылық жұмысты бастамас бұрын материалдар және құралдармен жұмыс істеудің техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту. Жұмысты бастамас бұрын қажетті құралдарды дайындап аламыз. Интербелсенді тақтаға қарап, жұмыстың жасалу жолын түсініп алып, бейнеұсқаны көріп алуымыз қажет. Мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тапсырманы орындап шығамыз.<br>Сурет салатын альбомыңды көлденеңінен орналастыр.<br>1. Мектептің іргетасы үшін қара түсті қағазды алып, енін 2 см, ұзындығын 15 см өлшемде сызып, қайшымен қиып ал.<br>2. Мектептің қабырғасын оң және сол жақ бөліктерін сары түсті қатырғықағазды алып, ені 5 см, биіктігі 8 см өлшемде сызып, екі данасын қайшымен қиып ал.<br>3. Ортаңғы басты ғимарат қабырғасын биіктігі 10 см, ені 5 см өлшемде қайшымен қиып ал.<br>4. Қызыл түсті қағазды алып, есіктің ені 1,5 см, ені 3 см өлшемде қайшымен қиып ал.<br>5. Көк түсті қағаздан терезенің ені 1,5 см, биіктігі 2 см өлшемде қайшымен қиып ал.<br>6. Қоңыр түсті қағазды алып, шатырдың өлшемін дайында. Ені 6 см, биіктігі 3 см тіктөртбұрыш пішінді қағазды қиып ал. Дайын болған бөлшектерді сурет дәптеріне ретімен жапсыр, достарыңмен бөліс.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде орында.<br>- Қайшыны дұрыс қолдан.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүртуді ұмытпа. | Сергіту сәтін жасайды.<br><br>Ғимараттардың пішінін анықтайды.<br>Оқушылар бейнебаянды көріп, тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырып, тапсырманы аяқтайды.<br>Сурет салатын альбомыңды көлденеңінен дайындап қояды<br>1. Мектептің іргетасы үшін қара түсті қағазды алып, ені 2 см ұзындығы 15 см етіп сызғыштың көмегімен сызады. Оны қайшымен қиып алады.<br>2. Мектеп қабырғасының оң және сол жақ бөліктерін сары түсті қатырғықағаздан дайындайды. Ені 5 см биіктігі 8 см тіктөртбұрыштың екі данасын сызғыштың көмегімен сызып, қайшымен қиып алады.<br>3. Ортаңғы басты ғимарат қабырғасын биіктігі 10 см, ені 5 см етіп сызғыштың көмегімен сызып алып, қайшымен қиып дайындайды.<br>4. Қызыл түсті қағаздан есікті жасайды. Ол үшін ені 1,5 см, ұзындығы 3 см тіктөртбұрыш сызып алып, қайшымен қияды.<br>5. Көк түсті қағаздан терезенің енін 1,5 см, биіктігін 2 см өлшемде дайындап, қайшымен қиып алады.<br>6. Қоңыр түсті қағаздан шатырын дайындайды. Ені 6 см, биіктігі 3 см тіктөртбұрышты сызғыштың көмегімен сызып, қайшымен қиып алады.<br>Дайын болған бөлшектерді сурет дәптеріне ретімен жапсырады. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br><br>Практикалық жұмыстың сәнді шығуына назар аудара отырып, бірін-бірі бағалау.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Дұрыс желім жағуды біледі.<br>- Ғимарат түстерін дұрыс таңдай алады.<br>- Қайшымен дұрыс қиюды біледі.<br>- Ғимарат модельдерін өз орындарына дұрыс орналастыра біледі. | <br><br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жеке жұмыс<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру. «Галерея» әдісі».** Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. «Шағын қала» көрінісін ұйымдастыру. | Оқушылар қораптан жасаған сәулет ғимараттарын көрмеге ұсынады. | Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруын ұсыну. |  |
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>5 мин. | Ескерту: егер жұмыс толық аяқталмаса, келесі сабақта толықтыруға болады. Аяқтаған оқушылар өз жұмысы туралы баяндайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды «НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылардың жауаптарына толықтырулар енгізіп отыру. | |

**Қысқамерзімді жоспар. №9 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бейнелеу өнері әлемі |
| Бөлім: | Өнер туындыларын қабылдау |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Өнер түрлерін, олардың сипаттамаларын зерттеу.** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.2.1.1 Өнер туындыларының тақырыптарын және осы жұмыстарды орындау материалдарын талқылау |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Қазақстан және әлемдік бейнелеу өнерімен танысу. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br>Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) Сұхбат жасау.**<br>- Өнер дегеніміз не? (Өнер – адамның шығармашылық әрекетінің нәтижесі)<br>- Өнердің қандай түрлерін білесіңдер? (Музыка, би, сөз өнері, театр, цирк, актер, бейнелеу өнері т.б.)<br>- Өнер біздің өмірімізді қалайша өзгертеді?<br>**Жұмыс ережесімен келісу.**<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз!<br>Нақты, дәл жауап береміз!<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Қойылған сұрақтарға жауап беру. Оқушылар өнердің негізгі түрлерімен танысады, түсінігін кеңейтеді. Өнердің көпқырлы екенін, олар көрермендермен түрлі құралдар арқылы тілдесетінін түсінеді. | Әр оқушы жауабынан кейін қол шапалақтап, қошемет жасайды.<br> | Интербелсенді тақта.<br>Сурет дәптері, қажетті құрал-жабдықтар, түрлі түсті қатырғыңағаз, желім, қайшы, сызғыш, шырын ыдысы.<br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көрсетеміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br>Бейнелеу өнері (ағылш. figurative art, франц. art figuratif, нем. bildendr Kunst) – дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнері дегеніміз – айналамыздағы өмір көріністерін жазықтықта әрі кеңістікте бейнелеу арқылы суреттейтін өнер түрі. Бейнелеу өнер түрлері кескіндеме, графика, мүсін, сәулет өнері, сәндік-қолданбалы өнер және дизайн болып алты түрге бөлінеді.<br>Бейнелеу өнері – адам қиялының шексіздігін көрсететін өнер түрі. Әлемдік бейнелеу өнерінде нақты қалыптасып, өз орнын тапқан ежелгі және жаңа 10 бағыт бар. Солардың бірнешеуімен танысайық.<br>**Импрессионизм** XIX ғасырдың аяғында Францияда пайда болды. Бұл бағыттың өкілдері шынайы әлемді сол қалпында бейнелеуге тырысты<br>**Постимпрессионизмді** тұтас бір бағыт ретінде қарастыру қиын, өйткені бұл бірнеше стильдің қосындысынан туындайды. Бұл бағыттың суретшілері бір сәтті бейнелеп қоймай, қоршаған ортаның созылмалы сәтін бейнелеуге тырысқан.<br>**Фовизм.** Дәстүрлі өнерге нүкте қойған бағыттардың бірі саналатын фовизмге суретте көлем мен кеңістікті жинақтау арқылы пішіндерді қарапайым бейнелеу, түстік көлеңке мен сызықтық белгілердің болмауы тән.<br>**Абстрактілі бағыт** XX ғасырдың алғашқы жартысында пайда болған. Бұл бағытта жұмыс істегендер шынайы өмірдің «пішінін» қабылдаудан бас тартты.<br>Абстракционизмнің басты бағыты – геометриялық пішіндер мен түстердің өзара үйлесімін қалыптастыру.<br>**Кубизм** бағыты алғаш рет 1907 жылдан бастап қолданыла бастады. Оның басты өкілдері Пабло Пикассо мен Жорж Брак атанды. Кубизм негізінде жұмыс істеген суретшілер қарапайым заттарды үш өлшемді пішінде беруге тырысқан.<br>**Минимализм** – қарапайымдылық. Суретші бұл бағытта сурет салу барысында көбіне бейтарап түстер пайдаланған, қарапайым әрі аз заттарды қолданып, ішкі сезімдерін білдіруге тырысқан.<br><br>Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу және даму жолы өте күрделі болды. Оның бастауында этнограф, ғалым | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап сұрақтары болса сұрақ қояды. Өнер түрлері туралы ақпарат алады, түрлерімен танысады.<br><br>Оқушыларға бейнелеу өнерінің әр түріне жататын жұмыстардың репродукциялары ұсынылады, оларды бейнелеу өнерінің негізгі түрлеріне қарай бөлу керек. Бейнелеу өнері бағыттарымен танысады, жазылған қағаз тақтаға ілініп, оқушыларға әрқайсысының астына бағыт бойынша сәйкес туындыларды қойып шығу тапсырылады. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Оқушылар өнердің не екенін, өнер түрлерін, бейнелеу өнері түрлерін білді.<br>- Әр алуан өнер түрлерінің басты әсерлегіш құралдарын анықтап, бейнелеу өнері түрлерін ажыратуды үйренді.<br><br>Тапсырманы жақсы орындаған оқушылардың жауабына қошемет көрсету. | Интербелсенді тақта. Презентация.<br>Ақпарат дереккөзі:<br>https://massaget kz/layfstayl/madeniet/kino/suret/58106/?ysclid=ldr7cr3da773968219<br>**Импрессионизм**<br><br>**Постимпрессионизм**<br><br>**Фовизм**<br><br>**Абстрактілі бағыт**<br><br>**Кубизм** |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ш. Уәлиханов тұрды.<br>Қазақстанда бейнелеу өнерінің кәсіпқой шеберлерін даярлайтын студия 1920 жылы ұйымдастырылып, онда Н.Г. Хлудов, Н. Антонов және мүсінші А.С. Пономарев сабақ берді.<br>20 ғасырдың 20–30 жылдары Қазақ бейнелеу өнері шеберлері алғашқы қадамдарын жасады. Олар (Н.И. Крутильников, Ә. Қастеев, Ә. Ысмайылов, И.И. Савельев, Б. Сәрсенбаев, Қ. Қожықов т.б.) өздерінің қарапайым мазмұнға құрылған алғашқы еңбектерінде елімізде болып жатқан өзекті өзгерістерді бейнелеуге ұмтылды.<br>Қазақ бейнелеу өнерінің дамуына А. Ғалымбаева, Г .Ысмайылова, Қ. Телжанов, М. Кенбаев, С. Мәмбеев, Ә. Жүсіпов, С. Романов, А.М. Степанов, К. Шаяхметов, Ү. Әжиев т.б. суретшілердің тақырыптық картиналары үлкен үлес қосты. | | | <br>**Минимализм**<br> |
| Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу. 20 минут<br> | **Сергіту сәті: «Тиынды тап»** ойыны. Оқушылар шеңбер болып тұрады, алақандарын жауып тиынды салады, сосын тиынды бір-бірінің алақанына салып тұрады, бір оқушы ортаға шығып тиын кімнің қолында екенін табу қажет<br>**Өнер түрлеріне саяхат**. Интербелсенді тақтадағы өнер түрлеріне арналған бейнебаянды тамашалап, өнер түрлеріне саяхат жасаймыз.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Қайшыны дұрыс қолдану қажет.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүртіп немесе жуу қажет. | Сергіту сәтін жасайды.<br><br>Оқушылар бейнебаянды көріп, тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырып, тапсырманы аяқтайды. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**Дескрипторы:**<br>- Өнер түрлерін біледі.<br>- Қажетті материалдарды таңдай алады.<br>- Өнер түрлерінің бағыттарын біледі.<br>- Қажетті құрал-жабдықтарды дұрыс таңдай біледі. | Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Сабақтың соңы. Ой толғаныс. Рефлексия. 5 минут | **«Ашық микрофон» әдісі.**<br>***Ескерту.*** Егер жұмыс толық аяқталмаса, келесі сабақта толықтыруға болады. Жұмысын аяқтаған оқушылар өз жұмысы туралы баяндайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Сабақтан қандай әсер алғанын, не ұнағанын «Ашық микрофон» әдісі арқылы баяндайды. Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. «НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН?» сұрақтарына жауап береді. | Оқушылардың жауаптарына толықтырулар енгізіп отыру. |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Қысқамерзімді жоспар. №10 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Бейнелеу өнері әлемі |
| Бөлім: | Графика |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **«Күзгі көгөністер»** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.2.2.1 Графика түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу. |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>«Графика» ұғымымен танысу. Бейнелеудегі дақтармен, тушьпен нүктелеп жазу сияқты мәнерлеп орындау құралдарымен танысу, қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>7 минут<br><br>**Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:** Шаттық шеңберге тұрғызу.<br>Бақша біздің жаман емес,<br>Бұршақ және сәбіз бар.<br>Пияз бенен қызылша,<br>Қызанақ пен қияр бар.<br>Балалар, бізге келіңдер,<br>Дәмін татып көріңдер!<br>**(ЖЖ) Түрткі сұрақтар қою.** Бейнелеу өнерінің қандай түрлерін білесің?<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Сендер табиғаттан қандай өзгерістерді байқадыңдар?<br>**(ҰЖ) Талқылайық!** Графика – бейнелеу өнерінің түрі. Графика гректің «жазамын», «сурет саламын» деген сөзінен шыққан. Графика – қағаз немесе қатырғықағазға салынатын сурет. Графика – құралдарына қарындаш, тушь, көмір қылқалам, құрғақ пастель, көмегімен немесе арнайы баспа машиналардың көмегімен салынатын сурет. Егер шығармадағы басты әсерлегіш құрал сызық, штрих, дақ болып келсе, онда бұл графика деп аталады. Графикадағы басты әсерлегіштер – сызық және штрих. Штрих – көп, біртектес сызықтардың жиынтығы. Штрих түзу, доғал, көлбеу т.с.с. болуы мүмкін.<br>Графика өнерінің түрлері: линогравюра, литография, гравюра, кітап графикасы, компьютерлік графика, қолданбалы графика, өнеркәсіптік графика. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Шаттық шеңберге тұрып, берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап айтады.<br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Сұрақтарға жауап береді. Оқушылар бейнелеу өнерінің түрлерін атайды. Күз мезгілі. Жапырақтар сарғайды, күн суытады, жаңбыр жиі жауады, құстар жылы жаққа ұшады.<br><br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Тақтада ілінген бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтармен, жұмыс істеу тәсілдерімен танысады. | Ауызша бағалау<br>Тамаша!<br><br>«Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br><br>Сұраққа жауап береді. | Интербелсенді тақта.<br>Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажет құрал-жабдықтар<br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br>https://qrmedia kz/ LQYH6<br><br><br>Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>8 мин. | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс.**<br>Тақтада көрсетілген бейнематериалға қарап, кезеңдер арқылы жай және түрлі түсті пастельмен орындап шық. Сурет дәптеріне тігінен немесе көлденеңінен салудың композициясын ойлан. Графикалық материалдарды қолдана отырып, көгеністің суретін түстерімен сәйкестендіріп боя.<br>Сурет салу дәптерін көлденең дайындап қой.<br>Жай қарындашты алып суреттің композициясын ойластыр.<br>Алдымен бұрыштың суретін шаршы сызып оны бөліктерге бөліп қарындашпен пішінін келтіріп сал.<br>Дайын болған суретті қызғылт сары түспен бояуды баста.<br>Жарық түсіп тұрған жерін сары түспен боя.<br>Бұрыштың сабағын жасыл түспен боя.<br>Көлеңке түсіп тұрған жерін қызыл түспен бояп, аз ғана қоңыр түс араластыр.<br>Бұрыштың жердегі көлеңкесін суық көк түспен жан жағын ашық көк түспен бояп жұмысты аяқта.<br>Мұғалім әр оқушыға жекелей көмек көрсетіп бағыт-бағдар береді.<br>Үш саусағым бірікті,<br>Қолға қалам ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Құмыраның суретін салады.<br>**Сергіту сәті ретінде** және бүгінгі сабақпен байланыстыра отырып<br>**Жұмбақ**<br>Іші жұмсақ,сырты қатты,<br>Еті қызыл, сүті тәтті.<br><br>Аспай піскен,<br>Қайнамай түскен.<br><br>Жер астында жез қазық,<br>Жеуге болар ас қасық.<br>Оқушылардан бүгінгі сабақта не үйренгендерін сұрау.<br>Кері байланыс **«Ашық микрофон»** әдісімен сабақты қорытындылау.<br>- Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>- Сабақта не ұнады?<br>- Графика дегеніміз не?<br>- Штрихтың қандай түрлері бар?<br>- Көгеністердің суретін салу сендерге ұнады ма?<br>- Олардың адам ағзасына пайдасы қандай?<br>- Жемістерден не жасауға болады?<br>- Көгеністерден не жасауға болады?<br>Балаларға үйден өздері сүйіп жейтін жеміс немесе көгеністің суретін салып келуді тапсыру. | **(Ө)** Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Қол жаттығуларының қажеттілігін ұғына отырып жасайды.<br><br>Сурет салу дәптерін көлденең дайындап қой.<br><br>Жай қарындашты алып, суреттің композицциясын ойластырады.<br>Алдымен бұрыштың суретін шаршы сызып, оны бөліктерге бөліп, қарындашпен пішінін келтіріп салады.<br>Дайын болған суретті қызғылт сары түспен бояуды бастайды.<br>Жарық түсіп тұрған жерін сары түспен бояйды.<br>Бұрыштың сабағын жасыл түспен бояйды.<br>Көлеңке түсіп тұрған жерін қызыл түспен бояп, аз ғана қоңыр түс араластырады.<br>Бұрыштың жердегі көлеңкесін суық көк түспен жан жағын ашық көк түспен бояп жұмысты аяқтайды.<br>Оқушылар жұмбақтың шешуін табуға тырысады.<br>Қарбыз<br>Жеміс<br>Сәбіз<br>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>Жемістің суретін салу. | **Дескриптор:**<br>- Сызық түрлері мен элементтерін атайды.<br>- Композициялық шешімін біледі.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Өз ойларын дұрыс жеткізе біледі.<br>- Штрихтың түрлерін біледі.<br>- Сызықтар бойынша орындай алады.<br>- Түрлі түсті пастельмен бояуды біледі. | Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар<br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Қысқамерзімді жоспар. №11 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Бейн елеу өнері әдемі |
| Бөлім: | Кескіндеме |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | «Саябақ» – гуашь материалымен сурет салу. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.2.3.1 Кескіндеме түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>«Кескіндеме» ұғымымен танысу. Пастозды кескіндеме техникасымен танысу және жұмыста қолдану. Суретте перспективалық әдістерді қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>7 минут<br><br>**Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) Психологиялық ахуал қалыптастыру.** «Ғажайып жылулық шынжыры» жылулық шеңбері. Балалар бір-біріне жымиып күлу арқылы бір-біріне ізгі тілектерін айтады.<br>Жұмыс ережесімен келісу.<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз!<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>**(ЖЖ)** Түрткі сұрақтар қою.<br>Оқушыларға бірнеше суреттерді ұсыну.<br>Бейнелеу өнерінің қандай түрлерін білесің?<br>Кескіндеме дегеніміз не?<br>Саябаққа барып көрдің бе?<br>Саябақтан не көрдіңдер?<br>**(ҰЖ) Талқылайық!**<br>**«Кескіндеме» ұғымымен танысу**. Кескіндеме, кескіндеу өнері (живопись) – бейнелеу өнерінің бір түрі. Ол белгілі бір заттың бетіне бояу арқылы салынатын көркем шығарма өнердің барлық басқа түрлері сияқты, кескіндемеде идеологиялық және танымдық қызмет атқарады, адамға эстетикалық ләззат беретін құнды да әсем шығармалар тудырады. Жақсы суретші болу үшін табиғатты мұқият бақылап отырып, оны бейнелей білу керек. Егер шығармадағы басты әсерлегіш құрал – түстер, дақ болып келсе, онда бұл кескіндеме өнері болады. Кескіндеме құралдарына қарапайым қарындаш, акварель гуашь, қара гель қалам, түрлі түсті қарындаштар, пастельдер, балауыз қарындаштар, маркер жатады. Кескіндемедегі басты әсерлегіштер – түстер | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар бір-біріне ізгі тілектерін білдіреді.<br><br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Сұрақтарға жауап береді. Оқушылар бейнелеу өнерінің түрлерін атайды.<br><br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушылар қоршаған ортадан өздеріне таныс түстерді атайды<br>Тақтада ілінген бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтармен, жұмыс істеу тәсілдерімен | Ауызша бағалау<br>Тамаша!<br><br>«Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br><br>«Керемет сурет» «Өте ұқыпты боялған» «Сенің қолыңнан бәрі келеді» сияқты тіркестерді пайдалану. | Интербелсенді тақта.<br>Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар, гуашь<br><br>ttps://infourok.ru/poztozdi-keskindeme-kompoziciyali-ortali-ozalis-seruen-atti-tairipa-suret-salu-klass-2547291.html?ysclid=ldrao5leq4485908114 |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мен дақ. **Сызықтық перспектива ұғымы.** Перспективалық бейнелеудің өзіндік ережелері бар. Онымен танысу үшін мынадай тәжірибе жасап көрейік. Мына бұлттарға назар аудар көлемі жағынан бірдей болғанымен алыс жақында орналасуына байланысты үлкен, кіші болып көрінеді. Көлемі бірдей заттар әртүрлі қашықтықта тұрса, онда алыста тұрған затқа қарағанда жақындағы зат үлкен болып көрінеді. Демек, жақында орналасқан затты алыста тұрған заттан үлкендеу етіп бейнелеу қажет. Бұл сызықтық перспективаның ережесі деп аталады. Оны анықтау үшін тақтадағы суретке мұқият назар аударамыз. | танысады. | | |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br>https://qrmedia.kz/2aKhB | **Мұғалімнің түсіндіруі.** Гуашь – суда еритін коймалжың бояу түрі. Қылқалам – кескіндемеші-суретшінің қолындағы ең басты құрал. Қылқаламмен жұмыс істеудің көптеген тәсілі бар. Соның бірі – бояуды баса жағу. Гуашь бояулары қағаз бетіне коймалжың болып түседі, гуашь туындыларының ең басты қасиеті болып табылады. Табиғатқа серуендеуге шығамыз. Күз – жылдың тамаша мезгілі. Айнала қандай әдемі! Айналамызда сан алуан түстер кездеседі. Олар сенің көңіл күйіңе өз әсерін тигізеді. Біз күзгі жауыннан кейінгі саябақтың суретін кезеңдерімен орындаймыз.<br><br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс.**<br>Суретті неге сулы қағазға салады? (Кейде анық емес, көмескілік қажет болады).<br>Қағазды аздап ылғалдауды үйрету. Қағаз тым сулы болса, сурет шықпауы мүмкін. Сондықтан мақтаны таза суға малып алып, сығып, қағаз бетіне түгел немесе кейбір бөліктеріне жүргіземіз. Осылай қағаз әзір болады. «Саябақ» қандай өзгерістерге ие болады?<br>Сурет салатын парақ дайын болғанша, сұрақтарға жауап беру. (Жел тұруы, ағаштар қозғалады).<br>Бейнематериалды қарап, көрсетілген кезеңдер бойынша орында. Оқушылар гуашь бояуын қолдана отырып, кезеңдермен көрсетілген суретті орындайды.<br>Сурет салу дәптерін тігінен қойып, дайындап ал.<br>Жай қарындашты алып, көкжиек сызығын сыз. Саябақ жерін, көшені, ағаштардың орналасуын белгілеп, суретін сал.<br>Дайын болған суреттің композициясының дұрыстығын тексер.<br>Қылқаламды суға малып, аспанды ашық көк түспен бояп, кепкенін күт.<br>Аспанның түсі кепкеннен кейін, ағаштардың жапырақтарын сары, жасыл, қызыл, күлгін, қызғылт сары түстермен бірінің үстіне бірін араластыра жағып боя.<br>Жерді сары, қызғылт сары, жасыл түстермен бояп, кепкенін күт.<br>Жер бетіне көшенің оң және сол жақ бетіне ағаштарды қара түспен салып, перспективалық тәсілмен орналастыр.<br>Көше бойына шамдардың суретін сал, орындықтарды орналастырып, боя.<br>Кепкенін күт.<br>Салған суретіңді достарыңмен бөліс, көрмеге ұсын.<br>Мұғалім әр оқушыға жекелей көмек көрсетіп, бағыт-бағдар береді. | Оқушылар бүгінгі сабақ тақырыбын ашады.<br><br>**(Ө)** Түсіндіру барысында өз жауаптарымен мұғалімге көмек беріп отырады.<br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушылар бізді қоршаған орта түрлі түсті, әрбір заттың өзіне тән түсі бар деген қорытынды шығарады.<br><br>Сурет салу дәптерін тігінен қойып дайындайды.<br>Жай қарындашты алып, көкжиек сызығын сызады. Саябақтың жерін, көшені, ағаштардың орналасуын белгілеп, суретін салады.<br>Дайын болған суреттің композициясының дұрыстығын тексереді.<br>Қылқаламды суға малып, аспанды ашық көк түспен бояп, кепкенін күтеді.<br>Аспанның түсі кепкеннен кейін ағаштардың жапырақтарын сары, жасыл, қызыл, күлгін, қызғылт сары түстермен бояуды бірінің үстіне бірін араластыра жағып, бояйды. | Оқушылардың жауабын толықтыру<br><br>**Дескрипторы:**<br>- Түс түрлері мен элементтерін атайды.<br>- Сызықтық перспективасын ескере отырып, бейнелей алады, қағазға саябақты салуды біледі.<br><br>Көмек қажет еткен оқушыларға көмек беру<br><br>Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің | Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар: жай қарындаш, өшіргіш, гуашь, су құятын ыдыс, қылқалам, жұмыс дәптері.<br><br><br>https://www.youtube.com/watch?v=tObAYSGANBY |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br>Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>8 мин. | **Сергіту сәтін** бүгінгі сабақпен байланыстыра отырып ұйымдастырады.<br>**(МК) Сергіту сәті**<br>Кітап туралы көңілдіән ырғағына қосыла отырып, би қимылдарын көрсетеді.<br>Оқушылардан бүгінгі сабақта не үйренгендерін сұрау.<br>**«Бірауыз сөз» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>- Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>- Сабақта не ұнады?<br>- Бұлттар қандай түспен боялады?<br>- Саған қандай түс ұнайды? Неге?<br>- Сызықтық перспектива дегеніміз не?<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына іледі. Өз қолындағы жұлдызды ұнаған суретіне жапсырады. | Жерді сары, қызғылт сары, жасыл түстермен бояйды, кепкенін күтеді.<br>Көшенің оң және сол жақ бетіне ағаштарды қара түспен бейнелеп, перспективалық тәсілмен орналастырады.<br>Көше бойына шамдардың суретін салып, орындақтарды орналастырады. Бояп, кепкенін күтеді.<br>Салған суретін көрмеге қоюға ұсынады.<br>**(Ұ) Сергіту сәті:** Кітап туралы көңілдіән ырғағына қосыла отырып, би қимылдарын қайталайды.<br>Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br>Оқушылар көрме ұйымдастырады.<br>Өз жұмыс орнын жинауын қадағалау. | үстіне жапсыруды ұсыну.<br>Көрме ұйымдастыру арқылы әдемі салынған жұмысты таңдау. |  |

**Қысқамерзімді жоспар. №12 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| **Блок:** | Бейнелеу өнері әлемі |
| **Бөлім:** | **Мүсін** |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **«Балық»** - ермексаздан жасалған рельефті мүсін. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.2.4.1 Мүсін түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі. Мүсіндеуге арналған құралдарды және жұмысты орындау техникасын білу. |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушы үшін:***<br>«Мүсін» ұғымымен танысу. Жұмыста түрлі түсті рельефпен танысу және техникасын қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br>Қызығушылықты ояту.<br>7 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br><br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен.<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>Балықтармен танысып,<br>Мүсінін бірге жасайық. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br>Мүсін дегеніміз не?<br>Мүсінді қандай заттардан жасалады?<br>Мүсіннің ерекшелігі неде?<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Ермексаз, қажетті құрал-жабдықтар<br> |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** Мүсін – бейнелеу өнерінің ерекше түрі. «Мүсін» атауы латынның «қашау» деген сөзінен шыққан. Мүсінші деп, қарапайым сазбалшықтан бастап мәрмәр тасқа дейін меңгерген, әртүрлі мүсіндерді сазбалшықтан илеп, ағаштан шауып, тастан қашап жасайтын адамды айтамыз. Мүсін өнері монументті, қондырғылы және шағын көлемді болып бөлінеді. Мүсіннің пішініне қарай түрлері дөңгелек, бедер, барельеф, горельеф, контррельеф болып бөлінеді. Мүсіндеу құралдары жұмсақ затпен жұмыс кезінде қосылып отырады, негізгі құрал – мүсіншінің қолдары. Ал қатты заттармен жұмыс кезінде кескіш, стектер, мастихин балға қажет болады. Мүсінші шеберханасына мүсін қондырғысы, стектер, ілмектер, мүсін циркулі қажет болады. Материалына қарай орындау техникасы: жапсыру – жұмсақ материалдарға, қашау – таска, ою – ағашқа, құю – металға қажет болады. Біздің айналамызда әртүрлі заттар бар. Олардың пішіндері сан алуан. Пішін – заттың сыртқы көрінісі, сипаты. Ол жазық | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Слайд<br><br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | немесе көлемді болуы мүмкін. | | | |
| Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу. 3 минут | **Білгенге маржан**<br>Мүсіндеудің негізгі объектісі – адам. Мүсін өнері ежелден келе жатқан көне өнердің бір түрі болып табылады. Ол тас дәуірінен бастап қалыптасқан, өңделе келе классикалық өнерге айналған. Қазақстан аумағында мүсіннің тарихы тереңде жатыр.<br>Мүсіндеудің түрлері: монументті мүсіндеу және рельефті мүсіндеу. Монументті мүсіндеуде оны барлық жағынан көруге болады. Рельефті мүсіндеу жазықтық бетінде орындалады. Қазақ мүсін өнерінің қалыптастырушысы Хакімжан Наурызбаев (1925–2009) – «Парасат», «Кавалер» ордендерінің иегері, 300-ден астам жұмысы бар. Солардың ішінде ең танымал жұмыстары: «Абай Құнанбаев» (1960) ескерткіші, «Ш .Уәлиханов» (1969) ескерткіші, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының алдында орналасқан биіктігі 8 м Ж. Жабаев ескерткіші. Олар тұлғалық мүсінге жатады.<br>**(ЖЖ)** Ермексаз – әртүрлі пішіндегі бұйымдарды мүсіндеуге болатын жұмсақ материал. Ермексаз кескіш – ермексазбен жұмыс істеуге арналған пластиктен немесе ағаштан жасалған құрал.<br>**(ҚЕ)**<br>**Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Ермексаз бен құралдарды аузыңа салма.<br>- Тек арнайы тақтайшада ғана жұмыс жаса.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт. | Оқушылар мұқият тыңдап, сұрақтары болса, қояды.<br><br>Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br> | <br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Жеке орындау<br><br>15 мин<br><br>https://qrmedia.kz/VTHhC | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс.** Балалар, енді ермексазбен жұмыс істеуге көшейік. Ол үшін балық мүсінін жасап үйренейік.<br>Ең алдымен ермексазды илеп, жұмыр етіп аламыз, сонан кейін жазық бетке жайып жапсыру арқылы балықтың бедер пішінін жасаймыз. Біртіндеп ұсақ бөлшектерін жасау арқылы қанаты, құйрығы көзі мен аузын, дене үстіндегі әсемдігін әрлеп, толық көлемді рельефті мүсінін жасап шығарамыз.<br>Су астындағы жалбыз бен шөптерді ермексаздан созу, ширату, илеу арқылы саусақтың көмегімен мүсіндеп шық.<br>Осымен рельефті балықтың мүсіні дайын болды, достарыңмен бөліс. | Тақтада көрсетілген тапсырмаларды орында.<br>Ермексазбен жұмыс істегенде суретке қарай отырып, балықтың мүсінін жасайды.<br>Ең алдымен ермексазды илеп, жұмыр етіп алады, содан кейін жазық бетке жайып, жапсыру арқылы балықтың бедерін жасайды. Біртіндеп ұсақ бөлшектерін жасау арқылы қанаты, құйрығы, көзі мен аузын, денесін әрлеп, толық көлемді рельефті мүсінді жасап шығарады.<br>Су астындағы жалбыздар мен | **Дескрипторы:**<br>- Тапсырмаларын дұрыс орындайды.<br>- Пішінін дұрыс жасайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі.<br><br>Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Менің жұлдызым»** әдісі арқылы бағалайды. | Ермексаз, ермексаз құралдары.<br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | шөптерді созу, ширату, илеу арқылы саусақтың көмегімен мүсіндейді.<br>Дайын болған рельефті балықтың мүсінін достарына көрсетіп, ой бөліседі. | | |
| Жеке жұмыс<br>3 минут | Көрме ұйымдастыру. | Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | **Дескриптор:**<br>- Тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Пішінін дұрыс жасайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>7 минут |  | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br><br>Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады.<br>Стикер жабыстыру арқылы бүгінгі сабақты қорытындылайды. | Оқушылар «Түсіндім», «Сұрақтарым бар», «Түсінбедім» деген алма түстеріне аты-жөні жазылған қызыл, жасыл, сары стикерлерді жабыстырып кетеді.<br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |  |

**Қысқамерзімді жоспар. №13 сабақ**

| | |
|---|---|
| **Блок:** | Бейнелеу өнері әлемі |
| **Бөлім:** | Сәндік-қолданбалы өнер |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Біз тағамды безендіреміз (аппликация) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.2.5.1 Сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушы үшін:***<br>«Сәндік-қолданбалы өнер» ұғымымен танысу. Ұлттық ыдыс-аяқтардың түрлерімен танысу. Ыдыс-аяқты безендіру әдіс-тәсілдерімен танысу.<br>Ою-өрнекпен ыдыс-аяқтарды безендіру әдістерін қолдану. |
| Құндылықтарға баулу: | Өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br>Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br><br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>Сәндік қолөнермен танысып,<br>Торсықты бірге жасайық. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br>Сәндік-қолданбалы өнер дегеніміз не?<br>Сәндік-қолданбалы өнерге қандай бұйымдар жатады?<br>Сәндік-қолданбалы өнерге қандай материалдарды қолдануға болады?<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br><br>Оқулық, жұмыс дәптері, қажетті құралдар, қайшы, желім, түрлі түсті қағаздар, сызғыш.<br> |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** Оқушыларға тақырыпқа сай видео көрсету. https://youtu.be/Eq6cCrdSqmg<br>- Балалар, мына бейнежазбадан не түсіндіңдер?<br>- Үйлеріңде оюлы не бар?<br>Оқушылардың жауаптары.<br>Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ, қалай ойлайсыңдар?<br>Оқушыларға сабақтың мақсатын түсіндіреді:<br>– Біз енді сәндік-қолданбалы өнер туралы білеміз. Қазір біз ыдыстарды түрлі-түсті қағаздан жасайтын боламыз.<br>«Сәндік-қолданбалы өнер» ұғымымен танысу.<br>Сәндік-қолданбалы өнер деп тұрмыста қолданылатын әртүрлі көркем бұйым жасауды айтады. Оларға әшекей бұйымдар, тоқыма бұйымдар, қару-жарақ, жиһаздар, үй жабдықтары, киім, ойыншықтар т.б жатады.<br>Ұлттық сәндік өнермен таныстыру. Ою-өрнек – бұйымның бетіне түсірілетін нақыш.<br>**Ұлттық ыдыс-аяқтардың түрлерімен танысу**.<br>Ата-бабаларымыз ерте кезден-ақ ұлт тұрмысында ас сақталатын ыдыстарға аса мән беретін болған. Олар ыдысты көбіне ағаштан, мал терісінен, металдан және саз балшықтан жасаған. Қолөнер – ерте заманнан бері атадан балаға мұра болып келе жатқан өнер түрі. Әртүрлі ұлт өкілдерінің тұрмысында күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқ түрлері сан ғасырлар сынынан өтіп, сомдалған қолөнердің озық үлгілері болып | Бейнежазбаны көргеннен соң, тақырыпты шығарады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Торсық туралы мәлімет алады.<br>Ою-өрнек түрлерімен танысады, аппликация ұғымымен танысады,<br>Симметрия ұғымымен танысады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br><br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | https://youtu.be/Eq6cCrdSqmg<br><br>Интербелсенді тақта. Презентация. Торсық суреті, ою-өрнек түрлері,<br>"Қазақ халқының көне ыдыс-аяктары" (kopilkaurokov.ru)<br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | табылады.<br>**Мал терісінен жасалған ыдыстардың бірнеше түрімен танысайық.**<br>**Саба –** қымыз ашытатын ең үлкен ыдыс. Ол тұтас теріден (екіден бес теріге дейін) тігіледі.<br>**Сүйретпе** – ақ түйенің мойын терісіне қымыз ашыту үшін жасалған.<br>**Торсық** – сусын құю үшін ысталған теріден жасалған шағын ыдыс.<br>**Жанторсық** – жолға шыққанда сусын құйып, жанға байлап жүретін торсық.<br>**Ағаштан жасалған ыдыстардың түрлері өте көп.**<br>**Мысалы:**<br>**Күбі** – қымызды саумалдай құйып, пісу арқылы ашытып, түшытатын ыдыс.<br>**Келі** – тарыны ақтауға, ұнтақтауға арналған құрал. Жуан да, қатты ағашты үңгіп жасаған. Орнықты болу үшін түп жағы қалыңдау болып келеді.<br>**Тегене** – қымызға араналған ыдыстың бір түрі. Ол үлкен дөңгелек, шұңғыл болып келеді. Сабадағы қымызды осы тегенеге құяды.<br>**Астау** – ағаштан ойып жасалған, ас салатын ыдыс.<br>**Тостаған –** ағаштан жасалған кішілеу дөңгелек ыдыс.<br>Әдетте фарфор ыдыстар көркем, сәндік бұйымдар жасау үшін қолданылған. Сонымен қатар халқымыз астық сақтау үшін саз балшықтан жасалған үлкен-үлкен құмыраларды пайдаланған. | | | <br><br><br> |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут | **Білгенге маржан.**<br>Ең алдымен қандай зат жасайтынымызбен танысып алайық.<br>Торсық – орталық Азиядағы түркі халықтарының қымыз, шұбат, іркіт, су құюға арналған ежелгі ыдысы. Азия халықтарының ішінде әсіресе қырғыз, қазақ, түрікмен, қарақалпақ халықтары пайдаланған. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Жүні жидітілген теріні қалыпқа салып пішеді де таспамен тігеді. Торсықты саба сияқты қарағайдың бүрімен немесе арша, тобылғымен ыстайды.<br>Торсықтың бірнеше түрлері болады. Шимайторсық, өркешторсық, жанторсық, мүйізторсық т.б. түрлері кездеседі. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштан тығын тығылады. Ол жоғалып қалмас үшін қайыстан бау өткізіп, бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қояды. Кейбір торсық түрлеріне арнайы мүйізшапқымен әртүрлі өрнек салынып | Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады.<br><br>Оқушылар оқулықтағы және тақтадағы суретке қарап, мұғалімнің көрсеткен нұсқаулығы бойынша тапсырманы орындайды.<br>Көмекті қажет ететін оқушыларға көмек көрсетіледі.<br>Сурет салу дәптерін көлденеңінен қойып дайындап алады. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br> | <br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| https://qrmedia.kz/Tt6Xw<br> | безендіріледі.<br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>Сурет салу дәптерін көлденеңінен қойып дайындап ал.<br>Қоңыр түсті қағазды екіге бүктеп, кесенің жарты суретін сыз. Сызықтың бойымен қиып шық. Қиып болған соң ашып қара, толық кесенің суретін көресің.<br>Сары түсты жұқа қағаз алып, екіге бүкте, оюдың жарты бөлігінің суретін сал. Қайшының көмегімен оюды қиып ал.<br>Дайын болған өрнекті ыдыстың сыртына жапсыр.<br>Осылайша тапсырманы аяқта.<br>Дайын болған бөліктерді жұмыс дәптерінің бос тұрған жеріне желімде.<br><br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орнынды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Қайшымен жұмыс кезінде саусақтарыңды зақымдап алма.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрту керек немесе жуу қажет.<br>- Жұмыстан кейін қағаз қиындарынан қалған бөлшектерді жинап, қоқыс жәшігіне таста. Сыныпта таза ұста.<br>**Сергіту сәті:** «Қаражорға» биін биле | Қоңыр түсті қағазды екіге бүктеп, кесенің жарты суретін сызады. Сызықтың бойымен қиып шығады. Қиып болған соң ашып қарағанда, толық кесенің суретін көреді.<br>Сары түсті жұқа қағазды екіге бүктейді, оған оюдың жарты бөлігінің суретін салады.<br>Қайшының көмегімен оюды қиып алады. Дайын болған өрнекті ыдыстың сыртына жапсырады. Осылайша тапсырманы аяқтайды.<br><br>Қауіпсіздік ережесімен танысып, мұқият сақтайды.<br><br>Сергіту сәтін жасайды.<br>Орындарынан тұрып билейді | **Дескрипторы:**<br>- Қажетті материалдарды біледі.<br>- Түстерді дұрыс таңдай біледі.<br>- Симетрия әдісін қолдана алады.<br>- Қайшымен жұмыс жасай алады<br>- Аппликация техникасын орындайды.<br>- Желімді дұрыс қолдана алады.<br><br>«Шапалақ» әдісі арқылы қошемет көрсетіледі. | <br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд<br> |
| Жеке жұмыс<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылар жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну | Оқушылар жұмыстарын көрмеге ұсынады. | Басбармақ арқылы бірін-бірі бағалайды. |  |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | **«Бас бармақ» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды, бақылайды. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. |  |  |

**Қысқамерзімді жоспар. №14 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Сәндік-қолданбалы өнер |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | |
|---|---|
| Сабақтың тақырыбы: | Шеңбердегі ою-өрнек – гуашьпен көркем бояу |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.2.5.2 Сәндік-қолданбалы өнердегі «Табиғи пішіндер» ұғымын және жұмысты орындаудың кейбір әдістерін білу |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Табиғи формаларды ою-өрнекке айналдыру тәсілімен танысу. Қылқаламмен жұмыс істеу әдістерін қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>Сәндік қолөнермен танысып,<br>Өрнекті бірге бояйық. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br>Сәндік-қолданбалы өнер дегеніміз не?<br>Сәндік-қолданбалы өнерге қандай бұйымдар жатады?<br>Сәндік-қолданбалы өнерге қандай материалдарды қолдануға болады?<br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: гуашь, қылқалам, су құятын ыдыс<br> |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** Ұлттық сәндік өнермен таныстыру. Ою-өрнек – бұйымның бетіне түсірілетін нақыш. Өрнек нақыштары қайталанып, алмасып отырады. Өрнек нақыштары бір сызықтың бойында бірінен соң бірі түрса, онда ол жолақты өрнек болады. Өрнектер әртүрлі пішіндерден тұрады. Олар: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, сопақша. Өсімдік тәрізді өрнектер де бар. Олар гүл, ағаш өрнектері. Жануарлар сипатымен байланысты өрнектер: «қошқармүйіз», «түйетабан», «арқармүйіз». Аспан әлемін бейнелейтін өрнектер: «ай», «жұлдыз». | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Ою-өрнек түрлерімен танысады, неге ұқсайтынын айтады. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Интербелсенді тақта. Презентация.<br>Ою-өрнек түрлері<br> |
| Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу.<br>20 минут | **Сергіту сәті: «Ою өрнек»** өлең жолдарын мұғалімнің жетекшілігімен қайталатып, **сергіту жаттығуын** жасату.<br><br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Ою-өрнек сызайық,<br>Қошқармүйіз, тұмарша<br>Құстұмсық пен ирек су<br>Қолға қалам алайық,<br>Әдемі, ою-өрнек әлемі, | Сергіту сәтін жасайды.<br><br>Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады.<br><br>Сурет салу дәптерін көлденеңінен қойып дайындап алады, шеңбердің ортасын тауып белгілейді. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды. |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br><br>https://qrmedia.kz/ro2TC | Қылқаламды алайық,<br>Ою-өрнек салайық!<br>**(ЖЖ) №1 Шығармашылық жұмыс.** Бірінші жаттығу:<br>Сурет салу дәптерін көлденеңінен қойып дайындап ал, шеңбердің ортасын тауып белгіле.<br>Циркульдің көмегімен шеңбер сыз.<br>Шеңберді тең төрт бөлікке бөл.<br>Жай қарындашты алып, өрнек композициясын ойластыр.<br>Төртке бөлінген бөлшектің ішіне оюдың суретін сал.<br>Дайын болған өрнек суретін қылқаламды суға малып, қызыл түсті гуашьпен бояп, кепкенін күт.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орнынды таза ұста.<br>- Бояуды партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Ыдыстағы суды сыныпқа шашпа.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды жуып, сүлгімен сүрт. | Циркульдің көмегімен шеңбер сызады.<br>Шеңберді тең төрт бөлікке бөледі.<br>Жай қарындашты алып, өрнек композициясын ойластырады.<br>Төртке бөлінген бөлшектің ішіне оюдың суретін салады.<br>Дайын болған өрнек суретін қылқаламды суға малып, қызыл түсті гуашьпен бояп, кепкенін күтеді. | | <br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Жеке жұмыс<br>5 минут | Көрме ұйымдастыру. Оқушылар жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну | Оқушылар гуашьпен салған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | **Дескрипторлар:**<br>- Берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- «Ырғақ» және «симметрия» туралы біледі.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.** | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br><br>Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*<br><br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |  |

**Қысқамерзімді жоспар. №15 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| **Блок:** | Бейнелеу өнері әлемі |
| **Бөлім:** | Дизайн және сәулет |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | |
|---|---|
| | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Көлемді қар түйіршіктері (қағазбен жұмыс) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.2.6.1 Құрылымдау мен модельдеуде негізгі дизайн түрлері мен техникасын білу |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушы үшін:***<br>«Дизайн» ұғымымен танысу. Қағаздан көлемді құрастыру техникасымен танысу. Күрделі пішінді жасау үшін бүктеу және кесу әдістерін қолдану. |

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды.<br>Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br>- Әрбір адам? Досым, сыныптасым.<br>- Әрбір сабақ? Үйрену, оқу, іздену.<br>- Әрбір ісің? Тірлік, тірек, адамдық.<br>- Әр сөзің? Шындық, адалдық. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Дизайн өнері дегеніміз не?<br>Дизайн өнеріне қандай бұйымдар жатады?<br>Дизайн өнерінің түрлерін белесің бе?<br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады. Өлеңді дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта слайд.<br><br>Қажетті құралдар: түрлі түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, сызғыш.<br> |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** Түрткі сұрақтар қою .<br>- Сәулет өнері дегеніміз не?<br>- Дизайн дегеніміз не?<br>- Бұл сөздер сендерге таныс па?<br>«Дизайн» сөзінің мағынасын түсіндіру.<br>Өнердің көптеген түрі бар. Соның бірі – дизайн өнері. Өнердің ішінде дизайн өте ерекше орын алады. Дизайн өнері кейін пайда болған және әрі өте жылдам дамып келе жатқан өнер болып табылады. «Дизайн» сөзі ағылшын тілінен аударғанда *сызба, сурет, жоба* деп аталады. «Дизайнер» деген сөз итальянның *disegro* деген сөзінен шыққан, қайта өркендеу дәуірінде сурет пен идеяны, жоба жұмыстарын осылай атаған. Дизайн, қарапайым тілмен айтқанда «бір затты әшекейлеу, әдемілеу, безендіру» деген мағынаны береді. Ұқыпты, таза сызу керектігін үйретеді. Дизайн қызметінің ерекшелігі – әсем әрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бұйымдардың қоршаған ортаға лайық үйлесімін жүзеге асырып, ұдайы олардың жаңа үлгілерін ойлап табу. Дизайн өнері 1928 жылы АҚШ-та пайда болды. Дизайн | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Дизайн өнері туралы ақпарат алады, оның түрлерімен танысады.<br>Өз бөлмелерінің дизайны туралы ой бөліседі, үйлерінде дизайн өнеріне қатысты қандай заттар бар екеніне тоқталып, түсініктеме береді. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Берілген ақпаратты түсінеді.<br>- Дизайн ұғымын біледі.<br>- Дизайн түрлерін дұрыс айта алады. | Интербелсенді тақта Презентация<br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | өнері қазіргі өскелең тұрмыстық жағдайлар мен талап-тілектер мен сұраныстарға байланысты жаңа сипаттарға ие болуда.<br>**Білгенге маржан**<br>Дизайн түрлері:<br>• анимациялық дизайн;<br>• сәулет дизайны;<br>• веб-дизайны;<br>• графикалық дизайн;<br>• интерьер дизайны;<br>• киім дизайны;<br>• ақпараттық дизайн;<br>• ландшафтық дизайн;<br>• баспа дизайны. | | |  |
| <br>Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br>https://qrmedia.kz/yGAnx | **Сергіту сәті:** «Көңілді жаттығу»<br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс.** Жұмысты бастамас бұрын қажетті құралдарды дайындап аламыз. Интербелсенді тақтаға қарап, жұмыстың жасалу жолын түсініп алуымыз үшін бейне нұсқаны көріп түсінуіміз қажет. Бейнематериалдағы тапсырма үлгіге назар аударып, мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тапсырманы орындап шығамыз.<br>- Қыста біз қандай мерекені тойлаймыз?<br>- Жаңа жылда қандай киімдер киеміз? Онда біз бүгін сендермен «Көлемді қар түйіршігін» жасаймыз.<br>Қажетті заттар: ақ қағаз, желім, қайшы, жіп. Қар суреттермен таныса отырып, өз дизайны арқылы өзі ұнатқан қар түйіршгін жасайды.<br>Сен бүгін дизайнер боласың.<br>Алдымен ашақ көк түсті таңдап ал, оны екіге бүктеп ушбұрыш жаса.<br>Тағы бір-біріне айқастырып, келесі үшбұрышты аласың. Ортадағы ось сызығының бойымен бүктеп, ұшындағы артық қағазды қайшымен қи.<br>Дайын болған үшбұрышқа көрсетілген үлгі бойынша қарындашпен қар түйіршігінің бір бөлігінің суретін сал. Сызық бойымен қиып шық. Қиылған бөлшекті ашып қара. Сонда тұтас қар қиыршығын көресің.<br>Бір ұшына тесік жасап, жіпті тесіктен өткізіп байла. Дайын | Сергіту сәтін мұғаліммен бірге жасайды.<br>Оқушылар бейнебаянды көріп, тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырып, түсініп алады.<br>Ақ қағаздан қар түйіршігін жасау. Қалаған түсті таңдап алып, үлгідегі берілген дизайны арқылы сызып, қиып жасау.<br>Оқушылар өз ойларымен бөліседі. Қар түйіршігін не үшін, қай жерге ілетіні туралы өз ойларымен достарына айтып береді.<br>Алдымен ашық көк түсті таңдап алады, оны екіге бүктеп, ушбұрыш жасайды.<br>Тағы да үшбұрыштап бүктеп, бір-біріне айқастырады. Сонда келесі ушбұрыштың пайда болғанын көреді.<br>Ортадағы осі сызығының бойымен бүктеп, ұшындағы артық қағазды қайшымен қиып | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Тақтадағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Дизайн ұғымын біледі.<br>- Дизайн түрлерін дұрыс айта алады.<br>- Түстерді дұрыс таңдай біледі.<br>- Безендіру жұмыстарын өз ойларымен жасай біледі.<br><br>**«Үш шапалақ»** әдісі арқылы бағалайды. | <br>Картон, желім, қайшы, түрлі түсті қағаз, таспабау<br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | болған қар түйіршігін шыршаға іліп көр.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Қайшыны дұрыс қолдан.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт немесе жу.<br>**Қайшымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережесі:**<br>1. Қайшы өткір болу керек.<br>2. Қайшыны жолдасыңа ұшкір жағымен берме.<br>3. Қайшының жүзін жабық түрге келтіріп, партаның оң жағына қой.<br>4. Қайшымен жұмыс істеп жатқанда жолдасыңа кедергі жасама. | алады.<br>Дайын болған үшбұрышқа көрсетілген үлгі бойынша қарындашпен қар түйіршігінің бір бөлігінің суретін салады. Сызықтың бойымен қиып шығады. Қиылған бөлшекті ашып қара. Тұтас қар қиыршығын көресің.<br><br>Оқушылармен біріге отырып, қауіпсіздік ережелерін қайталау. |  | <br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Жеке жұмыс<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру. «Галерея» әдісі»** Оқушылар жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. Оқушылардың жасаған жұмыстарын тексеру. Әр оқушының дизайны мен таңдаған түстері туралы сұрау. Бүгінгі сабақты пысықтау. | Оқушылар безендіруге арналған қар түйіршіктерін көрмеге ұсынады. Әр оқушының жасаған жұмыстарын тексеру. Ой түйіндеу. | Дескрипторлар:<br>- Берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Дизайн ұғымын біледі<br>- Дизайн түрлерін дұрыс айта алады<br>Түстерді дұрыс таңдай біледі.<br>Безендіру жұмыстарын өз ойларымен жасай біледі. |  |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | **«Алмаағаш»**<br>Жасыл алма – бүгін көп нәрсені түсіндім, маған пайдалы болды;<br>Қызыл алма – бүгін сабақтан түйгенім өте көп, маңызды болды;<br>Сары алма – бүгін сабақта түсінбеген сұрақтарым бар, оқуым керек. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. Оқушылар бүгінгі сабақ бойынша алма түсін таңдап лып, ағашқа жапсырады. | **«Үш шапалақ»** әдісі арқылы бағалайды.<br> |  |

**Қысқамерзімді жоспар. №16 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бейнелеу сауаттылығы негіздері |
| Бөлім: | Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | |
|---|---|
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Ертегі үйі (қолда бар материалдардан жасалған модель) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.2.6.2 құрылымдау мен модельдеуде қарапайым сәулет формалары мен техникасын білу |
| Сабақтың мақсаты: | ***<u>Барлық оқушы үшін:</u>***<br>«Сәулет» ұғымымен танысу. Модельдеу және безендіру әдістерімен танысу. Модель жасау үшін қолда бар материалдарды қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Гүлмен тілек» әдісі** арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру.<br>Жұмыс ережесін қайталау:<br>- Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>- Уақытты үнемдейміз!<br>- Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>- Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар шеңберге жиналады. Көзілдірікті киіп, ортадағы оқушының жақсы қасиеттерін айтады.<br>Сұрақтарға жауап береді:<br>Дизайн өнері дегеніміз не?<br>Дизайн өнерге қандай бұйымдар жатады?<br>Дизайн өнерінің түрлерін білесің бе? | Әр оқушы жауабынан кейін қол шапалақтап, қошемет жасайды.<br> | Интербелсенді тақта.<br><br>Қажетті құралдар, түрлі түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, сызғыш, шырын ыдысы. Сурет<br> |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** «Сәулет» ұғымымен танысу.<br>Еске түсірейік. Сәулет өнері дегеніміз не? Өздерің білетін сәулет өнері орындары туралы айт.<br><br>Модель – кез келген нысанның қарапайым кейпі. Нақты объектіні, процесті немесе құбылыстыықшам әрі шағын түрде бейнелеп көрсету. Модель сәулет өнерінде материалдық немесе ақпараттық түрде жүзеге асырылады. Бір нысанда бірнеше модель болуы мүмкін. Мысалы, ғимаратта бірнеше бөлшектердің моделі әртүрлі болып келеді. Терезе, есік, шатыр, сыртқы ұсақ бөлшектердің модельдері әртүрлі материалдардан жасауы мүмкін.<br><br>**«Ой шақыру»**<br>- Мына суретте қандай ертегілер және олардың кейіпкерлері бейнеленген?<br>- Сендер қандай ертегі кейіпкерлерін таныдыңдар? | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Сәулет өнері туралы ақпарат алады, түрлерімен танысады.<br><br>Сәулет өнері дегеніміз не?<br>Сәулет стильдерінің түрлерін білесің бе?<br>Модель дегеніміз не?<br>Ертегі үйі қандай болады?<br>Қандай мысалдар келтіруге болады?<br><br>Оқушылар мұғалімнің тарапынан қойылған сұрақтарға өз жауаптарын береді. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Оқулықтағы берілген ақпаратты түсінеді.<br>- Сәулет ұғымын біледі.<br>- Сәулет стильдерін есінде сақтайды.<br>- Модель ұғымын біледі, түрлерін дұрыс айта алады.<br>- Ертегінің түрлерін айта алады.<br>- Ертегі кейіпкерлерін біледі. | Интербелсенді тақта. Презентация<br><br><br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | |   |
| <br>Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br>https://qrmedia kz/ gSTyj | **Сергіту сәті:** «Көңілді жаттығу»<br>**(ЖЖ)** Оқушыларға геометриялық пішінді және ерекше салынған суретті ғимараттардың суретін ұсыну.<br>Оқушыларға осы ғимараттардың геометриялық пішіндерін анықтау бойынша тапсырма беру. Оқушылар ғимараттардың пішінін талдап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.<br><br>**Практикалық жұмыс.** Ертегі үйін еркін тақырыпта орындау. «Ертегі үйі» моделінің жобасын жасап үйренеді. Оны өз дизайндарын қолдана отырып жасайды.<br>А4 қағазын алып дайында. Көк түсті қағаздан үйдің терезесінің енін 2.5 см, биіктігін 4 см етіпн алты данасын қайшының көмегімен қиып ал. Терезе жиектерін қара фломастермен сызып, суретін сал. А4 қағазының ортасына төрт терезенің бүктеуін жазып, бір қатарға желімдеп, кепкенін күт.<br>Қатырғықағазды цилиндр тәріздес етіп желімде. Қызыл түсті қағаздан ғимараттың шатырын дайында. Қағазды екіге бүктеп, оған циркульмен жарты шеңбер сызып, қайшымен қи. Шыққан шеңбердің төрттен бір бөлігін қиып ал. Екі жиектерін бір-біріне желімде. Ақ түстен кішкене дөңгелектер қиып алып, шатыр үстіне желімде.<br>Екінші ғимаратты жасайтин қорапты алып, кез келген түстегі қағазды қораптың сыртына желімде.<br>Үйдің шатыры үшін өзің қалаған түстегі қағазды ал. Үй шатырының екі бетін сызғышпен өлше. Дайын болған өлшемді қайшымен қиып, қораптың шатырына желімде.<br>Терезесін жапсыр, есігін қоңыр түсті қағаздан сызғыштың көмегімен өлшеп сызып ал. Дайын болған өлшемді қайшымен қиып, қорапқа жапсыр.<br>Қара түсті фломастермен терезе, есіктердің жиек сызықтарын сызып, суретін орында.<br>Жасыл түсті қағаздан өсімдіктерді қиып ал. Үйді айналдыра жасыл шөптерді желімдеп шық.<br>Мұғалімнің нұсқауы бойынша тапсырманы орында. Терезе, есік, шатырын бояп, суреттерін салып, безендіріп, жұмысты аяқта.<br>Дайын болған үйдің жасалуын достарыңмен талда.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:** | Сергіту сәтін мұғаліммен бірге жасайды.<br><br>Ғимараттардың пішінін анықтайды.<br>Оқушылар бейнебаянды көріп, тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырады.<br>Оқушыларға бірнеше ертегі кейіпкерлері ұсынылады.<br>Соның ішінен өздеріне ұнағанын таңдап алып, сол ертегіге үйдің моделін жасайды.<br>А4 қағазын дайындап алады.<br>Көк түсті қағаздан ені 2, 5 см, биіктігі 4 см терезенің алты данасын дайындайды. Терезе жиектерін қара фломастермен сызы,п суретін салады. А4 қағазының ортасына төрт терезені бір қатарға желімдеп, кепкенін күтеді.<br>Қатырғықағазды цилиндр тәріздес етіп желімдейді.<br>Қызыл түспен ғимараттың шатырын дайындайды.<br>Қағазды екіге бүктеп, циркульмен жарты шеңбер сызып, қайшымен қиып алады.<br>Алынған дөңгелекті жазып, төрттен бір бөлігін қиып алады.<br>Екі жиектерін бі- біріне желімдейді. Ақ түсті қағаздан кішкентай дөңгелектер қиып алып, шатыр үстіне желімдейді.<br>Екінші ғимаратты жасау үшін қорапты алып, кез келген түстегі қағазды қораптың | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br><br>Шығармашылық жұмыстың сәнді шығуына назар аудара отырып, бірін-бірі бағалау.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Тақтадағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Ғимарат түстерін дұрыс таңдай алады.<br>- Ғимарат модельдерін өз орындарына дұрыс орналастыра біледі.<br>- Ертегінің түрлерін айта алады.<br>- Ертегі кейіпкерлерін біледі. | Интербелсенді тақта.Слайд.<br><br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Қайшыны дұрыс қолдану қажет.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрту немесе жуу қажет.<br>- Мұғалімінің рұқсатынысыз жұмысты бастама.<br>- Қию құралдарымен ойнама.<br>- Жұмыс соңында жұмыс орныңды жина. | сыртына желімдейді.<br>Шатырдың екі бетін сызғышпен өлшейді, дайын болған өлшемді қайшымен қиып, қораптың шатырына желімдеп жапсырады.<br>Терезесін жапсырады, есігін қоңыр түсті қағаздан дайындап, қорапқа жапсырады.<br>Қара түсті фломастермен терезенің, есіктердің жиек сызықтарын сызады.<br>Жасыл түсті қағаздан шөптердің пішінін қиып алады.<br>Үйді айналдыра жасыл шөптерді желімдеп шығады.<br>Дайын болған үйді достарына қарауға ұсынады. | | |
| Жеке жұмыс.<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру. «Галерея» әдісі».** Оқушылар жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. «Шағын қала» көрінісін ұйымдастыру. | Оқушылар «Ертегі үйі» сәулет ғимараттарын макет моделін көрмеге ұсынады. | Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну. |  |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | ***Ескерту.*** Егер жұмыс толық аяқталмаса, келесі сабақта толықтыруға болады. Жұмысын аяқтаған оқушылар өзі жасаған жұмысы туралы баяндайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап берді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылардың жауаптарына толықтырулар енгізіп отыру. | |

**Қысқамерзімді жоспар. №17 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Бізді қоршаған әлем |
| Бөлім: | Графика |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Адам фигурасы (қарапайым қарындашпен сурет салу) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.3.2.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (сызық, пішін, фактура және т. б.) білдіру |


*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Бақылау арқылы сурет салу әдістерін зерттеу. Эскиздерді орындау әдістерімен танысу. |
|---|---|

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br><br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ)**<br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз.<br>Біз талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар мұғаліммен бірге қайталайды. | Оқушылардың бояған суреттерін таныстыру кезінде ауызша мадақтау. «Жарайсың!» «Дұрыс айтасың!» «Керемет сурет!» «Өте ұқыпты боялған!» «Сенің қолыңнан бәрі келеді!» сияқты тіркестерді пайдалану. | Тақтаға ілінетін көрнекіліктер, мұғалім тақтаға сызып көрсетеді. |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут<br> | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br>**(ЖЖ)** Сурет бойынша жұмыс.<br>- Суретте не бейнеленген?<br>- Қандай түстер қолданылған?<br>- Не себепті осы түстер таңдалған деп ойлайсың?<br>- Суретші түстерді таңдауда неге назар аударды?<br>- Сурет қандай бояумен салынған?<br><br>**Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орнынды таза ұста.<br>- Бояуды партаға жақпа, аузыңа салма.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Су құятын ыдыстың суын сыныпқа шашпа.<br>- Жұмыстан кейін орнынды тазала. | Оқушылар сұраққа жауап береді. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Слайдта жазылған сұрақтар тізбесі Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«От шашу»** әдісі арқылы бағалайды. |
| Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу.<br>3 минут | **«Білгенге маржан».** Ғалымдар адамның табиғаты туралы көбірек білу үшін әр түрлі эксперименттер жүргізіп отырады. Бірақ, өкінішке орай, бүгінде адам туралы аз ғана бөлік белгілі. Сондықтан сіз өзіңіздің барлық ресурстарыңызды тиімді пайдалану үшін үнемі оқып, дамып отыруыңыз керек. Әрі қарай біз адам туралы қызықты және таңғажайып фактілерді ұсынамыз.<br><br>1. Дене салмағының 1% -ына тең судың жоғалуы кезінде шөлдеу сезімі пайда болады.<br>2. Жеті айға дейінгі бала бір уақытта жұтып, тыныс ала алады.<br>3. Адамның бас сүйегі 29 түрлі сүйектен тұрады.<br>4. Дененің барлық функциялары түшкірген кезде тоқтайды.<br>5. 275 км/сағ жылдамдықта жүйкелік импульстар мидан | Оқушылар мұқият тыңдап, сұрақтары болса, қояды.<br><br>Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>Назар аударыңыз!<br>Балаларға сабақ түсіндіріп, тапсырмалар беріледі. Балалардың жұмысы бағаланып отырады. | Қажетті құралдар: карындаш, өшіргіш, А4 формат альбом. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қозғалады.<br>6. Бір күн ішінде адам денесі әлемдегі барлық телефондар біріктіргеннен көп энергия шығарады.<br>https://kk.kuzminykh.org/1434-100-interesting-facts-about-a-person.html | | | |
| Жеке орындау.<br><br>15 минут<br><br>https://qrmedia.kz/JXQ2i | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>«Адам фигурасы» - қарапайым қарындашпен сурет салу сабағы.<br>Қолданылатын материал;<br>Қарапайым қарындаш, өшіргіш, А4 формат альбом.<br>Дәптерді көлденеңінен қоямыз. Дәптердің бетін ортасынан тең бөліп, тік сызық сызамыз.<br>Сызылған сызықты тең екіге бөлеміз, жоғарғы бөлігін тағы да бөлеміз. Осылайша үстіңгі бөлігі тең төрт бөлікке бөлінеді.<br>Төрттен бір бөлігі бас өлшемі болады.<br>Иықтың кеңдігі екі бас биіктігінің өлшемінде болады.<br>Иықтан шынтаққа дейін бір жарым бас өлшемі, шынтақтан білезік буынына дейін бір жарым бас өлшемі болады.<br>Белден тізеге дейін екі бас өлшемі, тізеден тобыққа дейін екі бас өлшемі болады.<br>Осылайша өлшемдермен есептеп, адам бейнесін суреттейміз<br>**(ҚЕ)** Қауіпсіздік ережесі:<br>1. Мұғалімнің тапсырмасын мұқият тыңдап, тек мұғалімнің рұқсатынан кейін ғана жұмысқа кіріс.<br>2. Жұмыс орныңды дайындап ал.<br>3. Жұмыс барысында қылқаламды не акварель бояуын ұқыпты пайдалан.<br>4. Бояуды аузыңа, көзіңе жақындатпа.<br>5. Жұмыс аяқталған соң, қылқалам мен ыдысыңды тазалап, орнына салып қой. | Шығармашылық тапсырмаларды орындайды.<br>Дәптерді көлденеңінен қояды.<br>Дәптердің бетін ортасынан тең бөліп, тік сызық сызады.<br>Сызылған сызықты тең екіге бөлеміз, жоғарғы бөлігін тағы да бөледі. Осылайша үстіңгі бөлігі тең төрт бөлікке бөледі.<br>Төрттен бір бөлігі бас өлшемі болады.<br>Иықтың кеңдігі екі бас биіктігінің өлшемінде болады.<br>Иықтан шынтаққа дейін бір жарым бас өлшемі, шынтақтан білезік буынына дейін бір жарым бас өлшемі болады.<br>Белден тізеге дейін екі бас өлшемі, тізеден тобыққа дейін екі бас өлшемі болады.<br>Осылайша өлшемдермен есептеп, адам бейнесін суреттейміз | Дескрипторлар:<br>-Мұғалімді мұқият тыңдайды<br>-Берілген тапсырмаларды дұрыс орындайды.<br>- Адам бойын өлшей алады | Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Жеке жұмыс<br>3 минут | **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына ілуді ұсыну. | Оқушылар салған суреттерін көрмеге ұсынады. | Дескрипторлар:<br>- Берілген тапсырманы дұрыс орындайды. | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>7 минут | **Кері байланыс.** Оқушыларға сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі | Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына іледі.<br>Жұлдызшаларын көрмедегі суреттерге жапсырады. | Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көрінеді. | | | |

**Қысқамерзімді жоспар. №18 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бізді қоршаған әлем |
| Бөлім: | Графика |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Спорттық жарыстар (түрлі түсті қарындаштармен сурет салу) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.3.2.2 «Бақылау арқылы сурет салу» және «Есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын білу және талдау, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (сызық, пішін, фактура және т. б.) білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | ***<u>Барлық оқушы үшін:</u>***<br>«Сюжеттік сурет» ұғымымен танысу. Композициядағы динамиканың берілуімен танысу. Бақылау, есте сақтау арқылы сурет салу әдістерін үйрену. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. Сабақты ойынмен бастаймыз.<br><br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br><br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>Спорттық жарыстар суретін салайық! | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді:<br>Спорттық жарыс дегеніміз не?<br>Спорттық жарыстарды қалай саламыз?<br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Қажетті құрал-жабдықтар:<br>А4 формат альбом, қарындаш, өшіргіш, түрлі түсті қарындаш. |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** Спорт (франц. desport – бекершілік (leisure)) – белгілі ережелер немесе дәстүрлерге сай көбінесе жарыс күйінде өтетін әрекет. Спорт, жалпы алғанда, физикалық мығымдығы өте маңызды болатын (жеңіске немесе жеңіліске әкелетін) әрекетті сипаттағанымен, ақыл-ой немесе құрал-жабдық сапасы да маңызды рөл атқаратын | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. | Слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ақыл-ой спорты және мотор спортына қатысты айтылады.<br><br>Қытай жерінде біздің дәуіріміздейн 4000 жыл бұрын қазіргі спорт мағынасына жақын әрекеттің болғанын айтатын заттар мен құрылыстар бар. Гимнастика ежелгі Қытайдағы кең тараған спорт түрі болған дейді. Перғауындар мазарларындағы бейнелер мен заттар бірнеше ғасырлар бұрын да спорттың әр түрі болғандығынан хабардар етеді, оның ішінде жүзу мен балық аулауды айта кетуге болады. Ежелгі Персияда поло және атты рыцарлардың найзамен жарысы негіздері қаланды. Ежелгі Грекия өзінде алуан түрлі спорт болған. Ең дамыған түрлері: күрес, жүгіру, диск лақтыру және арба жарысы. Сол жерде әр төрт жыл сайын Пелопонессе атты ауылда (Олимпия деп аталған) олимпиада ойындары өтіп тұрған.<br><br>Спорт кәсіпқой спортқа айналып, одан әрі адамзатты қызықтыруда. | Жемістерді пішіні және көлемі бойынша орналастырады. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | |
| Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>3 минут | **(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Бояуды сурет құралдарды аузыңа салма.<br>- Қасыңдағы оқушыға кедергі жасама.<br>- Жұмыстан кейін орныңды тазала. | Оқушылар мұқият тыңдап, сұрақтары болса, қояды.<br><br>Оқушылар қауіпсіздік ережесімен танысады. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды. | <br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Жеке орындау<br><br>15 мин<br><br>https://qrmedia.kz/Fmbtr | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>Оқушыларға, спорттың сүйікті түрін атап, сүйікті спортшысы кім екенін, қандай жетістіктері барын сұраңыз. Не себепті ол спортшы ұнайтынын және де сол спортшыны салып беруін сұраңыз.<br>Спорттық жарыстар туралы суретті түрлі түсті қарындаштармен салатынын айтады. Қолданылатын материалдар: А4 форматы, түрлі түсті қарындаш.<br>Ең алдымен қиғашынан түзу сызық сызады. Сызық үш тең бөлікке бөлінеді, үштен бір өлшемде, астынан қиғаш түзу сызық сызамыз. Үстіңгі бөлігі – басы, ортаңғы бөлігі – денесі, астыңғы екі бөлігі – аяғы болады. Бас биіктігі өлшемін алып, иықтан шынтақ, шынтақтан білезікке дейінгі өлшемдерді теңестіреміз. Қолын, допты, бетін, аяғын бейнелейміз. Келесі сурет – боксшының суреті. Қиғаш сызық сызамыз, тең екі бөлікке бөлеміз, үстіңгі бөлігінің үштен бірі – басы, екі бөлігі – денесі. Қолдарының ұзындығы екі бастың биіктігіне тең. Аяғы белден табанға дейін үш бастың биіктігіне тең. Артынша қарындашпен қалаған түсте бояп шығамыз. | Оқушылар өзіне ұнайтын спортшы туралы айтады. Спорт түрінің ерекшелігін ескере отырып, суретін салады. Алдымен қиғашынан түзу сызық сызады. Сызықты тең үш бөлікке бөледі. Үстіңгі бөлігіне –басы, ортаңғы бөлігіне – денесі, астыңғы екі бөлігіне аяғы бейнеленеді. Бас биіктігінің өлшемін алып, иықтан шынтақ, шынтақтан білезікке дейін өлшеммен теңестіреді. Қолын, допты, бетін, аяғын бейнелейді. Келесі – боксшының суреті. Қиғаш сызық сызып, тең екі бөлікке бөледі. Үстіңгі бөлігінің үштен бірі – басы, екі бөлігі – денесі. Қолдарының | **Дескрипторлар:**<br>- Спорт түрлерін ажырата алады.<br>- Адам бейнесін сала алады.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі.<br><br>Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Менің жұлдызым»** әдісі арқылы бағалайды. | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ұзындығы екі бастың биіктігіне тең. Аяғы белден табанға дейін үш бастың биіктігіне тең. Артынан қарындашпен қалаған түсте бояп шығады. | | |
| Жеке жұмыс<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылар жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну | Оқушылар салған суреттерін көрмеге ұсынады. | **Дескрипторлар:**<br>- Берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Пішінін дұрыс жасайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>7 минут | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.** | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды ***«Жапондық бағалау»*** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*<br><br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |   |

**Қысқамерзімді жоспар. №19-20 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бізді қоршаған әлем |
| Бөлім: | Кескіндеме |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Қар жауып тұр (гуашь бояуымен сурет салу) *(1-сабағы)* |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.3.3.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (түс, дақ, фактура және т. б.) білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | ***<u>Барлық оқушы үшін:</u>***<br>«Колорит» ұғымын зерттеу. Жұмыста түсті «көңіл күйді» бейнелеумен танысу және қолдану. «Бояуды шашырату» әдісімен танысу, үйрену. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br><br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық!<br><br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Бояуды партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Су құйатын ыдыстың суын сыныпқа шашпа.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт, орныңды жина. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br><br>Оқулық, қажетті құралдар:<br><br>А4 формат альбом, қарындаш, өшіргіш, бояу, гуашь, су құятын ыдыс, палитра.<br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** Колорит (итал. colorito, лат. color – түс, реңк, бояу) – бейнелеу өнеріндегі алуан түстердің арақатынас жүйесі, өмір көріністерін бояулардың үйлесімділігі арқылы эстетикалық тұрғыдан пайымдау. Колорит шындықты көркемдік тұрғыдан тануда үлкен рөл атқарады. Ол шығарма мазмұнына, өзіндік шеберлігіне, дәуіріне, стиліне тікелей байланысты. Колорит айқын, өзгермейтін түстердің үйлесімінен тұруы мүмкін. Бояу түрінің басым не кем қолданылуына байланысты колорит жарқын, күңгірт, салқын (көк пен жасыл түс басым болғанда) немесе жылышырайлы (қызыл мен жасыл түс көбірек қолданылғанда), салмақты, шиеленісті болып келеді. Бояулар үйлесімі кереғар түсіп, көзге ұрып тұруы да мүмкін. Ондай жұмыстарды жақыннан қараған адамға бояу түстері бір-бірімен қосылмайтындай, баттиып, бадырайып көрінеді. Ал біртіндеп алыстаған сайын ашық бояу реңдері жымдасып, ғажайып бір өңге енеді. Мұндай шығармаларға 18 ғасырдың ортасы мен 19 ғасырдың басында бейнелеу өнерінде ерекше бетбұрыс әкелген. | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Интербелсенді тақта |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | https://kk.wikipedia.org/wiki/Колорит | | | |
| https://qrmedia.kz/ue58c<br><br>Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br> | **ЖЖ) Практикалық жұмыс.** Жұмысты бастар алдында, альбомның айналасына бояудың керекті түстерін ашып, дайындап қоямыз, су ыдыста құюлы, палитра орнында. Палитраға керекті түсті аламыз, яғни көк түсті бояу, ол түсті қағаздың басынан ортасына дейін жағып шығамыз. Астыңғы бөлігі ақ түсті болады. Келесі кезекте палитраға көк түспен жасыл түсті араластырып шыршаларды саламыз, салынған шыршаның үстінен ақ бояумен қарды бейнелейміз. Шыршаның алыс, жақын орналасқанына байланысты ақ түсті қосамыз. Мысалы, алыс орналасқан шырша қараңғылау сол себепті ақ түс аз болады, жақын орналасқан сайын ақ түсті қосамыз. Келесі кезекте көк, қызыл, ақ түстерді араластырып, сұр түс шығарамыз. Алынған түспен үйдің суретін саламыз. Терезесін, терезенің алдын лимон түсімен бояп шығарамыз. Соңғы штрих – таза қылқаламды ақ түске батырып, екінші қылқаламға ұрып шашыратамыз. Осылайша біздің сурет дайын болды.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Қане, қанат жазайық.<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Ұшып-ұшып алайық.<br>Орнымызға қонайық. | Оқушылар мұғалімнің айтқанын тыңдайды, көргенін орындайды.<br>Алдымен палитраға керекті түсті, яғни көк бояуды алады. Ол түспен қағазды ортасына дейін бояйды. Қалған жарты бөлігі ақ түсті болады.<br>Көк түс пен жасыл түсті араластырып, шыршалардың суретін салады.<br>Салынған шыршаның үстіне ақ бояумен қарды бейнелейді.<br>Ақ түсті бояуды шыршаның алыс-жақын орналасқанына байланысты пайдаланады.<br>Көк, қызыл, ақ түстерді араластырып, сұр түс шығарады. Алынған түспен үйдің суретін салады.<br>Терезені, терезенің алдын лимон түсімен бояйды. Ең соңында таза қылқаламды ақ түске батырып алып, екінші қылқаламға ұрып, шашыратады. Осылайша сурет дайын болды.<br>Оқушылар сергіту сәтін жасайды. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды. | <br> |
| Жеке жұмыс<br>5 минут | Көрме ұйымдастыру. Оқушылар жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. | Оқушылар гуашьпен салған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | **Дескрипторлар:**<br>- Оқулықтағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Суреттің ретін орындайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.** | Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. | |

**Қысқамерзімді жоспар. №21 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бізді қоршаған әлем |
| Бөлім: | Кескіндеме |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Мереке (аралас техникада сурет салу) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.3.3.2 «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын білу және кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (түс, дақ, текстура және т. б.) білдіру. |
| Сабақтың мақсаты: | *<u>Барлық оқушы үшін:</u>*<br>Сюжеттік сурет. Жұмыста акварель, фламастерді қолдана отырып, аралас техникамен танысу. Есте сақтау бойынша сурет салу әдістерін қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br>Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>Кескіндеме салайық.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік ережесі:**<br>- Мұғалімнің тапсырмасын мұқият тыңдап, тек мұғалімнің рұқсатынан кейін ғана жұмысқа кіріс.<br>- Жұмыс орныңды дайындап ал.<br>- Жұмыс барысында қылқаламды не акварель бояуын ұқыпты пайдалан.<br>- Бояуды аузыңа, көзіңе жақындатпа.<br>- Жұмыс аяқталғаннан соң, орнын тазала. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br>Сұрақтарға жауап береді<br>Мереке дегеніміз не?<br>Кескіндеме дегеніміз не?<br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады. | Оқушыларды мадақтау сөзбен бағалау. Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Оқулық, қажетті құралдар:<br>А4 формат альбом, қарындаш, өшіргіш, сулы бояу, су құятын ыдыс, палитра.<br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br><br>Әр ұлттың салты басқа демекші, әлемдегі бірнеше қызықты мерекелер туралылы талқылайық<br><br>**Қызанақтар шайқасы:** Испанияның шығыс аумағындағы Буньол қаласында тамыз айының ең ақырғы аптасында жыл сайын дәстүрлі «Қызанақтар фестивалі» өткізіледі. Фестиваль жаз маусымының аяқталу құрметіне орай ұйымдастырылған. Фестиваль ережесі бойынша кез келген қатысушының міндеті кім екені маңызды емес, қалай болғанда да, өз айналасындағыларды қызанақпен атуы керек.<br><br>**Апельсиндер фестивалі:** Итальяның Иврей қаласының тұрғындары жыл сайын ақпан айының дәл орта тұсында бостандық үшін шайқас өткізеді. Жыл сайын өткізіліп тұратын бұл айқас әлем халықтарына «апельсиндер шайқасы» деген атаумен танымал.<br><br>**Су мерекесі** (Сонгкран). Атақты «Су мерекесі» екі күнге жалғасады. «Сонгкран» кезінде көптеген салтанатты кеш, шеру, отшашу ұйымдастырылады. Әуезді әуен мен көңілді билер мерекенің негізгі сәні десе де болады. Мерекенің бұлжымас салты – қатысушылар бір-бірін күн демей, түн демей сумен шомылдыру керек.<br><br>**Балықшылар фестивалі:** Африканың Кебби аумағының солтүстік-батысында Урунгу атты балықшылар ауылы бар. Фестиваль ережесі бойынша балықшылар балықты қолдарымен ұстауы қажет.. Ақпан немесе наурыз айларында өткізілетін фестиваль төрт күнге созылады. | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Әлемдегі қызықты мерекелер туралы ақпарат алады. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Оқулықтағы берілген ақпаратты түсінеді.<br>- Мерекелер туралы талқылайды.<br>- Өз ойын айтады. | Интербелсенді тақта. Презентация<br><br>Ақпарат дереккөзі:<br>https://massaget kz/layfstayl/alemtanu /sayahatty-syemin/2694/ |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс.** Жұмысты бастамас бұрын қажетті құралдарды дайындап аламыз.<br>Мұғалімнің мереке туралы ақпаратынан кейін оқушылар еркін тақырыпта жұмыс істейді.<br>Мұғалім оқушының жұмысын бақылап, оқушыға көмек керек жағдайда көмектеседі.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тік тұрам да,<br>Қос қолмен,<br>Таянамын бүйірді.<br>Топылдатып аяқты, | Оқушылар мерекелік тақырыпты, өз қиялынан туындаған көріністі суреттейді. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>Мадақтау арқылы бағалау. | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  | Шапалақтап қолымды,<br>Басымды мен шұлғимын.<br>Құс қанатша қолымды<br>Екі жаққа жаямын!<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Орнымды мен табамын. | | | |
| Жеке жұмыс.<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру. «Галерея» әдісі».** Оқушылар жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. | Оқушылар мерекеге арналған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | **Дескрипторлар:**<br>- Оқушылар өз ой-қиялынан сурет салады. | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | **«Бес саусақ» тәсілі.**<br>Бас бармақ – басты мәселе.<br>*Бүгін сабақта айтылған ең құнды мәселе не?*<br>Балаң үйрек – бірлесу.<br>*Мен сыныпта қалай жұмыс жасадым?*<br>*Кімге көмек бердім?*<br>*Кімді риза қылдым?*<br>Ортан терек – ойлау.<br>*Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*<br>Шылдыр шүмек – шынайылық.<br>*Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*<br>Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы.<br>*Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?* | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*<br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. | |

**Қысқамерзімді жоспар. №22 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бізді қоршаған әлем |
| Бөлім: | Мүсін |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Биші қыз (қарапайым каркастағы мүсін) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.3.4.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін түсіну, мүсіндеу құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (көлемі, пішіні, фактура және т. б.) білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | <u>*Барлық оқушы үшін:*</u><br>Адам фигурасын мүсіндеуді зерттеу. Бақылау бойынша модельдеу әдістерін қолдану. Қарапайым каркасты қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ)** «Достық шеңбері» – жылулық шеңбері. Оқушылар шеңберге жиналады. Мұғалім ортаға орындық қойып, кез келген балаға отыруды ұсынады. «Күлгін көзілдірікті» киіп (күн сәулесін қорғайтын әйнегі күлгін түсті көзілдірік жарайды), сол арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін көруге болатынын айтады. Оқушылар отырған баланың жақсы қасиеттерін айтады. Оқушылар қалаулары бойынша көзілдірікті кезекпен киіп, ортадағы баланы мадақтайды.<br><br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз!<br>Нақты, дәл жауап береміз!<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>**(ҚЕ)** Қауіпсіздік техникасы ережелері:<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде орында. Қайшыны дұрыс қолдану қажет.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар шеңберге жиналады. Көзілдірікті киіп, ортадағы оқушының жақсы қасиеттерін айтады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Мүсін өнері дегеніміз не?<br>Мүсін өнерінің түрлерін білесің бе? | Әр оқушы жауабынан кейін қол шапалақтап, қошемет жасайды.<br> | Интербелсенді тақта.<br><br>Картон қағаз, қайшы, сым темір, ермексаз. |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | Көне түркі және қыпшақ мүсіндері бір-бірінен немен ерекшеленеді?<br>Жалпы айтқанда, олар бірі-бірінен орнату әдісімен ерекшеленеді. Әдетте көне түркі дәуіріндегі тас мүсіндер ерлерді бейнелейді, көп жағдайда ердің оң қолында сусын бар, ал қылышты қару белбеуге бекітілген. Сонымен бірге тек қана адам басы бейнеленген мүсіндер де кездесіп тұрады.<br>Қыпшақ дәуірінің мүсіндері екі қолында сусыны бар адамдарды бейнелеген. Кейбір қыпшақ мүсіндері адам басын бейнелеген.<br>Қыпшақ мүсіндері құрылыстың шығыс жағында немесе орталықта орнатылған. Олар сырт жағынан обаға ұқсап келген. Осындай құрылыстарды қыпшақ ғибадатханасы деп атаған.<br>- Сенің ойыңша, осындай ескерткіштер қандай мақсатпен құрылған? | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Сәулет өнері туралы ақпарат алады, түрлерімен танысады.<br><br>Сәулет өнері дегеніміз не?<br>Сәулет стильдерінің түрлерін білесің бе?<br>Модель дегеніміз не?<br>Моделдің қандай түрлері бар?<br>Қандай мысалдар келтіруге болады? | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Сәулет ұғымын біледі.<br>- Сәулет стильдерін есінде сақтайды.<br>- Модель ұғымын біледі, түрлерін дұрыс айта алады. | Интербелсенді тақта. Презентация<br><br>https://e-history kz/kz/news/show/2818/ |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - Мүсіншілер келесі ұрпақтарға қандай ақпаратты бермек? | | | |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br>https://qrmedia.kz/jQ9g5<br><br> | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>Жұмыс бастар алдында, құрал-жабдықтарды түгендейміз.<br>«Биші қыз» деген тақырыпта қарапайым каркастағы мүсінді жасаймыз. Қолданылатын материалдар: 40 см екі сым темір, қарындаш, қайшы, ермексаз, қатырғықағаз.<br>Қатырғықағаздан қабырғасы 5 см болатын шаршы қиып ал.<br><br>Шаршы пішінді қатырғықағаздың үстіне ермексазды жаймарла.<br><br>Бір бөлік сымды теңдей етіп екіге бүкте.<br><br>Қарындашты сымның ортасына салып, екі-үш рет ора.<br><br>Екінші сымның бөлігін де теңдей етіп бүкте.<br><br>Екіге тең бөлініп, оралған сымды көлденең қойып, екі жаққа екі рет орап, тікте.<br><br>Сымның ұштарынан аяғын, қолын жасау үшін, қарындашты бір рет орап шық.<br><br>Дайын болған бишіні суреттеп айт.<br><br>**Сергіту сәті. «Тиынды тап»** ойыны. Оқушылар шеңбер болып тұрады, алақандарын жауып тиынды салады, сосын тиынды бір-бірінің алақанына салып тұрады, бір оқушы ортаға шығып, тиын кімнің қолында екенін табу қажет. | Оқушылар бейнебаянды немесе мұғалімнің жұмысын көріп, тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырып, тапсырманы аяқтайды.<br>Қатырғықағаздан қабырғасы 5 см болатын шаршы қиып ал.<br>Шаршы пішінді қатырғықағаздың үстіне ермексазды жаймарла.<br>Бір бөлік сымды теңдей етіп екіге бүктейді.<br>Қарындашты сымның ортасына салып, екі-үш рет орайды.<br>Екінші сымның бөлігін де теңдей етіп бүктейді.<br>Екіге тең бөлініп, оралған сымды көлденең қойып, екі жаққа екі рет орап, тіктейді.<br>Сымның ұштарынан аяғын, қолын жасау үшін, қарындашты бір рет орап шығады.<br>Дайын болған бишіні суреттеп айтады.<br>Сергіту сәтін орындайды. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br><br>Шығармашылық жұмыстың сәнді шығуына назар аудара отырып, бірін-бірі бағалау.<br>**Дескриптор:**<br>- Сымды қайыра біледі.<br>- Сымды қарындашқа орай алады.<br>- Биішінің пішінін келтіре алады. | Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Жеке жұмыс<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру. «Галерея» әдісі»** Оқушыларға жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну керектігі айтылады. «Шағын қала» көрінісін ұйымдастыру. | | |  |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | ***Ескерту.*** Егер жұмыс толық аяқталмаса, келесі сабақта толықтыруға болады. Жұмысын аяқтаған оқушылар өз жұмысы туралы баяндайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылардың жауаптарына толықтырулар енгізіп отыру. | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Қысқамерзімді жоспар. №23 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бізді қоршаған әлем |
| Бөлім: | Сәндік-қолданбалы өнер |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Зергерлік бұйымдар (коллаж) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.3.5.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | *<u>Барлық оқушы үшін:</u>*<br>Ұлттық зергерлік бұйымдармен танысу. Зергерлік бұйымдардың пішінінің ерекшеліктерін зерттеу. Жұмыста коллаж техникасын қолдану. |
| Құндылықтарға баулу: | Өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br><br>Қайырлы күн деп айтамыз,<br>Бір болып кешке қайтамыз.<br>Отбасының гүліміз,<br>Көңілді өтер күніміз.<br><br>**(Ұ) Сұхбаттасу.**<br>Коллаж дегеніміз не?<br>Француз итбалық кольлерінен шыққан, яғни «жабысқақ» дегенді білдіретін, коллаж (колаге) – заттардың бетіне желімделу арқылы жасалған өнер туындысы.<br>Бұл 17 ғасырда француздық суреттермен жиһазды безендіру тәжірибесінен арналған.<br>Коллаж кейде «аралас медиа» деп аталады, бірақ бұл термин коллаждан тыс мағынаға ие болуы мүмкін. Коллаж – аралас медианың бір түрі.<br>Көп жағдайда коллаж «жоғары» және «төмен» өнердің қоспасы ретінде қарастырылады. Бұқаралық өнімді немесе жарнамаға арналған бейнелеу өнері мен төмен өнердің дәстүрлі анықтамасын білдіретін жоғарғы өнер. Бұл – қазіргі заманғы өнердің жаңа нысаны және көптеген суретші пайдаланатын танымал әдіс. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Қойылған сұраққа жауап береді. | Әр оқушы жауабынан кейін қол шапалақтап, қошемет жасайды.<br> | Интербелсенді тақта.<br><br>Сурет дәптері, зергерлік бұйымдары бар фотолар, түрлі түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, сызғыш. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Жұмыс ережесін келісу**<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз!<br>Нақты, дәл жауап береміз!<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Білгенге маржан.**<br>Қазақтың зергерлік бұйымдары. **Тұмарша (Бойтұмар).**<br>Бұл – ырымдық зат. Оған кез келген бұйым (ұлутас, сүйек т.б.) немесе арнайы жасалған қымбат заттар да алынған, оларға дұға жазу жазылып, бедер суреттер түсірілген. Бойтұмарды алқаға, әмиянға салатын болған.<br>**Жүзік, сақина.**<br>Әйелдердің саусақтарына тағылатын зергерлік бұйымдардың бір түрі жүзік немесе сақина деп аталады. Зергерлер алтыннан, күмістен құйып, шиыршық темірден торлап, небір тамаша өрнектер салып, асыл тас қондырып алуан түрлі жүзіктер жасаған.<br>**Шолпы, шаш теңге.**<br>Бұл бұйымдарды қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағады. Шаш теңгелер мен шолпылар әсем шиыршықталған күміс үзбе бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады.<br>**Шашбау.**<br>Шашбау да бір-біріне сым үзбелер арқылы бекітіледі. Орталарына асыл тастардан көз қондырылған теңгелер тізбегінен құралады. Ұшы сәнді шашақпен, күміс әшекейлермен әсемделеді. Шашбау шаштың түбіне бекітіліп, бұрыммен бірге салбырай төгіліп тұрады.<br>**Білезік.**<br>Білезік сыңар қолға да, қос қолға да тағыла береді. Оларды сом білезік, жұмыр білезік, бес білезік т.б. деп әртүрлі атайды. Олардың ішінде шынжырмен жалғасып жататын бірнеше жүзігі бар білезіктер де кездеседі. Олар көбіне күмістен соғылады.<br>**Сырға.**<br>Қыз-келіншектердің аса сүйіп тағатын әсемдік бұйымдарының бірі – сырға. Қазақ зергерлері жасайтын ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, салпыншақ сырға, сабақты сырға, шашақты сырға деп әр өңірде алуан түрлі аталатын сырғалардың түрлері өте көп.<br>https://bankreferatov.kz/madenittany/1154-azati-zergerlk-byimdari-men-oyu-rnekter.html | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды. Зергерлік бұйым туралы ақпарат алады, түрлерімен танысады.<br><br>Оқушыларға зергерлік бұйымдардың түрлі репродукциялары ұсынылады, түсіндіріледі. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Оқушылар ұлттық зергерлік бұйымдардың түрлерін білді.<br>- Әр бұйымның міндетін түсінді.<br>- Коллаж ұғымын түсінді.<br><br>Тапсырманы жақсы орындаған оқушылардың жауабына қошемет көрсету. | Интербелсенді тақта. Презентация<br><br>Жүзік<br><br>Шолпы<br><br>Білезік<br><br>Сырға |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br>https://qrmedia kz/ RkDIj<br> | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>Оқушылар зергерлік бұйымдар туралы ақпарат алғаннан соң, өздерінің А4 форматтағы альбомдарына зергерлік бұйым суреттерін әдемі етіп жабыстырады.<br>Мұғалімнан алған ақпаратты жанына жазып, ерекшеліктерін белгілеп қояды.<br>Коллаж дизайны, суреттердің орналасуы өздерінің талғамдарына байланысты жасалады.<br>Зергерлік бұйым суретінен коллаж жасау үшін, алдын ала керекті суреттерді қиып аламыз, суреттерді А4 пішімді қызыл немесе кез келген түстегі қатырғықағазға жабыстырамыз. Суреттерді алдымен реттеп, орнын белгілейміз, содан кейін желімды артына жағып, белгілеген орнына жабыстырамыз.<br>**Сергіту сәті:** «Тиынды тап» ойыны. Оқушылар дөңгелене тұрады, бір бала ойыншылардың алақандарының арасына тиынды салады. Бір оқушы ортаға шығып, тиын кімнің қолында екенін табуы қажет.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Қайшыны дұрыс қолдану қажет.<br>- Жұмыстан кейін қолды сүлгімен сүрту немесе жуу қажет. | Оқушылар бейнебаянды көріп, мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырып, тапсырманы аяқтайды.<br>Зергерлік бұйым суретінен коллаж жасайды. Алдын ала керекті суреттерді қиып алады. Суреттерді А4 пішімді қызыл немесе кез келген түстегі қатырғықағазға жабыстырады. Суреттерді алдымен реттеп, орнын белгілейді. Содан кейін желімді артын жағып, белгіленген орнына жабыстырады.<br>Сергіту сәтін жасайды. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Бұйым түрлерін біледі.<br>- Қажетті материалдарды таңдай алады.<br>- Қажетті құрал-жабдықтарды дұрыс таңдай біледі. | Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 мин. | **«Ашық микрофон» әдісі**<br>***Ескерту.*** Егер жұмыс толық аяқталмаса, келесі сабақта толықтыруға болады. Жұмысын аяқтаған оқушылар өз жұмысы туралы баяндайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Сабақтан қандай әсер алғанын, не ұнағанын «Ашық микрофон» әдісі арқылы баяндайды.<br>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылардың жауаптарына толықтырулар енгізіп отыру. |  |

**Қысқамерзімді жоспар. №24 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бізді қоршаған әлем |
| Бөлім: | Сәндік-қолданбалы өнер |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | |
|---|---|
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Үшбұрыштағы ою-өрнек (сурет) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.3.5.2 «Жалпылау» ұғымын және оны бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәндікқолданбалы өнер құралдары арқылы білдіру мүмкіндігін білу |
| Сабақтың мақсаты: | *<u>Барлық оқушы үшін:</u>*<br>«Жалпылау» ұғымымен танысу. Үшбұрыштағы ою-өрнектің құрамын зерттеу. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақпейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Бояуды партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Су құятын ыдыстың суын сыныпқа шашпа.<br>- Ермексазды жерге тастама, ермексазды аузыңа салма.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт, орныңды жина. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Қауіпсіздік ережелерін тыңдайды. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Оқулық.<br>Қажетті құрал-жабдықтар:<br>А4 форматты альбом, қарындаш, өшіргіш, гуашь, су құятын ыдыс, палитра.<br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** Ою-өрнек (латынның «ornament» – «әсемдеу, сәндеу» деген сөзінен шыққан) – үйлесімділікпен бір қалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар; әртүрлі заттарды (құрал-сайман, қару-жарақ, киім т.б.) архитектуралық құрылыстарды, пластикалық өнер шығармаларын (негізінен, қолданбалы) т.б. сәндеу үшін қолданылады:<br>- үйлесімділік өнері;<br>- символдар байланысы;<br>- жеке өнер туындысы бола алмайды; ол – қандай бұйымға салынуына байланысты алуан түрлі материалдан әртүрлі техникалық тәсілдермен ғана іске асатын нақыш; | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Интербелсенді тақта |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - бейнелеу өнерінің өте ертеден келе жатқан түрі;<br>- геометриалық, өсімдік тектес немесе жан-жануар элементтерінен тұратын өрнектер (кескіндемелік, мүсіндік, графикалық әсемдеу). | | | |
| Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу. 20 минут<br><br>https://qrmedia kz/ t7Dnk<br> | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>«Үшбұрыштағы ою-өрнек» - сурет салу. Керекті құрал, сызғыш, қарапайым қарындаш, өшіргіш.<br>А4 пішімді сурет дәптерінің бетін тігінен орналастыр.<br>Дәл ортасынан тік сызық түсір.<br>Төмен жақтан көлденең сызық сыз, ол сызықтың екі жағы тең болуы қажет.<br>Биіктігін өлшейміз, астыңғы екі шетін биіктік нүктесіне қосамыз.<br>Үшбұрыштың ішінен тағы үшбұрыш сызамыз, сол үшбұрыштың ішіне ою өрнек сызамыз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Қане, қанат жазайық.<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Ұшып-ұшып алайық.<br>Орнымызға қонайық! | Оқушылар мұғалімнің айтқанын тыңдайды, көргенін орындайды.<br>А4 пішімді сурет дәптерінің бетін тігінен орналастыр.<br>Дәл ортасынан тік сызық түсір.<br>Төмен жақтан көлденең сызық сыз, ол сызықтың екі жағы тең болуы қажет.<br>Биіктігін өлшеп, астыңғы екі шетін биіктік нүктесіне қосады.<br>Үшбұрыштың ішінен тағы үшбұрыш сызады, сол үшбұрыштың ішіне ою-өрнек сызады.<br>**Оқушылар сергіту сәтін жасайды.** | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**Дескрипторы:**<br>- Оқулықтағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Суреттің ретін орындайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. |  |
| Жеке жұмыс 5 минут | **Көрме ұйымдастыру.** Оқушыларға жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну керектігі туралы тапсырма беріледі. | Оқушылар гуашьпен салған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | **Дескрипторлар:**<br>- Оқулықтағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Суреттің ретін орындайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. | |
| Сабақтың соңы. Ой толғаныс. Рефлексия. 5 минут | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.** | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br><br>Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе және оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*<br><br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Қысқамерзімді жоспар. №25 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Бізді қоршаған әлем |
| Бөлім: | Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: 1 | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Киригами. Ашықхат жасау |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.3.6.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және сипаттау, дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Шағын формаларда жобалау әдістерін зерттеу. Форманың өзгеруін зерттеу. |
| Құндылықтарға баулу: | Шығармашылық ойларын дамыту, қоршаған ортаны пішім арқылы тану, оюдың ерекшелігін зерттеу. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақпейілді тілекпен.<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық!<br><br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Бояуды партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде орында.<br>- Су құятын ыдыстың суын сыныпқа шашпа.<br>- Ермексазды жерге тастама, ермексазды аузыңа салма.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт, орныңды жина. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Қауіпсіздік ережелерін тыңдайды. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Оқулық.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қағаз, немесе А4 формат, қарындаш, өшіргіш, қайшы, сызғыш.<br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br>Киригами бұл оригами сияқты, бірақ қағазды бүктеудің орнына қағазды қию арқылы орындалады, желім қолданылмайды.<br>Америка Құрама Штаттарында «Киригами» терминін Флоренция Темко ұсынды, жапон тілінен аударғанда, «кири» – «қи», «ками» – «қағаз» дегенді білдіреді. Киригами – қағазды қию өнері. Әдетте киригами бүктелген негізгі беттен басталады, содан кейін бүктеулері жазылып, қиып алынады да, тегістеліп, дайын киригами жасалады. Қарапайым киригами әдетте симметриялы болады. | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Интербелсенді тақта.<br>Энциклопедия: site:kk.wikisko.ru |
| Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу.<br>20 минут<br>https://qrmedia.kz/HOahU<br> | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>Жұмыс бастар алдында заттарымызды түгендейміз.<br>Керекті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қағаз, желім, қайшы, қағаз, сызғыш, қарындаш.<br>Киригами тәсілімен ашықхат жасаймыз.<br>Кез келген түсті қағазды аламыз. Алдымен қағазды тігінен екіге бүктейміз.<br>Содан соң екі жағын ортасына қарай бүктеп, екі қырын теңестіреміз.<br>Жоғарғы бөлігін іштен сыртқа қарай қиғашынан бүктейміз.<br>Аударып алып, үстіңгі кішкене бөлігін көлденен бүктеп, қайта аударамыз.<br>Екі шеткі қырын ішке қарай қиғашынан бүктейміз.<br>Астыңғы бөлігін жоғары бүктеп, ерлер көйлегінің жағасы тәрізді, астыңғы бөлігін қыстырамыз.<br>Келесі кезекте түрлі түсті қағаздың үштен бір бөлігін алып, қиғашынан екі жағын теңестіреміз.<br>Екі шетінен тартып, ортасына қарай бүктейміз. Аударып, үстіңгі бұрышын екі бүктеп, ұшын жоғары қаратамыз.<br>Аударып, екі шетін ортасына бүктейміз, тағы да дәл ортасына бүктеп, үстіңгі үшкір бөлігін қайырып, галстук тәрізді қағаз көйлегімізге тағамыз.<br>Осылайша әкелерімізге арналған құттықтау ашықхаты дайын.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қане, қанат жазайық.<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Ұшып-ұшып алайық.<br>Орнымызға қонайық. | Оқушылар мұғалімнің айтқанын тыңдайды, көргенін орындайды.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Кезкелген түстегі қағазды алып, тігінен тең екіге бүктейді Содан соң екі жағын ортасына қарай бүктеп, екі қырын теңестіреді.<br>Жоғарғы бөлігін іштен сыртқа қарай қиғашынан бүктейді. Аударып, үстіңгі кішкене бөлігін көлденен бүктеп тағы аударады. Екі шеткі қырын ішке қарай қиғашынан бүктейді. Астыңғы бөлігін жоғары бүктеп, жейденің жағасы тәрізді астыңғы бөлігіне қыстырады.<br>Келесі кезекте түрлі түсті қағаздың үштен бір бөлігін алып, қиғашынан екі жағына теңестіреді.<br>Екі шетінен тартып, ортасына қарай бүктейді.<br>Қағазды аударып, үстіңгі бұрышын екіге бүктеп, ұшын төбеге қаратады.<br>Тағы аударып, екі шетін ортасына қарай бүктейді.<br>Дәл ортасынан тағы бүктеп, үстіңгі үшкір бөлігін қайырып, галстук тәрізді ерлер көйлегіне тағады.<br>Оқушылар сергіту сәтін жасайды. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Оқулықтағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- «Киригами» ұғымын түсінеді.<br>- Жұмыс істей алады. |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жеке жұмыс<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. | Оқушылар жұмыстарын *ашық хатты* көрмеге ұсынады. | | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.** | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br><br>Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды: *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*<br><br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |  |

**Қысқамерзімді жоспар. №26 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Бізді қоршаған әлем |
| Бөлім: | Дизайн және сәулет |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Экоүй (сурет-жоба). Түрлі түсті қарындаштармен сурет салу |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.3.6.2 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және сипаттау, сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Табиғи формаларды зерттеу. Экологиялық таза тұрғын үй жобасын құру үшін қоршаған ортаны бақылауды қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br>Қызығушылықты ояту<br>7 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) Психологиялық ахуал қалыптастыру.** Жылулық шеңбері: «Ғажайып жылулық шынжыры». Балалар жымиып күліп, бір-біріне ізгі тілектерін айтады. Жұмыс ережесімен келіседі.<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз! | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар бір-біріне ізгі тілектерін білдіреді. | Ауызша бағалау<br>Тамаша! | Интербелсенді тақта.<br>Презентация. Бейнелеу өнері сабағына қажет құрал-жабдықтар |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>**(ЖЖ)** Түрткі сұрақтар қою.<br>Экоүй дегеніміз не?<br>Жоба дегеніміз не?<br>**(ҰЖ) Талқылайық!** Экологиялық үй қазіргі кездегі сәнді тренд немесе батысқа еліктеушілік емес. Қазіргі экологиялық-экономикалық аһуал экологиялық үйлерді салуға ықпал етуде және келешекте осындай үйлердің көптеп салынуына да жол ашуда. Күннен-күнге қымбаттап жатқан энерготасымалының құны осының бір мысалы ғана бола алады.<br>- Жалпы айтқанда, экологиялық үй дегеніміз не?<br>- Оны қалай, неден тұрғызуға болады?<br>- Оны тұрғызу мүмкіндігі, үй құны қалай болмақ?<br>Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік! Экологиялық үй деп, қоршаған ортаға кері әсері аз, энергияның барлық түрімен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын үйді айтамыз.<br>Экологиялық үй, негізінен, үш бөліктен тұрады. Ең бірінші – үйдің қорапшасы. Жай үймен салыстырғанда күн сәулесі есебінен жылулық қорғанышы алты еселенген экоүй ғимаратын экономикалық және техникалық мақсатта жылыту қажет. Экоүйдің екінші бөлігіне оның тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері – жылыту, вентиляция, органикалық және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу жатады. Үшінші бөлігіне биоботаникалық бағы бар ғимарат жатады.<br>Нағыз экоүйлерді жылуды жақсы сақтайтын, адамзатқа зияны жоқ, жылы, аялы үй ретінде елестетеміз. Ондай үйді жасау үшін, алдымен үйдің жылы қорапшасын жасау қажет. Яғни үйдің құрылысы үшін жылытқыштарды пайдалану арқылы тек қабырғасын ғана емес, іргетасы мен еденін де жылытуға болады.<br>Экологиялық үйлердің біраз артықшылықтары мен ерекшеліктері болады. Ішіндегі ең маңыздыларына тоқталып өтсек:<br>- компьютерлендіру;<br>- изоляция;<br>- вентиляция;<br>- экологиялық материалдарды қолдану. | Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушылар қоршаған ортадан өздеріне таныс материалдан үй жобасын ұсынады. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br><br>«Керемет сурет!», «Өте ұқыпты боялған!», «Сенің қолыңнан бәрі келеді!» деген сияқты тіркестерді пайдалану. | |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут | **Техникалық сурет, жобалау** немесе **сурет салу**, бұл – әрекет, композициялық сызбалар, жобаның қалай жұмыс істейтінінің немесе жасалатынының жалпы көрінісі.<br>Техникалық сурет салу, идеяларды жеткізу үшін өнеркәсіп және инженерлік өндіріске өте қажет. Сызбаларды түсінуді жеңілдету үшін адамдар шартты белгілерді, перспективалар, өлшем бірліктерді, белгілеу жүйелерін, визуалды стильдерді пайдаланады. Сызбаның бастапқы сатысы – техникалық сурет. Техникалық сызбаның көптеген шартты белгілері мен қағидалары кодталған, халықаралық стандарт деп аталады. | Оқушылар бүгінгі сабақ тақырыбын ашады.<br><br>**(Ө)** Түсіндіру барысында өз жауаптарымен мұғалімге көмек беріп отырады.<br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br>Оқушылар бізді қоршаған әлем түрлі түсті, әрбір заттың өзіне тән ерекшелігі бар деген қорытынды шығарады. | Оқушылардың жауабын толықтыру<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Түс түрлері мен элементтерін атайды.<br>- Сызықтық перспективасын есекере отырып, | Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар, жай қарындаш, өшіргіш, жұмыс дәптері, фломастер, түрлі түсті қарындаштар. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br>[https://qrmedia.kz/DisHP](https://qrmedia.kz/DisHP)<br><br>Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>8 минут | <br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс.**<br>Қағаз ортасына үш тік сызық сызамыз, ортаңғы сызығы ұзын, екі шеткі сызықтар қысқа. Қиғашынан сызылған сызықпен сызық төбелерін қосамыз, дәл солай тағы үлкен перспективалы төртбұрыш сызамыз. Терезелерін саламыз, терезе сызықтары шеткі сызықтарға параллель сызылады. Ауласына ағаштар саламыз, үйдің көлеңке жақтарын көк түспен, күн жақтарын ашық сары түспен бояп шығамыз, шатыр көлеңкесін қара қоңыр түспен бояймыз. Аспанды ашық көк, ағаштарды түрлі жасыл түспен бояп шығамыз.<br>Жобаны оқушылар өз қалауынша сызады, қиялын қосады, таңдау еркі бар. Жобаның құрылымы, материалын таныстыруы қажет.<br>**Сергіту сәті ретінде** және бүгінгі сабақпен байланыстыру.<br>**(МК) Сергіту сәті.**<br>Кітап туралы көңілді ән ырғағына қосыла отырып, би қимылдарын көрсетеді.<br>Оқушылардан бүгінгі сабақта не үйренгендерін сұрау.<br>**«Бірауыз сөз» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>- Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>- Сабақта өзіңе не ұнады?<br>- Бұлттар қандай түспен боялады?<br>- Саған қандай түс ұнайды? Неге?<br>- Сызықтық перспектива дегеніміз не?<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына іледі. Өз қолындағы жұлдызды ұнаған суретіне жапсырады. | Тақтада көрсетілген үлгіге қарап, өзінің жобасын салады.<br>Қағаз ортасына үш тік сызық сызады: ортаңғы сызығы ұзын, екі шеткі сызықтары – қысқа. Қиғашынан сызылған сызықпен сызық төбелерін қосады. Дәл солай тағы үлкен перспективалы төртұрыш сызады. Терезелерін салып, терезе сызықтарын шеткі сызықтарға параллель сызады. Ауласына ағаштардың суретін салады. Үйдің көлеңке жақтарын көк түспен, күн жақтарын ашық сары түспен бояйды. Шатырдан түскен көлеңкені қара қоңыр түспен бояп шығады. Аспанды ашық көк, ағаштарды түрлі жасыл түспен бояйды.<br>**(Ұ) Сергіту сәті:** Кітап туралы көңілді ән ырғағына қосыла отырып, би қимылдарын қайталайды.<br>Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br>Оқушылар көрме ұйымдастырады<br>Өз жұмыс орнын жинауын қадағалау. | бейнелей алады.<br>Көмек қажет еткен оқушыларға көмек беру.<br>Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну.<br>Көрме ұйымдастыру арқылы әдемі салынған жұмысты таңдау. |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Қысқамерзімді жоспар. №27 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| **Блок:** | Шығармашылық |
| **Бөлім:** | Графика |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Мысық (түрлі түсті қарындаштармен сурет салу) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.4.2.1 Графикалық тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Жануарларды салу кезінде бақылау тәжірибесін қолдану. Таныс графикалық техниканы шығармашылықпен қолдану. Фактураны беру үшін штрихтың әртүрлі түрлерін қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br>Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ)** «Достық шеңбері» – жылулық шеңбері. Оқушылар шеңберге жиналады. Мұғалім ортаға орындық қойып, кез келген балаға отыруды ұсынады. «Күлгін көзілдірікті» киіп (күн сәулесін қорғайтын әйнегі күлгін түсті көзілдірік жарайды), ол арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін көруге болатынын айтады. Оқушылар отырған баланың жақсы қасиеттерін айтады. Оқушылар қалаулары бойынша көзілдірікті кезекпен киіп, ортадағы баланы мадақтайды.<br><br>**Жұмыс ережесімен келісу.**<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз.<br>Уақытты үнемдейміз.<br>Нақты, дәл жауап береміз.<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз.<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Қайшыны дұрыс қолдану қажет.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрту немесе жуу | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар шеңберге жиналады. Көзілдірікті киіп, ортадағы оқушының жақсы қасиеттерін айтады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді:<br>Графика дегеніміз не?<br>Графика өнеріне қандай құралдар жатады?<br>Графика өнерінің түрлерін білесің бе? | Әр оқушы жауабынан кейін қол шапалақтап, қошемет жасайды.<br> | Интербелсенді тақта.<br>Оқулық.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қарындаш, өшіргіш, А4 формат, қарындаш.<br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қажет.<br>- Мұғалімінің рұқсатынсыз жұмысты бастама.<br>- Қию құралдарымен ойнама.<br>- Жұмыс соңында жұмыс орныңды жина. | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br>Мысық туралы мәліметтер:<br>1. Мысықтар өз өмірінің 70%-ын ұйықтаумен өткізеді. Олар тәулігіне 18 сағат ұйықтайды.<br>2. Мысықтарға мешітке кіруге рұқсат етілген.<br>3. Олардың жүгіру жылдамдығы шамамен – 50 км/сағ. Ал дүниежүзіндегі ең жылдам адамның жылдамдығы – 43 км/сағ ғана.<br>4. Шын мәнінде, сүт ішу оларға зиян тигізеді.<br>5. Олар жер сілкінісін, адамнан 15 минутқа ерте сезуі мүмкін.<br>6. Алғашқы мысықтар 40 миллион жыл бұрын ағаштарда өмір сүрген.<br>7. Оларды үй жануары ретінде бірінші болып Ежелгі Мысыр халқы ұстаған.<br>8. Мысық 100 түрлі дыбыс шағара алады.<br>9. Оның миы 90%-ы біздің миымызбен сәйкес келеді екен.<br>10. Иіс сезу қабілеті иттен жоғары.<br>11. Жүрегі адамдардан екі есе тез соғады. Ғарышқа ұшқан алғашқы мысық тірі болып оралды.<br>**Толығырақ: https://faktiler kz/mysyk-turaly-kyzykty-alimetter/** | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Мысық туралы қызықты ақпарат алады, түрлерімен танысады.<br><br>Оқушылар мұғалімнің тарапынан қойылған сұрақтарға өз жауаптарын береді. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Мысық туралы кем дегенде 5-6 қызықты ақпаратты алады.<br>- График ұғымын біледі. | Интербелсенді тақта. Презентация |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br>https://qrmedia.kz/nqRrK | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>Жұмысты бастар алдында интербелсенді тақтаға қарап, суреттің салу жолын түсініп алуымыз үшін бейненұсқаны көріп алуымыз қажет. Мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тапсырманы орындап шығамыз.<br>Мысықтың суретін түрлі түсті қарындаштармен салатынын айтады. Қағаздың ортасынан тіктөртбұрыш сызады, төрт тең бөлікке бөледі, үстіңгі бөлігі – басы. Үстіңгі бөлігінде екі шетіне құлағын салады. Ортасынан төмен қарай параллель сызықтармен аяғын салады, құйрығын келтіріп, басын салуға көшеді, көзін, мұрнын салады. Артынша түрлі түсті қарындашпен бояп шығады. Құйрығы, құлақтарын сарғыш, беті мен алдыңғы аяқтарын көк түспен бояп шығады.<br>Оқушылар суретті өздері қалаған түспен бояйды. | Оқушылар мұғалімнің кезең-кезеңмен көрсеткен суреттерін көріп, жұмысты мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырып, тапсырманы аяқтайды.<br>Мысықтың суретін түрлі түсті қарындаштармен салады.<br>Ортасынан тіктөртбұрыш сызады, төрт тең бөлікке бөледі, үстіңгі бөлігі – басы. Үстіңгі бөлігіне екі шетінен құлағын салады. Ортасынан төмен қарай параллель сызықтармен аяғын салады. Құйрығын келтіріп, басына көшеді, содан көзін, мұрнын салады. Артынша түрлі түсті қарындашпен бояп шығарады. Құйрығын, құлақтарын сарғыш, беті мен алдыңғы аяқтарын көк түспен бояп шығады | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>Шығармашылық жұмыстың сәнді шығуына назар аудара отырып, бірін-бірі бағалау.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Тақтадағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Мысық суретінің кезеңдерін дұрыс орындайды.<br>- Мысықтың түсін суретке қарап немесе есте сақтау арқылы орындайды. | Интербелсенді тақта. Слайд. |
| Жеке жұмыс<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру. «Галерея» әдісі».** Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. «Шағын қала» көрінісін ұйымдастыру. | Оқушылар «Ертегі кейіпкерінің үйі» сәулет ғимараттарының суретін көрмеге ұсынады. | Оқушыларға сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну. |  |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | ***Ескерту.*** Егер жұмыс толық аяқталмаса, келесі сабақта толықтыруға болады. Жұмысын аяқтаған оқушылар өз жұмысы туралы баяндайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылардың жауаптарына толықтырулар енгізіп отыру. | |

**Қысқамерзімді жоспар. №28 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Шығармашылық |
| Бөлім: | Графика |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | |
|---|---|
| | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің сыныптасым (қарындашпен сурет салу) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.4.2.2 Графикалық жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерін білу |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Портрет салу әдістерімен танысу. Адам бетінің пропорцияларын зерттеу. Жұмыста эмоционалды көңіл күй қалыптастыру үшін графикалық әдістерді шығармашылықпен қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br>- Әрбір адам? Досым, сыныптасым.<br>- Әрбір сабақ? Үйрену, оқу, іздену.<br>- Әрбір ісің? Тірлік, тірек, адамдық.<br>- Әр сөзің? Шындық, адалдық .<br><br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Қайшыны дұрыс қолдану қажет.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрту немесе жуу қажет.<br>- Мұғалімінің рұқсатынсыз жұмысты бастама.<br>- Қию құралдарымен ойнама.<br>- Жұмыс соңында жұмыс орныңды жина. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br>Дизайн өнері дегеніміз не?<br>Дизайн өнеріне қандай бұйымдар жатады?<br>Дизайн өнерінің түрлерін белесің бе?<br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады. Өлеңді дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.<br><br>Оқушылармен біріге отырып, қауіпсіздік ережелерін қайталау. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br><br>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Интербелсенді тақта, слайд<br>Оқулық, қажетті құрал-жабдықтар, А4 форматты альбом, қарапайым қарындаш, өшіргіш. |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br>**Портрет жанры.** Портрет бейнелеу өнерінің барлық түрімен: живопись, мүсін, графика, мозаикамен, т.б. жазыла береді. Портреттің негізгі міндеті – адамның сыртқы ұқсастығын айнытпай берумен қатар ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын ашып көрсету. Портрет кейіпкерге қарап отырып салынады, кейде көмекші материалдарға (көркем әдебиет, ауыз әдебиеті, түрлі тарихи деректер, т.б.), естеліктерге сүйене отырып та ойдан жазылады. Портрет | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Портрет жанры туралы ақпарат алады, тарихымен танысады. | **Дескрипторлар:**<br>- Берілген ақпаратты түсінеді.<br>- Портрет ұғымын біледі.<br>- Портрет түрлерін дұрыс айта алады. | Интербелсенді тақта. Презентация<br><br>https://kk.wikipedia.org/wiki/Портрет |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ежелгі Мысыр, Қосөзен, Грек, Рим өнері дәуірінен белгілі. Көне дәуірдегі озық портрет үлгісі – мүсінші Тутмес сомдаған Нефертитидің бейнесі (б.з.д. 16 ғ.). Орта ғасырларда портрет өнері Қытайда, Жапонияда дамып, Орталық Азия, Әзірбайжан, Ауғанстан (Бекзад Камал әд-Дин), Иран (Реза Аббаси) елдерінде миниатюралық портрет қанат жайды.<br>Қазақ тарихында мүсіндік портреттің дені – ежелгі түркі қағандығы (5–8 ғғ.) мен қыпшақ заманы (8–13 ғғ.) кезеңіндегі балбалдар мен тас мүсіндер. Қазақтың тұңғыш суретшісі Ш. Уәлиханов портрет ағымында көп еңбек етті («Сұлтан Мамырхан Рүстемов», «Тезек төре» 1856 ж., «Алатау қырғызы» түрлі түсті қарындаш, 1856 ж.). 20 ғасырдың басынан қазақ суретшілері Ә. Қастеев, Қ. Телжанов, Н. Нұрмұхамедов, А.М. Черкасский, Г. Исмаилова, А. Ғалымбаева, М. Кенбаев, Х. Наурызбаев, Ү. Әжиев т.б. портрет жанрын ұлттық үрдісте дамыта білді. Кейінгі толқын суретшілері С. Айтбаев, А. Аканаев, С. Досмағанбетов, Е. Серкебаев, М. Аманжолов, А. Дүзелханов т.б. портрет өнерін жаңа қырынан дамытты.<br>**https://kk.wikipedia.org/wiki/Портрет** | | | |
| <br>Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br>https://qrmedia.kz/1SuSl | **Сергіту сәті:** «Көңілді жаттығу»<br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс.** Жұмысты бастамас бұрын қажетті құралдарды дайындап алады және ұстаздың тапсырмасы бойынша қасында отырған сыныптасын бейнелейді.<br>Бүгінгі сабақта сыныптасыңның суретін саласың.<br>Ол үшін дәл ортасынан жарты шеңбер салып, астыңғы бөлігін сәл сопақша пішінде сыз.<br>Ортасынан көлденен сызық сызылады, бұл жерге көзінің суретін саламыз.<br>Иектен жоғары үш жарым бөлікке бөлінеді.<br>Астыңғы бөлігі иектен мұрнына дейін, ортасы мұрнынан қасқа дейін, қастан маңдайға дейін сызылады.<br>Астыңғы бөлікті үш тең бөлікке бөліп, ернін саламыз.<br>Мұрнының кеңдігінен көз басталады. | Сергіту сәтін мұғаліммен бірге жасайды.<br>Оқушылар тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша кезең-кезеңімен жалғастырып, тапсырманы орындайды.<br>Бүгінгі сабақта сыныптасыңның суретін саласың.<br>Ол үшін дәл ортасынан жарты шеңбер салып, астыңғы бөлігін сәл сопақша пішінде сызады.<br>Ортасынан көлденен сызық сызылады, бұл жерге көзінің суретін салаады.<br>Иектен жоғары үш жарым бөлікке бөлінеді.<br>Астыңғы бөлігі иектен мұрнына дейін, ортасы мұрнынан қасқа дейін, қастан маңдайға дейін сызылады. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br>**Дескрипторлар:**<br>- Тақтадағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Портрет ұғымын біледі.<br>- Портрет тарихын айта алады.<br>**«Үш шапалақ»** әдісі арқылы бағалайды.<br> | <br>Қажетті құрал-жабдықтар:<br>А4 форматты альбом, қарапайым қарындаш, өшіргіш.<br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мұрын деңгейінде құлақтың асты, қас деңгейінде құлақтың үсті болады.<br><br>Осылайша портрет салуды аяқтадық. | Астыңғы бөлікті үш тең бөлікке бөліп, ернін саламыз. Мұрнының кеңдігінен көз басталады. Мұрын деңгейінде құлақтың асты, қас деңгейінде құлақтың үсті болады. Осылайша портрет салуды аяқтадық. | | |
| Жеке жұмыс 5 минут | **Көрме ұйымдастыру. «Галерея» әдісі».** Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. Оқушылардың жасаған жұмыстарын тексеру. Әр оқушының дизайны мен таңдаған түстері туралы сұрау. Бүгінгі сабақты пысықтау. | Оқушылар суреттерін көрмеге ұсынады. Әр оқушының жасаған жұмыстарын тексеру. Ой түйіндеу. | **Дескрипторлар:**<br>- Тақтадағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Портрет ұғымын біледі.<br>- Портрет тарихын айта алады.<br>- Портрет бейнелей алады. | |
| Сабақтың соңы. Ой толғаныс. Рефлексия. 5 минут | **«Алмаағаш»**<br>Жасыл алма – бүгін көп нәрсені түсіндім, маған пайдалы болды;<br>Қызыл алма – бүгін сабақтан түйгенім өте көп, маңызды болды;<br>Сары алма – бүгін сабақта түсінбеген сұрақтарым бар, оқуым керек. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. Оқушылар бүгінгі сабақ бойынша алма түсін таңдап алып, ағашқа жапсырады. | **«Үш шапалақ»** әдісі арқылы бағалайды.<br> | |

**Қысқамерзімді жоспар. №29 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Шығармашылық |
| **Бөлім:** | Кескіндеме |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Таудағы таңның атуы (акварельмен сурет салу) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.4.3.1 Кескіндемелік тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушы үшін:***<br>«Контраст» ұғымымен танысу. «Контражур» ұғымымен танысу. Шығармашылық жұмыста сулы кескіндеменің таныс әдістерін қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>7 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Гүлмен тілек» әдісі** арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру.<br>**(ЖЖ) Жеке жұмыс.** Оқушыларға бірнеше суреттерді ұсыну.<br>- Аспанды қандай түспен бояуға болады?<br>- Тауды қандай түспен бояуға болады?<br>- Бұлтты қандай түспен бояр едің? | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар ұсынылған аспан, тау және бұлттың суреттерін тиісті түспен бояйды.<br>Сұрақтарға жауап береді. | Оқушылардың бояған суреттерін таныстыру кезінде ауызша мадақтау. «Жарайсың!», «Дұрыс айтасың!», «Керемет сурет!» «Өте ұқыпты боялған!» «Сенің қолыңнан бәрі келеді!» сияқты тіркестерді пайдалану. | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут<br> | **(ҚЕ) Қауіпсіздік ережесі:**<br>- Мұғалімнің тапсырмасын мұқият тыңдап, тек мұғалімнің рұқсатынан кейін ғана жұмысқа кіріс.<br>- Жұмыс орныңды дайындап ал.<br>- Жұмыс барысында қылқаламды не акварель бояуын ұқыпты пайдалан.<br>- Бояуды аузыңа, көзіңе жақындатпа.<br>- Жұмыс аяқталғаннан соң, қылқалам мен ыдысыңды тазалап, орнына салып қой.<br><br>**(ЖЖ ) Сурет бойынша жұмыс.**<br>- Суретте не бейнеленген?<br>- Қандай түстер қолданылған?<br>- Не себепті осы түстер таңдалған деп ойлайсың?<br>- Суретші түстерді таңдауда неге назар аударды?<br>- Сурет қандай бояумен салынған?<br><br>**Сергіту сәті:** Түстер туралы видеоматериал әуеніне қимыл-қозғалыс жаттығуын жасауды ұсыну. | Оқушылар өз таңдауын түсіндіреді. Оқушылар өз нұсқаларын айтады (ауа райына, жыл мезгілдеріне, күн мен түннің ауысуына тағы басқа).<br><br>Оқушылар жылы және суық түстер тақырыбы бойынша білімдерін еске түсіреді.<br><br>Оқушылар орындарынан тұрып, жалпы бірге жаттығу жасайды. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд<br><br>Слайдта жазылған сұрақтар тізбесі<br>Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«От шашу»** әдісі арқылы бағалайды. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жеке орындау<br><br>18 минут<br><br>https://qrmedia kz/<br>YoIr4 | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс:**<br>Оқушылар «Таудағы таң» суретін салады.<br>**Жұмыстың орындалу реті:**<br>Алдымен сурет салатын қағазды үлкен қылқаламмен сулап аламыз.<br><br>Содан соң ашық сарғылт түс пен көк түсті палитраға суын көбірек қосып, араластырамыз.<br><br>Қағаздың үстіңгі бөлігін көк түспен, астыңғы бөлігін ашық сарғылт түспен сұйық етіп бояп шығамыз.<br><br>Көк түсті көбірек қосып, қызыл түспен араластырып аламыз. Бірнеше таудың суретін саламыз.<br><br>Содан соң таудың жоғарғы бөлігін лимон түстес бояумен бояп, таңның шапағын саламыз.<br><br>Суретіміз дайын. | Суретті интербелсенді тақтадан немесе мұғалімнің кезең-кезеңімен орындалуын көрсеткеннен кейін жұмысқа кіріседі.<br>Шығармашылық тапсырмаларды орындайды.<br>Оқушылар таудағы таң көрінісін кезең-кезеңімен орындайды.<br>Оқушылар «Таудағы таң» тақырыбында сурет салады.<br>**Жұмыстың орындалу реті:**<br>Алдымен сурет салатын қағазды үлкен қылқаламмен сулап алады.<br>Содан соң ашық сарғылт түс пен көк түсті палитраға суын көбірек қосып, араластырады.<br>Қағаздың үстіңгі бөлігін көк түспен, астыңғы бөлігін ашық сарғылт түспен сұйық етіп бояп шығады.<br>Көк түсті көбірек қосып, қызыл түспен араластырып алады.<br>Бірнеше таудың суретін салады.<br>Содан соң таудың жоғарғы бөлігін лимон түстес бояумен бояп, таңның шапағын салады.<br>Суретіміз дайын. | **Дескрипторлар:**<br>- Берілген тапсырмаларды дұрыс орындайды. | Сурет дәптері, акварель бояулары, қылқалам, су құятын ыдыс. |
| Жеке жұмыс<br>3 минут | **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына ілуді ұсыну. | Оқушылар салған суреттерін көрмеге ұсынады. | **Дескрипторлар:**<br>- Берілген тапсырманы дұрыс орындайды. | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы. Ой толғаныс. Рефлексия. 7 минут | **Кері байланыс.** Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну. ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | «Таудағы таңның атуы» суретін салады. Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына іледі. Жұлдызшаларын көрмедегі суреттерге жапсырады. | Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |  |

**Қысқамерзімді жоспар. №30 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Шығармашылық |
| Бөлім: | **Кескіндеме** |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Гүлденген алмаағаш (гуашь бояуымен сурет салу) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.4.3.2 Кескіндемелік жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерін білу |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Стандартты емес сурет салу әдістерін қолдану, басып шығару. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту. 7 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. Сабақты «Жемістер, көгөністер» ойынымен бастаймыз.<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақпейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді:<br>Кескіндеме дегеніміз не?<br>Кескіндемеге керекті құрал-жабдықтарды ата.<br>Кескіндеменің ерекшелігі неде?<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Құрал-жабдықтар: оқулық, бояу гуашь, қыл қалам, су құятын ыдыс, палитра, А4 форматты қағаз. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Бояулармен танысып,<br>Алмаағаш салайық!<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік ережесі:**<br>1. Мұғалімнің тапсырмасын мұқият тыңдап, тек мұғалімнің рұқсатынан кейін ғана жұмысқа кіріс.<br>2. Жұмыс орныңды дайындап ал.<br>3. Жұмыс барысында қылқаламды бояуды ұқыпты пайдалан.<br>4. Бояуды аузыңа, көзіңе жақындатпа.<br>5. Жұмыс аяқталғаннан соң, қылқалам мен ыдысыңды тазалап, орнына салып қой. | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>7 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** Гуашьпен жұмыс істеуге арналған суретшінің жиынтығын стандартты деп атауға болады. Дегенмен оны ыңғайлы және жоғары сапалы етуге көмектесетін мүмкіндіктер бар. Қылқалам – гуашь, акварельге қарағанда көбірек тығыздық пен тұтқырлыққа ие болғандықтан, саған өзіңнің сүйікті тиін қылынан жасалған қаламыңды бір жаққа қоюға тура келеді. Олар шамадан тыс жұмсақ болғандықтан өз міндеттерін орындай алмайды. Синтетикалық материалдан жасалған бірнеше қылқалам алған дұрыс. Фонды толтыру және үлкен жағындылар жағу үшін тегіс қылқалам ал. Кішігірім бөлшектерді салу үшін жұқа контурлы қылқалам және әмбебап дөңгелек қылқаламды ұмытпа. Кескіндеме үшін қылқаламдарды таңда.<br>**Негіз таңдау**. Гуашь үшін ең жақсы негіз – қағаз немесе қалың қатырғықағаз. Егер сен сұйытылған гуашьпен жұмыс істесең, негіз тым ылғалданбағанына көз жеткіз. Бұл парақты деформациялайды. Планшеттегі парақты арнайы қыстырғыштармен немесе бояу таспасымен бекіту арқылы мұны болдырмауға болады. Қағаз гуашь үшін жалғыз негіз емес. Жұмыс үшін сен фанер парақтарын, сондай-ақ қарапайым әйнекті пайдалана аласың.<br>Дереккөз: https://zvetnoe ru/club/poleznye-stati/risovanie-guashyu-dlya-nachinayushchikh/ | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. |  |
| Жеке орындау<br><br>20 минут | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс:**<br>Сабақта гүлденген алмаағашты бейнелейміз.<br>Керекті құрал жабдықтар: гуашь бояуы, қылқалам, палитра, су құятын ыдыс.<br>Ең алдымен палитраға ақ түс пен көк түсті араластырып, | Интерактивті тақтаға назар аударады.<br>Бейнероликті мұқият қарап, тыңдайды.<br>Мұғалімнің рұқсатымен жұмысты | **Дескрипторлар:**<br>- Мұғалімді тыңдайды.<br>- Жұмысты толық орындайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| https://qrmedia.kz/jLAf0 | толығымен бояп шығамыз. Кепкеннен кейін бұтақты қоңыр түспен саламыз, бұтақтың жарық жерлерін охра түсімен бояп шығарамыз. Келесі кезекте ақ түске кішкене қызыл түсті қосамыз, шығарған түспен бұтақтарға гүлдер саламыз, гүлдің үстінен ақ түспен жартысын бояп шығамыз.<br>Жапырақтарын салу үшін жасыл түске көк түсті қосып, бояп шығамыз. Жапырақтың жарық жерлерін салу үшін жасылға лимон түсін қосып, бүткіл жапырақтарды түртіп шығамыз.<br>Осылайша гүлденген алмаағаш дайын болды. | бастайды.<br>**Жұмыстың орындалу реті:**<br>Палитраға ақ және көк түстерді араластырып, толығымен бояп шығады.<br>Кепкеннен кейін бұтақты қоңыр түспен салады.<br>Бұтақтың жарық жерлерін ақшыл қызыл сары түспен бояйды.<br>Ақ түске кішкене қызыл түсті қосып, жаңа түс шығарып алады.<br>Шығарып алған түспен бұтақтарға гүлдердің суретін салады.<br>Гүлдің үстінен ақ түспен жартысын бояп шығады.<br>Жапырақтарын салу үшін, жасыл түске көк түсті араластырып, бояп шығады.<br>Жапырақтың жарық реңктерін салу үшін, жасылға лимон түстес сары бояуды қосып, түртіп бояйды.<br>Осылайша гүлденген алма ағашын салып шығады. | Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Менің жұлдызым»** әдісі арқылы бағалайды. | |
| Жеке жұмыс<br>6 минут | **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. | Оқушылар салған суреттерін көрмеге ұсынады. | **Дескрипторлар:**<br>- Жұмысты толық орындайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>**Көрме ұйымдастыру.** | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br><br>Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды.<br>*Яғни «Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*<br><br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. |   |

**Қысқамерзімді жоспар. №31-32 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Шығармашылық |
| Бөлім: | Мүсін |
| Педагогтің аты-жөні: | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | |
|---|---|
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Үкі (ермексаздан сомдау). Көлемді мүсін жасау |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.4.4.1 Мүсіндік тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Ермексаз немесе сазбалшық. Сәндік мүсін. Модельдеу әдістерін шығармашылықта қолдану. Сәндік мүсіндегі сәндеу техникасын зерттеу. |
| Құндылықтарға баулу: | Өмір бойы оқуға, еңбек етуге, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>7 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. Сабақты «Жемістер, көгөністер» ойынымен бастаймыз.<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақпейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық.<br>Аққаламен танысып,<br>Мүсінін бірге жасайық.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орнынды таза ұста.<br>- Ермексаз бен құралдарды аузыңа салма.<br>- Тек арнайы тақтайшада ғана жұмыс істе.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт немесе жу. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді:<br>Мүсін дегеніміз не?<br>Мүсін қандай заттардан жасалады?<br>Мүсіннің ерекшелігі неде?<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау. | Интербелсенді тақта.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: оқулық, жұмыс дәптері, ермексаз, стек, плёнкалы төсеніш. |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!**<br>Үкі – үкі тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Оған құстардың екі жүзден астам түрі кіреді. Үкілер жер шарында кең таралған, олар тауда, орманда, далада, теңіз жағалауында және тіпті Қиыр Солтүстікте мекендейді.<br>Олардың көпшілігі түнде тіршілік етеді және түнде аң аулайды.<br>Олардың үлкен дөңгелек көздері бүйірінде емес, алдыңғы | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. | Слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жағында болады. Ғалымдар үкі отрядының өкілдері түстерді ажырата алмайтынын және әлемді ақ, қара түсте көретінін дәлелдеді.<br>Үкінің көзі күндіз де, түнде де жақсы көреді.<br>Бұл жыртқыш құстардың есту қабілеті де өте жақсы.<br>Олардың құлағы өте үлкен.<br>Үкілер, негізінен, отырықшы өмір сүретіні және ұзақ ұшуды ұнатпайтыны белгілі. Олар түнде белсендірек, ал күндіз ұяда демалады немесе бұтақта отырады. Ұшу кезінде үкі сағатына 80 км жылдамдыққа жете алады.<br>Дереккөз: https://travelask ru/russia/sova | | Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>3 минут<br><br>Жеке орындау<br> | **Білгенге маржан.** Мүсіндеу – көлемді бұйымдар жасалатын бейнелеу әрекетінің бір түрі. Ермексаз – әртүрлі пішіндегі заттарды мүсіндеуге болатын жұмсақ материал. Ермексаз кескіші – ермексазбен жұмыс істеуге арналған пластиктен немесе ағаштан жасалған құрал.<br>**Мүсіндеу тәсілдері:** домалақтау, шиыршықтау, жаныштау, созу, тегістеу т.б. негізгі тәсілдерін үйрену керек.<br>**Домалақтау.** Ермексаздың бір бөлігін екі алақанмен ширатып, дөңгелек пішінге келтіреміз.<br>**Шиыршықтау.** Дөңгелек ермексазды жұмыртқа немесе цилиндр пішінге келтіру. Екі қолды бір-біріне көлбеу ұстап шиыршықтаса, ермексаз жұмыртқа қалпына келеді.<br>**Жаныштау.** Ермексазды тандыр нан пішініне келтіру үшін оны алақанмен үстелдің үстінде қатты жаныштау керек.<br>**Шымшу.** Үлкен пішінді бұйымның ұсақ бөлшектерін шығаруда қолданылатын әдіс.<br>**Созу.** Ермексазды қолмен созып, қажет пішінге келтіру.<br>**Тегістеу.** Ермексаздан жасалған бұйымның артық бөлшектерін саусақ немесе кескішпен алып тастау үшін қолданылатын әдіс.<br>**Кесу.** Ермексазды кескішпен бірнеше бөліктерге бөлу.<br>**Тілу.** Бұйымға қайшымен тілік жасау. Бұл әдіспен шөп, кірпінің инесі, құстың қауырсынының кескінін шығаруға болады.<br>**Біріктіру.** Бөлшектерді бір-біріне қатты күш салмай жапсыру. Балаларға бұл тәсілдердің бәрін бірден айтуға болмайды.<br><br>**(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>Жұмысты бастар алдында орнымызды дайындап, клеенка төсенішті алдымызға жаямыз. Ермексазды жақсылап жібітеміз.<br>Үкінің пішінін ермексаздан жасау жолдарын рет-ретімен | Оқушылар мұқият тыңдап, сұрақтары болса қояды.<br><br>Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады.<br><br>Ермексазды алақан арасына салып, жақсылап жұмсартады.<br>1-кезең. Қоңыр түсті немесе кез келген түсті ермексазды домалақтап, цилиндр формасын келтіреді. Қырларын жұмсартып, домалатады.<br>2-кезең. Сұр немесе кез келген түсті ермексаздан қанатын және аяғын жасайды.<br>3-кезең. Көзі болатын қара түсті кішкентай екі шар жасайды, одан үлкен сары түсті екі шар, одан үлкен екі ақ түсті шар жасап, оларды | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br> | Оқулық, ермексаз, стек, плёнкалы төсеніш, қажетті құралдар, жұмыс дәптері.<br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 минут<br>https://qrmedia.kz/AT4tO | түсіндіріп көрсетеді.<br>Керекті материалдар: ермексаз, стек.<br>1. Қоңыр түсті немесе кез келген түсті ермексазды домалатып, цилиндр формасын жасаймыз. Қырларын жұмсартып домалатамыз.<br>2. Сұр немесе кез келген түсті ермексаздан қанатын және аяғын жасаймыз.<br>3. Көзі болатын қара түсті кішкентай екі шар жасаймыз, одан үлкенірек сары түсті екі шар, одан да үлкенірек екі ақ түсті шар жасап, оларды жалпақтаймыз.<br>4. Жайпақталған фигураларды бірінің үстіне бірін үлкеннен кішісіне қарай жабыстырамыз. Сары түсті ермексаздан пирамида тәрізді тұмсық жасаймыз.<br>Осылайша үкіміз дайын.<br><br>. Қажет болған жағдайда жеке балаға көмек көрсетіледі.<br>**«Досың кім?»** ойыны. | жалпақтайды.<br>4-кезең. Таптағын фигураларды бірінің үстіне бірін үлкеннен кішісіне қарай жабыстырып, сары түсті ермексаздан пирамида тәрізді тұмсық жасайды.<br>Дайын болған бөлшектерді өз орындарына орналастырып, толық көлемді мүсінді жасап шығарады.<br><br>Балалар жасаған жұмыстарын көрсетеді.<br>Оқушылар ойын ойнауға қатысады. | - Пішінін дұрыс жасайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі.<br><br>Оқушылар мүсіндеген заттары бойынша білгендері мен үйренгендерін қорытындылайды. | Цилиндр – бітеу құбыр тектес қысқа фигура. |
| Жеке жұмыс<br>3 минут | **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну | Оқушылар ермексаздан жасаған жұмыстарын көрмеге ұсынады. | **Дескрипторлар:**<br>- Тақтадағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Пішінін дұрыс жасайды.<br>- Түстерін дұрыс таңдай біледі. |  |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>7 минут | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білугедағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* |   |

**Қысқамерзімді жоспар. №33-34 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок | Шығармашылық |
| Бөлім: | Сәндік-қолданбалы өнер |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | |
|---|---|
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Сәндік панно (фетр мата)<br>Ұлттық ою-өрнек пен декор элементтерін зерттеу |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.4.5.1 Сәндік-қолданбалы өнер тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | <u>*Барлық оқушы үшін:*</u><br>Практикалық жұмыста өзіне таныс сәндік әдістерді қолдану. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>7 минут<br><br>**Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Бәріміз бір топпыз,<br>Жалқаулыққа жоқпыз.<br>Аянбай еңбек етеміз,<br>Мұратымызға жетеміз.<br>**(ЖЖ) Жұмыс ережесімен келісу.**<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз!<br>Нақты, дәл жауап береміз!<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>Балалар, бүгінгі сабағымызды Абай атамыздың өлеңімен бастаймыз.<br>Талап, еңбек, терең ой,<br>Қанағат, рақым, ойлап қой,<br>Бес асыл іс көнсеңіз.<br>**«Өткенге шолу» орталығы.**<br>Ø 1. Қолөнер деген не?<br>Ø 2. Шебер дегеніміз кім?<br>Ø 3. Ұста деп кімді айтамыз?<br>Ø 4. Еңбек дегенді қалай түсінесің?<br>Ø 5. Ісмер дегеніміз кім?<br>Ø 6. Зергер деп кімді айтамыз?<br>Ø 7. Өнер дегенді қалай түсінесің?<br>**Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Сәндік панно».** Ұлттық ою-өрнек пен декор элементтерін зерттеу.<br>**(ҰЖ) Талқылайық! Панно** (<u>фр.</u> *panneau*, <u>лат.</u> *pannus* – мата кесіндісі). Панно:<br>1) мүсіндік бейнелер немесе түрлі суреттермен әшекейленген қабырғаның бір бөлігі;<br>2) қабырғаның бір бөлігін немесе үйдің ішкі төбесін әсемдеу мақсатымен салынған кескіндемелік туынды. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар қайталайды.<br><br>Оқушылар мұқият тыңдайды.<br><br>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. | **Дескрипторлар:**<br>- Оқушылар сұраққа жауап бере алады.<br>- Өз ойларын дұрыс жеткізе біледі.<br>- Құрал-жабдық-тарды біледі<br>- Сұраққа жауап береді. | Интербелсенді тақта.<br>Презентация.<br>Бейнелеу өнері сабағына қажетті құрал-жабдықтар: фетр матасы, қайшы, қағаз желімі, қарындаш, сызғыш.<br><br><br>Толығырық <u>«Қазақ Энциклопедиясы»</u>, V том. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ол пайдаланылған материалына (ағаш, металл, қыш, тас, әйнек, мата т.б.) қарай әшекейленеді. Қазақ жерінде күмбезді құрылыстардың қабырғасын өрнекті кірпішпен өріп тұрғызу 11 ғасырдан белгілі. Мысалы, Бабажы қатын (11 ғ.), Қарахан (11 ғ.) және Айша Бибі (11 ғ.) мазарларындағы әшекей өрнектер. Соңғы жылдары **панно** жанрлық жағынан ерекше дамыды.<br>Панно дегеніміз – өнер туындысы. Мәдени орындар мен үй ішін көркемдеу үшін жасалады.<br>1. Икебано – жасанды гүлдер мен табиғи материалдан жасалған панно.<br>2. Түрлі түсті қағаздан жасалған панно түрлері де бар.<br>3. Матадан, лентадан жасалған гүлдер панносы да болады.<br>Панноның экономикалық жобалау кестесіне көңіл аударайық. Өзіміздің қолымыздан жасалған панноға аз шығын кетеді.<br>**Білгенге маржан.**<br>Өнердің өзі қызығушылықтан оянады, қызығушылық – үйрену процесі. Үйрену бұрынғы білім мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Қазақ сурет өнерінің атасы<br>Ә. Қастеев былай деген екен:<br>Өнерді таудың бұлағынан,<br>Қойдың құлағынан,<br>Апамның киізінен,<br>Ешкінің мүйізінен үйрендім.<br>Яғни өнер біздің айналамыздан табылады, олай болса, өнер туындысын жасауға талпынайық.<br>Панно:<br>- материалы қымбат емес;<br>- төзімді, сапалы;<br>- дизайны әдемі;<br>- жасалуы көркем;<br>- жасауға қажетті материалда жеткілікті;<br>- экономикалық шығын аз;<br>- бұйым мөлшері ерекшеліктеріне сай. | | | |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>15 минут<br><br><br><br><br><br>Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>8 мин. | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>1. Алдымен А4 формат фетр матаны дайындап ал.<br>2. Кез келген түрлі түсті фетр матаны алып екіге бүкте.<br>3. Оюдың жарты бөлігін қарындашпен сызып ал.<br>4. Сызықтың бойымен қайшымен кесіп шық.<br>5. Ашып қара, толық оюдың бейнесін көресің.<br>6. Желімді алып, басқа түсті фетр матаның үстіне желімдеп жапсыр.<br>Осылайша екі немесе үш өрнекті бірінің үстіне бірін қабаттап желімде.<br>**(ЖЖ) Ширату тапсырмасы.** «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі. Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін қолданылады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Әсем шеңбер құрайық. | Оқушылар өз тәжрибиесін бөліседі, жанындағы балаға көмектеседі.<br>1. Алдымен А4 пішімді фетр матаны дайындап алады.<br>2. Кез келген түрлі түсті фетр матаны алып, екіге бүктейді.<br>3. Оюдың жарты бөлігін қарындашпен сызып алады.<br>4. Сызық бойымен қайшымен қиып шығады.<br>5. Ашып қарап, толық оюдың бейнесін көреді.<br>6. Желімді алып, басқа түсті фетр | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Оқушылар сұраққа жауап бере алады.<br>- Өз ойларын дұрыс жеткізе біледі.<br>- Панно дегеннің не екенін |  |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ирек, қайнар, құсқанаты<br>Өрнектерін құрайық.<br><br>- Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>- Сабақта не ұнады?<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | матаның үстіне желімдеп жапсырады.<br>Осылайша екі немесе үш өрнекті бірінің үстіне бірін қабаттап желімде.<br>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | біледі. | |

**Қысқамерзімді жоспар. №35 сабаққа арналған ұсыныстар**

| | |
|---|---|
| Блок: | Шығармашылық |
| Бөлім: | Дизайн және сәулет |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Қарындаш салатын стакан (дайын берілген пішінді өзгерту) |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.4.6.1 Дизайн идеяларын шығармашылықпен ұсыну, идеялар мен сезімдерді құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникасы арқылы негізді түрде білдіру |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлық оқушы үшін:*<br>Берілген құрылымдық пішінді түрлендіруді қолдану. Трансформациядағы вариация әдістерін зерттеу. Құрастыру техникасын шығармашылықта қолдану. |
| Құндылықтарға баулу: | Өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br><br>Бәріміз бір топпыз,<br><br>Жалқаулыққа жоқпыз. | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді:<br>Дизайн өнері дегеніміз не?<br>Дизайн өнеріне қандай бұйымдар жатады?<br>Дизайн өнерінің түрлерін белесің бе?<br><br>Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап айтады. | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау<br> | Интербелсенді тақта.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: оқулық, стакан, түрлі түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, сызғыш, маркер.<br><br>Қауіпсіздік ережесі |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Аянбай еңбек етеміз,<br>Мұратымызға жетеміз<br><br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br><br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Қайшыны дұрыс қолдану қажет.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт. | | | жазылған слайд |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Білгенге маржан.** Дизайн (ағылшын тілінен аударғанда «design» – «жобалау») дегеніміз – адамның немесе адамдар тобының, бұйымдардың барлық түрлерін көркем безендіруге арналған әрекеттерінің жиынтығы. Жобалау объектілерді немесе объектілерді жобалау процесінің нәтижесі деп те аталады (мысалы, ұшақтың немесе кітаптың дизайны). Дизайн қазіргі әлемде, әсіресе өнеркәсіптік өндірісте үлкен рөл атқарады. Жобаны әзірлеу процесінде дизайнерлер ең функционалды өнімді жасауға ұмтылып қана қоймайды, сонымен қатар оның эстетикалық тұрғыдан құндылығын да ескереді.<br><br>**Дизайн түрлері**.<br>**Дизайн** – бұл белгілі бір өнімді жасауға бағытталған әртүрлі қызмет процестерінің үлкен санын қамтитын өте көлемді тұжырымдама. Қолдану саласына (тағайындалуына) байланысты жобалаудың келесі түрлері бөлінеді:<br>***Сәулеттік.*** Ол қазіргі құрылыс нормаларын ескере отырып, болашақ ғимараттың немесе құрылымның жобасын егжей-тегжейлі әзірлеуді қамтиды.<br>***Интерьер.*** Ол үй-жайларда адамдар үшін жайлы және эстетикалық тартымды өмір сүру ортасын құруға бағытталған.<br>***Пейзаж.*** Ол сәулеттік, биологиялық және мәдени аспектілерді ескере отырып, аумақты абаттандыруға бағытталған шаралар кешенін қамтиды.<br>***Жиһаз дизайны.*** Тұрғын, коммерциялық, өндірістік үй-жайларға арналған жиһазды әзірлеу бойынша қызметтің барлық түрлерін біріктіреді.<br>***Киім***, аяқ киім және аксессуарлардың дизайны.<br>***Қалалық*** ортаны жобалау. Ол ірі елді мекендердің тұрғындары үшін жайлы өмір сүру ортасын құру, олардың | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Дизайн өнері туралы ақпарат алады, түрлерімен танысады. | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Оқулықтағы берілген ақпаратты түсінеді.<br>- Дизайн ұғымын біледі.<br>- Дизайн түстерін дұрыс айта алады. | Интербелсенді тақта.<br>Презентация<br><br>Дереккөз:<br>https://veryimportantlot.com/ru/news/blog/desi |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көшелер мен алаңдарда қозғалысының жеңілдігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.<br>***Көркем дизайн.*** Интерьермен және жиһазбен тығыз байланысты, ол өнер нысандарын қоршаған ортаға үйлесімді түрде орналастыруға көмектеседі.<br>Дереккөз: https://veryimportantlot.com/ru/news/blog/desi | | | |
| Сабақтың ортасы.<br>Мағынаны ашу.<br>20 минут<br><br>https://qrmedia.kz/aiFrw<br> | **(ЖЖ) Практикалық жұмыс**<br>Мұғалім қарындаш салатын стаканның дайын берілген пішінін өзгерту жолдарын рет-ретімен түсіндіріп көрсетеді.<br>Керекті құралдар мен материалдар: түрлі түсті қатырғықағаз, қайшы, желім, сызғыш, стакан, таспа.<br>Алтын түсті қатырғықағаздан диаметрі 4 см екі дөңгелек қиып аламыз.<br>Ені 5 мм ұзындығы 6 см болатын екі таспа қиып алып, көзілдірік жасаймыз.<br>Сары түсті қатырғықағаздан ұзындығы 3 см шаршы қиып аламыз.<br>Шаршының бір бұрышы мен екінші бұрышының ұштарын біріктіріп, мұрын жасаймыз.<br>Ақ қатырғықағазға күліп тұрған ауыздың суретін сызып, қиып аламыз.<br>Дайын болған бөлшектерді қара стаканға желіммен жабыстырамыз.<br>Қарындаш салатын ыдысымыз дайын болды.<br>Осылайша қарындаш салғыш дайын болды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қане, қанат жазайық.<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Ұшып-ұшып алайық.<br>Орнымызға қонайық | Оқушылар бейнебаянды көріп, тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырып, тапсырманы аяқтайды,<br>Алтын түсті қатырғықағаздан диаметрі 4 см екі дөңгелек қиып алады.<br>Ені 5 мм, ұзындығы 6 см болатын екі таспа қиып алып, көзілдірік жасайды.<br>Сары түсті қатырғықағаздан ұзындығы 3 см шаршы қиып алады.<br>Шаршының бір бұрышы мен екінші бұрышының ұштарын біріктіріп, мұрын жасайды.<br>Ақ қатырғықағазға күліп тұрған ауыздың суретін сызып, қиып алады.<br>Дайын болған бөлшектерді қара стаканға желіммен жабыстырады.<br>Қарындаш салатын ыдысымыз дайын болды. | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br> | Интербелсенді тақта.<br>Оқулық, қажетті құрал-жабдықтар, стакан, түрлі түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, сызғыш, маркер. |
| Жеке жұмыс<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру. «Галерея» әдісі»** Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. | Оқушылар өздері жасаған қарындашқа арналған ыдысты көрмеге ұсынады.<br>**Сергіту сәтін жасайды.** | **Дескриптор:**<br>- Оқулықтағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды.<br>- Дизайн ұғымын біледі.<br>- Дизайн түстерін дұрыс айта алады. | |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | **«Бес саусақ» тәсілі.**<br>Бас бармақ – басты мәселе.<br>*Бүгін сабақта айтылған ең құнды мәселе не?*<br>Балаң үйрек – бірлесу.<br>*Мен сыныпта қалай жұмыс жасадым?* | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс, келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1–10 балдық жүйе бойынша, оқушылардың сабаққа қатысу* | |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Кімге көмек бердім? Кімді риза қылдым?*<br>Ортан терек – ойлау.<br>*Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*<br>Шылдыр шүмек – шынайылық.<br>*Сабақ саған ұнады ма? Неліктен?*<br>Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы.<br>*Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?* | | *белсенділігі бойынша бағаланады.*<br>Оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды. | |

**Қысқамерзімді жоспар. №36 сабаққа арналған ұсыныстар.**

| | |
|---|---|
| **Блок:** | Шығармашылық |
| **Бөлім:** | Дизайн және сәулет |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Болашақ қала (макет)<br>«Макет» ұғымымен танысу. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.4.6.2 Сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, сезімдерін білдіріп бейнелеу |
| Сабақтың мақсаты: | ***<u>Барлық оқушы үшін:</u>*** |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту.<br>5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ)** «Достық шеңбері» – жылулық шеңбері. Оқушылар шеңберге жиналады. Мұғалім ортаға орындық қойып, кез келген балаға отыруды ұсынады. «Күлгін көзілдірікті» киіп (күн сәулесін қорғайтын әйнегі күлгін түсті көзілдірік жарайды), сол арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін көруге болатынын айтады. Оқушылар отырған баланың жақсы қасиеттерін айтады. Оқушылар қалаулары бойынша көзілдірікті кезекпен киіп, ортадағы баланы мадақтайды.<br><br>**Жұмыс ережесімен келісу.**<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз!<br>Нақты, дәл жауап береміз! | Сәлемдеседі. Тыңдайды.<br><br>Оқушылар шеңберге жиналады. Көзілдірікті киіп, ортадағы оқушының жақсы қасиеттерін айтады.<br>Сұрақтарға жауап береді<br>Дизайн өнері дегеніміз не?<br>Дизайн өнерге қандай бұйымдар жатады?<br>Дизайн өнерінің түрлерін белесіңбе? | Әр оқушы жауабынан кейін қол шапалақтап, қошемет жасайды.<br> | Интербелсенді тақта.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: сурет дәптері, түрлі түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, сызғыш, шырын ыдысы. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! | | |  |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>10 минут | **(ҰЖ) Талқылайық!** «Сәулет» ұғымымен танысу.<br>Бейнелеу өнерінің бір түрі – сәулет өнері. Архитектура, сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура латынша *architectura,* ал грекше *architekton,* яғни «құрылысшы» деген мағынаны білдіреді. Адамзат баласы көне заманнан бастап құрылыспен айналысқан.<br>Сәулет өнерінің тарихында өркениет дамуымен байланысты түрлі стильдер пайда болып келген. Әр стиль өзінің көркімен дамып, өзгеруі немесе басқа стильге ауысуы мүмкін. Сәулет өнеріндегі стильдер дәстүрлі түрде тарихи және заманауи болып бөлінеді.<br>Қазақстан сәулет өнерінің көпғасырлық тарихы бар. Ол кейінгі палеолит кезеңдерінен бастау алады. Еліміздің сәулет өнері орта ғасырлардан қазіргі кезеңге дейін дамып келеді. Қазақ даласында мекен еткен халықтар киіз үй жағдайында өмір сүріп келгені де бізге тарихтан белгілі. Киіз үй – әлемдегі өте ертеден бері пайда болған үйлердің бірі. Киіз үйдің ішкі кеңістігі кең әрі дөңгелек болып келеді. Тұрғындардың талғамына сай безендіріліп, жайлы ірі дала тіршілігіне ыңғайлы болып келеді. Киіз үйдің көлемі алуан түрлі. Күнделікті шағын тұрғын киіз үйлер мен хан ордасына дейін төрт қанаттан он алты қанатқа дейін үлкейіп тігілетін болған.<br>**«Модельдеу» ұғымымен танысу.**<br>Модель – кез келген нысанның қарапайым кейпі. Нақты объектіні, процесті немесе құбылысты ықшам әрі шағын түрде бейнелеп көрсету. Модель сәулет өнерінде материалдық немесе ақпараттық түрде жүзеге асырылады. Бір нысанда бірнеше модель болуы мүмкін. Мысалы, | Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.<br>Сәулет өнері туралы ақпарат алады, түрлерімен танысады.<br><br>Сәулет өнері дегеніміз не?<br>Сәулет стильдерінің түрлерін білесің бе?<br>Модель дегеніміз не?<br>Модельдің қандай түрлері бар?<br>Қандай мысалдар келтіруге болады? | **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>- Сәулет ұғымын біледі.<br>- Сәулет стильдерін есінде сақтайды.<br>-.Модель ұғымын біледі, түрлерін дұрыс айта алады. | Интербелсенді тақта. Презентация<br><br><br> |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ғимаратта бірнеше бөлшектердің моделі әртүрлі болып келеді. Терезе, есік, шатыр, сыртқы ұсақ бөлшектердің модельдері әртүрлі материалдардан жасалуы мүмкін. | | | |
| <br>Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу. 20 минут | **Сергіту сәті: «Тиынды тап»** ойыны. Оқушылар шеңбер бойымен тұрады, алақандарын жауып, тиынды салады, сосын тиынды бір-бірінің алақанына салып тұрады, бір оқушы ортаға шығып тиын кімнің қолында екенін табу қажет.<br><br>**(ЖЖ)** Оқушыларға геометриялық пішінді және ерекше салынған ғимараттардың суретін ұсыну. Оқушыларға осы ғимараттардың геометриялық пішіндерін анықтау бойынша тапсырма беру. Оқушылар ғимараттардың пішінін талдап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.<br>**Практикалық жұмыс.** Мұғалім болашық қаланың бірнеше нұсқадағы суретін тақтада көрсетеді. Еркін тақырыпта өз қиялындағы «Болашақ қала» тақырыбында сәулетті ғимаратты құрастыру. Алдын ала дайындап алып келген материалдарды, мысалы, түрлі заттардан босаған қорап, қағаз, қол сүртетін сүлгіден босаған қатырғықағаздардан өз қиялындағы ғимараттарды құрастыру.<br>Практикалық жұмысты бастамас бұрын материалдар және құралдармен жұмыс істеудің техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту. Жұмысты бастамас бұрын қажетті құралдарды дайындап ал. Интербелсенді тақтаға қарап, жұмыстың жасалу жолын түсініп алу үшін бейненұсқаны көріп алуымыз қажет.<br>Алдын ала дайындалған сызба-нобай бойынша шырын ыдысын дайындаймыз. Түрлі түсті қатырғықағаздың бірін таңдап алып, көрсетілген үлгі бойынша шырын ыдысының сыртынан желім жағып, қораптың сыртын орап, бүктеп, жабыстырып аламыз. Желімделген ыдыстың сыртын өзіңнің қалауың бойынша безендіруіңе болады.<br>Терезе, есік, шатырды бояп, суреттерін салып, безендіріп, жұмысты аяқтау.<br>**(ҚЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:**<br>- Жұмыс орныңды таза ұста.<br>- Желімді партаға жақпа.<br>- Тек арнайы жұмыс дәптерінде жаса.<br>- Қайшыны дұрыс қолдану қажет.<br>- Жұмыстан кейін қолыңды сүлгімен сүрт. | Сергіту сәтін жасайды.<br><br>Ғимараттардың пішінін анықтайды.<br>Оқушылар бейнебаянды көріп, тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырып, тапсырманы аяқтайды.<br> | «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.<br><br><br>Шығармашылық жұмыстың сәнді шығуына назар аудара отырып, бірін-бірі бағалау.<br><br>**Дескриптор:**<br>- Дұрыс желімді жағуды біледі.<br>- Ғимарат түстерін дұрыс таңдай алады.<br>- Қайшымен дұрыс қырқуды біледі.<br>- Ғимарат модельдерін өз орындарына дұрыс орналастыра біледі. | <br><br><br>Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жеке жұмыс<br>5 минут | **Көрме ұйымдастыру. «Галерея» әдісі»** Оқушылар жасаған жұмыстарын көрмеге ұсыну. «Шағын қала» көрінісін ұйымдастыру. | Оқушылар қораптан жасаған сәулет ғимараттарын көрмеге ұсынады. | Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну. |  |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия.<br>5 минут | ***Ескерту.*** Егер жұмыс толық аяқталмаса, келесі сабақта толықтыруға болады. Аяқтаған оқушылар өз жұмысы туралы баяндайды.<br>«НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.<br>НЕГЕ? НЕЛІКТЕН? НЕ ҮШІН? сұрақтарына жауап береді. | Оқушылардың жауаптарына толықтырулар енгізіп отыру. | |

**Глоссарий**

1. Акварель – құрамында суға еритін желім қосылған түрлі түсті бояу.
2. Гуашь – желім мен ақ сыр қосылып, суға ерітілген бояу. Қағазға, жібекке т.б. материалдарға сурет салу үшін қолданылады.
3. Натюрморт – бейнелеу өнері жанрының бірі; қоршаған ортадағы бір құрылымға топтастырылған түрлі тұрмыстық заттар мен жеміс-жидектерді, өсімдіктер, тағамдарды бейнелеу.
4. Портрет – бейнелеу өнерінің жанры, адам бейнесінің живопись яки графика түріндегі бейнесі.
5. Пейзаж – белгілі бір жердің, мекеннің, табиғаттың көрінісі. Тақырыпты толығырақ ашу үшін пейзаж кескіндеме жанрының басқа түрлерінде де (портрет, баталия жанры т.б.) қолданылады.
6. Жанр ( француздың *Qenre – түр* немесе *тек* сөзінен шыққан ) – бұл көркем шығарманы бейнелі композициялық ұйымдастыру формасы болып табылады.
7. Стиль – өзіндік идеялық-көркемдік бірлік, соның арқасында суретшілер белгілі бір тақырыптар мен арнайы көрнекі құралдарға артықшылық беретін құбылыс.
8. Анималистік жанр (хайуанат деген сөзінен шыққан) – графикадағы, кескіндемедегі, мүсіндегі жан-жануарлар бейнеленетін мәнер. Алғашқы қауымдық өнердегі жартас кескіндемесінен жануарлар бейнесін байқауға болады.
9. Баталия жанры – шайқас жанры, бейнелеу өнерінің әскери өмірге, соғыс тақырыптарына арналған саласы. Баталия жанры тарихи және тұрмыстық жанрлармен тығыз байланысты.
10. Мотив – (тақырып) – шағын құрылым, үзінді.
11. Рельеф – тек бір жағынан қарағанда жақсы көрінетін, жазық беттегі мүсіндік бейне. Рельеф екі түрге бөлінеді фигуралар фонның жазықтығынан өз көлемінің жартысынан аз шығып тұрса *барельеф* деп, ал фигуралар жартысынан көбірек шығып тұрса *горельеф* деп аталады.
12. Барельеф – бедерлі мүсіннің бір түрі. Барельеф ауқымды кескін әрі техникалық негіз әрі фон болып табылатын тегіс бетке салынады.
13. Иллюстрация – бұл бір нәрсені суреттейтін, түсіндіретін сурет.
14. Палитра – белгілі бір суретшіге немесе картинаға тән бояу түрлерінің үйлесім табу үшін пайдаланылатын тақтайша.
15. Мозайка – жылтыр тас, қыш тас, шыны сынықтарынан құрастырылған ою-өрнек, сурет-бейне (инкрустация), байырғы өнер саласы.


*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

16. Өнер – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.
17. Графика – тырнау, жазу, салу деген ұғымды білдіреді.
18. Композиция – *құрастыру, көркем шығарма.*
19. Станокты живопись – белгілі қағазда, картонда, кенепте, тұғыр (станок) үстінде орындалатын живопись.
20. Монументальды живопись – белгілі сарай, ғимараттардың іші-сыртын безендіру үшін қолданылатын живопись. Роспись, мозаика, фреска т.б.
21. Көркемдік әдіс (грек тілінде –зерттеу жолы) – суреткердің өзі танып білген ақиқат дүниеге шығармашылық қарым-қатынасының жалпы ұстанымы.
22. Реализм (шынайылық, шыншылдық) – әдебиет пен өнерде өмір құбылыстарын шынайы қалпында, нақтылық белгілерін сақтай отырып, жинақтап бейнелейтін көркемдік әдіс.
23. Гравюра – тақта, ағаш, линолиум бетіне арнаулы аспаптармен ойып істелетін сурет салу өнері.
24. Ксилография – ағаш бетінде орындалған сурет.
25. Литография – тегіс орындалатын гравюра.
26. Офорт (азот қышқылы) – оймыш гравюраның бір түрі. Офорттың баспалық нұсқасын даярлауда металл (мыс, мырыш, қорғасын, болат т.б.) пластинка тақтайшалар қолданылады.
27. Бейнелеу өнері – дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы.
28. Кескіндеме – бейнелеу өнерінің бір саласы, белгілі бір заттың бетіне (кенеп, ағаш, қағаз т.б.) бояу арқылы салынатын көркем шығармалар атауы.
29. Сәулет – құрылыс өнері; жобалау және құрылыс салу өнері.
30.Мүсін (латын тілінен аударғанда – шекимін, қашаймын) – бейнелеу өнерінің бір түрі.
31. Горельеф (дөңес бедер) – мүсін өнерінің бір түрі. Горельефте бейне бедері жазықтықтан көтеріңкі жасалады.
32.Сәнді қолданбалы өнер – сән өнерінің бір саласы, тұрмысқа қажетті көркем, жиһаздық заттарды жасайтын шығармашылық түрі.
33. Аппликация – бейнелі көріністерді басқа материалдар қиындысымен әрлеу, безендіру тәсілі.
34. Гравюра – графика өнерінің бір түрі, тақтаға бедерлеп салған суреттің қағазға түсірілген көшірмесі.
35. Коллаж (жапсыру, желімдеу) – бейнелеу өнеріндегі техникалық әдіс, кубизм, футуризм суретшілерінің шығармашылық ізденісі кезінде пайда болған бейнелеу өнерінің бір тәсілі.
36. Дизайн – көркемсурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атауы.
37. Иллюстрация – кітап мазмұнына, ертегілерге арналып салынған сурет.
38. Миниатюралық живопись – кітап мазмұнына байланысты шағын көлемді материалда орындалатын сурет. Негізінен, кітап көркемдеуде басты орын алады.
39. Монотипия – грек тілінен monos – «жеке», «дара» деген мағына білдіреді.
40. Абстракция – көркем ой операциясын, заттардың бірқатар қасиеттерін ойша дерексіздендіріп, қандай да болса бізге керек қасиетін бөліп қарауды білдіреді.
41. Сурет – станокпен кескіндеменің дербес, дайын жұмысы. Суретті суретші мольбертте (станокта) қолмен жасайды.
42. Макет (латын тілінен аударғанда *compono – жасаймын*) бейнелеу өнеріндегі болашақ бейненің элементтерін парақ немесе кенепте бөлу, яғни оның жеке элементтерінен заттай берілген біртұтас тұтас бейнені құрастыру.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

43. Витраж (француз тілінен аударғанда – терезе шыны) – түрлі түсті боялған шыныдан жасалған кескіндемелік немесе сәндік өнер туындысы.
44. Бюст – бейнелеу өнерінде: адамның кеуде бейнесі түріндегі дөңгелек мүсін туындысы.
45. Контраст – жалпы шығарманың мәнерлілігін арттыру үшін бейненің жеке бөліктері мен ерекшеліктерінің қарама-қарсылығына, айырмашылығына негізделген бейнелеу өнеріндегі көркемдік әдіс.
46. Барельеф (франц. *bas-relief – аласа рельеф*) – бейнеленген фигуралар мен заттар кескін жазықтығынан олардың көлемінің жартысынан аспайтындай шығып тұратын дөңес рельеф түрі (қараңыз).
47. Автопортрет – суретшінің өзі жасаған бейнесі. Портреттің ерекше түрі.
48. Аквантита (итал. aquatinta; латын тілінен aqua – су, tinta – түс) – металға тереңдетіп оюдың техникалық түрі (қараңыз).
49. Тұрмыстық жанр – күнделікті өмірдегі оқиғалар мен көріністерге арналған бейнелеу өнерінің саласы.
50. Алла Прима – ылғалды бояу.
51. Пластикалық (бейнелеу) өнер – көрнекі түрде (көру арқылы), кейде сезіну арқылы қабылданатын өнер түрі, олардың туындылары уақыт өте келе дамымайды. Бейнелік (шынайы дүниені көрсететін) және бейнелі емес (қолданбалы қызмет атқаратын – адамдардың заттық іс-әрекетімен байланысты) пластикалық өнер түрлері бар.
52. Анималистік жанр (лат. animal – жануар) – жануарлар бейнесіне арналған бейнелеу өнерінің жанрлық алуан түрі.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

Все учебники Казахстана ищите на сайтах OKULYK.COM и OKULYK.KZ

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. «Изобразительное искусство для детей. Виды и жанры изобразительного искусства». Сокольникова Н.М., Ломов С.П. Книга для семейного чтения и творческого досуга. – Издательство АСТ. «Астрель», Москва, 2009.
2. Көркем еңбек. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. В. Ермилова, С.С. Козина, С.В. Попкова. – Алматы, Мектеп 2021.
3. Көркем еңбек. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-сынып оқушыларына арналған оқулық. Н.А. Королькова, С.А. Жолдасбекова, Д.П. Мадиева – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2022.
4. Көркем еңбек. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. Н.А. Раупова, Ә.Т. Төлебиев, Е.Д. Дашкевич. – Алматы: Атамұра, 2018.
5. «Цвет и линия». Ю. Аксенов, М. Левидова. Практическое руководство по рисунку и живописи. Москва, «Советский художник», 1976.
6. Көркем еңбек. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық . Н.А. Раупова, Ә.Т. Төлебиев, Е.Д. Дашкевич. – Алматы: Атамұра, 2019.
7. Роджер Эрб, Стефан Зелевский. «Цвет и свет». Энциклопедия. Издательство «Мир книги», 2007.
8. Көркем еңбек. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық (ұл балаларға арналған нұсқа) В.Г. Чукалин, Н.К. Тулеуов, Х.К. Танбаев – Көкшетау, Келешек–2020 баспасы, 2021.
9. Кастерман Ж. «Живопись». Рисуй и самовыражайся. Детское справочное бюро. Издательство АСТ. «Астрель», Москва, 2002.


**Интернет-ресурстар:**


1. https://www.trims.edu.az/noduploads/book/quot-izobrazitelnoe-iskusstvo-quot-tasviri-incasanat-fanni-uzra-1-ci-sinif-ucun-metodik-vasait-1634541407-133.pdf
2. https://www.1urok.ru/categories/10/articles/14386
3. https://www.youtube.com/watch?v=wienjjhp7ic
4. Qrmedia.kz/9KxUk
5. Қазақтың ұлттық кілемдері (freepapers.ru)
6. https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/kino/suret/58106/?ysclid=ldr7cr3da773968219
7. ttps://infourok.ru/poztozdi-keskindeme-kompoziciyali-ortali-ozalis-seruen-atti-tairipa-suret-salu-klass-2547291.html?ysclid=ldrao5leq4485908114
8. https://www.youtube.com/watch?v=tObAYSGANBY
9. "Қазақ халқының көне ыдыс-аяктары" (kopilkaurokov.ru)




*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217